

БЕКІТІЛДІ:  
№1 педагогикалық кеңесте  
ТОО «Хан-Тәңірі-7» «Баладан» балабакшасы  
менгерушісі: Айдарханова Э.С.



**2022-2023 оқу жылына  
арналған вариативтік  
компоненттің  
перспективалық жоспары  
«Ақкөгершін» МАД тобы**

## **Тұсініктеме**

Қазақ халқының ерте заманда жасаған мәдени мұрасының бір түрі – халық ауыз әдебиеті.

«Ел болам десең – бесігінді түзе» деген ұлы дана жазушы Мұхтар Әуезов. Ал бесіктен басталатын тәрбиенің бірден-бірі халық ауыз әдебиеті.

Қазақ халқының ғасырлар бойы жинаған ауыз әдебиеті ұрпақтапан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан халық шығармашылық ғажайып ертегілері, бесік жырлары, шешендік сөздері, аныз әңгімелері, айтыс, тыйым сөздер, мақал-мәтел, жұмбақтар, жаңылтпаштар тәрбие әліппесі, өнер көзі.

Ауыз әдебиеті нұсқалары өзінің жасырын сырымен, көркем де күлдіргі бейнелі, ойнақы сөзімен баланы өзіне қызықтырып, еліктіре баурап алатыны, ғажайып дүние әлемімен таныстыратыны ежелден-ақ мәлім, бірақ осы асыл мқра педагогикалық белгілі мақсатқа қолданғанда ғана нәтижелі болмақ.

Қазақ ауыз әдебиеті нұсқалары жас бөбектердің ой-өрісін дамытуға, қиялын шарытатуға, тіл байлығын молайтуға, дүниетанымын кеңейтуге, балаларды адамгершілікке, тапқырлыққа, еңбекке баулиды.

Қазіргі өркендерген заманымызға сай қазақ халқының рухани байлығы мол, өз тілін жетік білетін, ұлттық құндылықтарымыздың қадір-қасиетін жете түсінетін бүлдіршін тәрбиелеу – отбасы және балабақша міндеттері.

Бұл бағдарлама болашақ ұрпақтың өз еліне, жеріне, туған тіліне, халқына деген сүйіспеншілігін мен мақтаныш сезімін ұялатып, туған өлкеге деген сүйіспеншілігін арттырып, қиялдарын қанаттандырып, ұлттық рухты бойларына сініріп, қазақ елінің өркендеуіне өз үлесін қосары сөзсіз.

## **Kіріспе**

Қазақ халқының ерте заманда жасаған мәдени мұрасының бір түрі – халық ауыз әдебиеті.

«Ел болам десен – бесігінді түзе» деген ұлы дана жазушы Мұхтар Әуезов. Ал бесіктен басталатын тәрбиенің бірден-бірі халық ауыз әдебиеті.

Қазақ халқының ғасырлар бойы жинаған ауыз әдебиеті ұрпақтапан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан халық шығармашылық ғажайып ертегілері, бесік жырлары, шешендік сөздері, аңыз әңгімелері, айтыс, тыйым сөздер, мақал-мәтел, жұмбақтар, жаңылтпаштар тәрбие әліппесі, өнер көзі. Ауыз әдебиеті нұсқалары өзінің жасырын сырымен, көркем де құлдіргі бейнелі, ойнақы сөзімен баланы өзіне қызықтырып, еліктіре баурап алатыны, ғажайып дүние әлемімен таныстыратыны ежелден-ақ мәлім, бірақ осы асыл мқра педагогикалық белгілі мақсатқа қолданғанда ғана нәтижелі болмақ.

**Бағдарламаның мақсаты:** Ұлттық мерекелер мен тойлардың да тәрбиелік мәні зор. "Шілдехана тойы", "Тұсай кесер", "Атқа мінгізу", "Наурыз тойы" тағы баска тойлар мен мерекелер баланы шаттыққа бөлейді. Тойдың болғанынан боладысы қызық деп, халық тойға дайындық кезінде баларды өнерге ынталандырып, еңбекке баулиды, салтанатты салттарды қайта өткізу жолдарын үйретеді. Әuletтік тағылымдар мен тәжірибелер бір атадан тараған әuletтік тұрмыстық әuletтік, әдептік өзгешеліктері болып табылады.

### **Бағдарламаның міндеттері:**

**Білім беру:** Мектеп жасына дейінгі бала тұлғасын қалыптастыруды, оны жан-жақты дамытып тәрбиелеуде үлгі-өнеге болатын ұлы ғұламалар мен хандар, билер, батырлар, классик ақын-жазушылар, ағартушылар, өнер адамдары өмірімен олардың жасаған туындыларын таныстырып, ерлік істерін үлгі ету, мақтаныш сезімдерін ояту

**Дамыту:** Тұыстық қарым-қатынастар, тұыстық атаулар мен жеті ата туралы түсінік беру. Айналадағы қоршаған адамдардың іс-әрекетін бағалап, жылы шырай білдіру, сыпайы сөйлеу, әдептілік сақтау, достық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруды дамыту.

**Тәрбиелік:** Тәрбиеленушілерді халықтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын құрметтеуге, бағалауға тәрбиелеу

### **Күтілетін нәтижелер:**

**Білу:** Қазақ халқының салт-дәстүрлерін, олардың маңыздылығын біледі.

**Игеру:** Балаларды жаңа салт-дәстүрлермен таныстыру, көркем сөйлеуге үйрету.

**Менгеру:** Мектепке дейінгі ұйымда мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ этнопедагогикасы негізінде ұлттық тәрбиені бойларына сіңіріп, менгерту.

### **Әдістемелік қамсыздандыру.**

- 1) Көрсету-түсіндіру;
- 2) Ертегі ;
- 3) Тақпактар;

- 4) Жұмбақтар;
- 5) Мақал-мәтелдер.

## **«Ел болам десең бесігінді түзе » вариативтік компонентінің күнтізбелік жоспары**

<b>№</b>	<b>Тақырыптар</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Сағаты</b>	<b>Күні</b>
1	Бесікке бөлеу	Ұлттық құндылықтардың бірі – бесік туралы білімдерін кеңейту, оның ерекшеліктерімен таныстыру.	1	
2	Әлди-әлди ақ бөпем	Балалардың ойын тілін, эстетикалық білімін дамыту. Бөбекке деген сүйіспеншілігін қалыптастыру.	1	
3	Бата беру	Бала тілін дамыту, батаның адам өміріндегі маңыздылығын үғындыру.	1	
4	Тұсау кесу	Балаларға тұсау кесу рәсімінің маңыздылығын үғындыру.	1	
5	Қаз-қаз бас	Балаларға тұсау кесу рәсімінің маңыздылығын үғындыру.	1	
6	Атқамінер тойы.	Атқамінер тойы туралы түсінік беру.	1	
7	Жұмбақтар	Баланың ойлау қабылетін дамыту, тапқырлыққа баулу.	1	
8	Ертегі еліне саяхат.	Ертегі көрінісі арқылы балаларды достық сезіміне тәрбиелеу, тақпак, жұмбақтар айту арқылы тілін, білімін жетілдіру.	1	
9	Жұмбақта да, суретте	Бала тілін дамыту, өз ойын жеткізе білуге үйрену.	1	
10	Қазактың ұлттық оюлары	Қазактың ұлттық оюлары туралы жалпы түсінік беру. Оюлардың түрлерімен таныстыру. Оюлардың атауларын білу.	1	
11	Туған жер, Отан туралы мақал - мәтелдер	Отанды сүюге тәрбиелеу. Патреоттық сезімдерді тәрбиелеу.	1	
12	Еңбек етсең ерінбей... еңбек туралы мақал -	Еңбекке тәрбиелеу.	1	

	мәтелдер			
13	Өтірік өлеңдер	Бала қиялын, дұниетанымын кеңейту.	1	
14	Жаңылтпаштар	Бала тілін ширату, сөздік қорын молайту.	1	
15	Шешендік сөздер	Шешендердің дуалы сөздерімен таныстыру.	1	
16	Қазақтың үш биі	Қазақтың үш биі туралы мағлұмат беру.	1	
17	Аңыз әңгімелер	Аңыз әңгімелер туралы мағлұмат беру.	1	
18	Жетіқарақшы туралы аңыз	Аспан әлемі, жұлдыздар туралы білімін молайту.	1	
19	Корқыт ата туралы аңыз	Корқыт атадан қалған – қобызбен таныстыру, оның әуезді үнімен сусындану.	1	
20	Тыйым сөздер	Тыйым сөздердің мағынасын ұғындыру.	1	
21	Жеті қазына	Жеті қазынамен таныстыру.	1	
22	Армысың, әз Наурыз!	Наурыз мерекесі туралы мағлұмат беру.	1	
23	Ұлыс оң болсын!	Наурыз көже жайлы білімдерін кеңейту.	1	
24	Тұрмыс- салт	Тұрмыс-салтпен таныстыру.	1	
25	Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш	Балаларға Ы.Алтынсаринның «Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» әңгімесін оқып беру. Үлкендерді сыйлауға, адамгершілікке, еңбеккорлыққа тәрбиелеу.	1	
26	Үкілі домбыра	Балаларды ұлттық аспап домбыра және оның құрылышымен таныстыра отырып, танымдық қабілеттерін жетілдіру. Қазақтың ұлттық құндылықтарын бағалай білуге, мақтан тұтуға, құрметтеуге тәрбиелеу.	1	
27	Халқымыздың батырлары	Балаларға батырлық, ерлік туралы түсінік беру. Бала бойында батырлық, жігерлік, қасиеттерді қалыптастыру.	1	
28	Ерте, ерте,	Ертегілер туралы мағлұмат беру.	1	

	ертеде...			
29	Ұлттық ойындар.	Ұлттық ойындар арқылы балланың қимыл-қозғалысын дамыту, ептілік, тез шешім қабылдау, жылдамдық, төзімділікке баулу	1	
30	«Бес ешкі» ертегісі	«Бес ешкі» ертегісі оқылып мазмұны ашылады. Ертегіні тыңдай отырып баланың қиялын дамыту және байланыстыра сөйлеуін қалыптастыру. Суреттер арқылы балалардың тілін, ой-өрісін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	1	
31	«Алдар Көсе мен бай» ертегісі	Балаларға Алдар Көсе туралы түсінік беру. Ертегі бойынша қойылған сұрақтарға дағдыландыру. Ертегі мазмұнын өз қиялымен баяндауға диалогты сөйлеуге үйрету. Есте сақтау қабілетін тіл байлығын ой-өрісін дамыту. Рөлдерге бөліп ойнауға үйрету.	2	
32	«Тұлқі мен қоян» (ертегі)	Ертегіні сурет бойынша әңгімелету, жағымды-жағымсыз кейіпкерлерді өздігінен ажыратада білуге үйрету; ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін сезінуге, өз ойларын жеткізе білуге дағдыландыру; балаларды адамгершілікке, андарға қамқор болуға тәрбиелеу.	1	
33	Алдар көсе мен Шықбермес Шығайбай (қазак халық ертегісі)	балаларды ертегінің мазмұнымен таныстыра отырып, мағынасын айтып түсіндіру, ертегінің тіл ерекшелігін, көркем сөздерін түсіну, ойлау әрекетін дамыту, ертегінің басты кейіпкерлерінің мінезд-құлқына баға бере отырып, өз ойларын жеткізе білуге үйрету, балаларды адамгершілікке,	1	

		имандылыққа мейірімділікке тәрбиелеу.		
34	Әжемнің ертегілері	Балалардың ертегі түсініктерін кеңейту, тілдерін дамыту. Ертегі кейіпкерлерін сахналап үйрену.	1	
35	Сиқырлы тон (казақ халық ертегісі)	Балаларды қазақ ертегілерімен таныстыруды жалғастыру. Тапқырлыққа тәрбиелеу, балалардың ертегі тындауға деген қызығушылықтарын арттыру, сөздік қорларын дамыту.	1	

**Барлығы 36 сағат**

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Бесік бөлеу»

**Мақсаты:** Бесік туралы жалпы ұғым беру. Бесік жабдықтарының атауымен таныстыру. Жұбату әндеріне түсінік беру. Салт-дәстүрдің бүгінгі күнде қолданылуы, пайдасы, сұрақ-жауап арқылы тіл байлығын дамыту. Ұлтжандылықты, өнегелі сөздерді бойына сіндіру, бөпеге деген сезімді өз ана тілінде жеткізу, қамқорлық танытуға тәрбиелеу.

**Полингвальді компонент:** Бесік-колыбель-cradle, әже-бабушка-grandmother, бөпемалыш-kid

**Сөздік жұмыс:** Сөздерді мағынасы бойынша дәл қолдана білу, анық айтып, өз ойын дұрыс құрылған сөйлемдер арқылы жеткізу.

**Көрнекілік құрал:** Ұлттық бұрыш. Бесік жабдықтары. Ұлттық киімдер (буклеті).

Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызу. Жылды лебіздер айтқызу. Балалар, бүгінгі оку қызыметімізді ойын түрінде өткіземіз. Қызықты болу үшін мен қонаққа әжейді шақырдым. Әжейдің киімі қандай әдемі, біз суреттерден, теледидардан көріп жүргендей. Көзір апаларың үлай киімбейді. Тақтадағы суреттерге қарайықшы (Ұлттық киімдер).

Балалар, бүгінгі күні көбімізді апаларымыз тәрбиелеп отыр, өйткені мамаларың жұмыста, сондықтан да сендерге сеніп апаларыңың қасына тастап кетеді. Себебі, үлкендер өте ақылды, бізге үйретері көп, бізге бар мейірімін береді, бізді жақсы көреді. Бізде кішкентай бөле болдық, сол кезден апаларымыз бізді тәрбиелеуді мамамызға үйреткен. Бүгін әже бізді бесікпен таныстырады. Әжей балаларға бесіктің қолданылу тәртібі жайлы түсінік береді.

Бесік жабдықтарының атауларымен таныстырады.

Әже таныстыра отырып, бесікті іс жүзінде қалай пайдалану керектігін көрсетеді.

-Енді, бесікті жайлаптербете отырып, жұбату, әндерін айтамыз. Олар өте көп, себебі қазақ бар жақсыныбалаларға арнаған.

**Қорытынды**

Бүгін өте қызықты күн болды, көп нәрсе үйрендік. Енді, ойын ойнауға дайындалайық.

Әжейдің айтқанын есте түсірейік.

Дәо «Тез ойла, сөз ойла»

**Мақсаты:** Бесік жабдықтарының атауын еске сақтау, тапқырлық, шапшандыққа баулу.

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Бесік туралы, бесік жабдықтардың атауларын білді.

**Түсінеді:** Жұбату әндерін салт—дәстүрінің түсінігін игерді.

**Қолданады:** Ұлтжандылықты, қамқорлықты, өнегелі сөздерді бойына сінірді.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Әлди-әлди ақ бөпем!

**Мақсаты:** Бесік жырлары туралы жалпы түсінік беру. Балалардың ойын, тілін, эстетикалық білімін дамыту. Бөбекке деген сүйіспеншілігін қалыптастыру.

**Полингвальді компонент:** Бесік-колыбель- cradle, бөпе-малыш- kid

**Сөздік жұмыс:** Бесік жыры.

**Көрнекілік:** Бесік, бесік жыры жинағы.

**Шаттық шеңбері:**

Армысыз, алтын күн!

Армысыз, қайырымды

Аспан-Ата!

Армысыз, мейірімді Жер-Ана!

Күліп шықты күн бүгін!

Қуанайық, шаттанайық бәріміз.

-Балалар, өткен сабакта «бесікке салу» тақырыбымен таныс болдық. Төле би атамыз айтқандай: «Баланың бесігі-кең дүниенің есігі»-деген екен.

Өткен оқу қызметіміздегі «Бесікке бөлеу» тақырыбын еске түсіруін ұсыну.

-Бесіктің құрал-жабдықтарын атандар?

- Ал, енді мен сендерге жұмбақ жасырам.

1. Сәбиге сәнді үй-әжеге ән мен күй.

2. Бесікке іледі,

Әнінде, дәмінде сәбілер біледі.

-Енді бесікті алып Әйгерім қуыршақты бесікке бөлейік.

Бесік жырлары туралы әңгімелеп беру.

Балаларға деген ана маҳаббаты «бесік жырлары» арқылы берілген. Ана бебегін бесікке бөлерде ең алдымен жырын айтады. Онда ана өзінің баласына деген сүйіспеншілігін:

Мойнымдағы маржаным,

Қорадағы мал-жаным.

Бесігіңе жатағой,-

Тәтті үйқыға батағой,- деп білдіреді.

Балам жатсын бесікте

Пәлесі қалсын есікте, - деп пәле-жаланы өлеңмен аластайды.

Бесікке бөлеп болған соң оны тербетіп үйкітату керек, жәй ғана тербетпейміз оған бесік жырын айтып береміз.

Әлди-әлди ақ бөпем,

Ақ бесікке жат бөпем.

Жылама бөпем, жылама,

Жілік шағып берейін.

Бай құтанның құйрығын

Жіпке тағып берейін

Жаудыраған көзіңнен

Ұйықтай қойшы, бөпешім

Әлди-әлди, әлдиді,

**Әлди біздің қалғиды.**

**Қорытынды.**

Балалардан сұрақ-жауап алу арқылы оқу іс-әрекетті қорытындылау. Белсене қатысқан балаларды мадақтау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Бөпеге деген сүйіспеншілік қалыптасты.

**Тұсінеді:** Бесік жыры туралы жалпы тұсінік алды.

**Қолданады:** Бесік жырын мәнерлеп жатқа айтуға .

**Күні:**

**Тақырыбы:** Бата беру .

**Мақсаты:** Балаларға батаның адам өміріндегі маңыздылығын ұғындыру.Грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуге баулу.Елге сүйспеншіліктерін арттырып, салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.

**Полингвальді компонент:** Бата беру- благословение- blessing, салт-дәстүр- обычье-traditions

**Сөздік жұмыс:**Бата беру, салт-дәстүр.

Шаттық шеңбері.

Куан, шаттан, алақай,

Куанатын күн келді.

Қайырлы таң! Қайырлы күн!

Күліп шықты күн бүгін!

-Балалар, бүгінгі оқу қызметіміздің тақырыбы «Бата беру»

-Балалар, үйге қонақ келсе міндетті түрде аналарымыз дастарқан жайып күтеді.

–Енді ән тыңдайық

Ән: «Дастарқан». – Балалар, әнде не туралы айттылған?

-Иә, дұрыс айтасындар дастарқан мерекелі, берекелі деген.

Көркем сөз:

Алға жайып тұз- дәмін,

Келтіреді үй сәнін.

Ол халқымның ақ наны.

Кең пейілді арайлы ,

Осы жерден тарайды. -Дастарқанға бірінші қойылатын қасиетті тағам – наңды қояды. Әрдайым ас ішіп болғанда бірінші тұрып кетпеу керек. Үлкендерді күту қажет. Асты ішіп болғансон үйдің үлкен адам ас қайтарып бата береді. Батаны алғаш рет мектеп табалдырығын аттар алдында, алысқа шығар алдында, екі жас отбасын құрғанда береді. Көбіне батаны үлкен ақсақал аталар, асыл әжелер береді. Батаны тыңдағанда алақанды жаю керек. Бата соңында бетті сипайды, яғни қабыл болсын дейді.

Нақыл сөз оқу.

«Бата мен- ел көгерер.

Жаңбырмен – жер көгерер» -демекші үлкендерден көп бата алсаңдар жолдарын ашық, бақытты боласындар, батада бар жақсылықты айтады.Бұл біздің салт-дәстүріміз. «Жақсы сөз,жағым ырыс» яғни жақсы сөз айтсаң бәрі жақсы болады. –Енді мен сендерге бата оқып берейін сендер қолдарынды жайындар.

**Қортынды**

-Балалар, оқу іс-әрекетіміздің тақырыбы қандай? –Батаны кімдер береді?

Батаны қай кезде береді?-Жарайсындар,балалар. Енді мен сендерге үй тапсырmasын берем. Бата беру сөзін жаттаң келеміз. Балаларға бата беру сөзін таратып беру.

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Батаның адам өміріндегі маңыздылығын

**Түсінеді:** Батаның қай кезде беретінін

**Қолданады:**Елге сүйспеншілік, жақсы сөйлеу, жақсы сөздер айту.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Тұсау кесу.

**Мақсаты:** Балаларға халқымыздың ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан салт-дәстүрінің бірі тұсау кесу рәсімінен таныстыру, тұсау кесу жырының маңыздылығын түсіндіру, салт-дәстүрді құрметтеуге, адамгершілікке, мейірімділікке, тазалыққа үйрету.

**Сөздік жұмыс:** Тұсау кесу жыры, ала жіп.

**Полингвальді компонент:** Салт-дәстүр-традица- traditions .

**Көрнекіліктер:** Тұсау кесу рәсімінің суреттері.

Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызу. Бір-біріне жылы лебіздерін айтқызу.

-Балалар, біз өткен оқу қызметімізде бесікке бөлеу рәсімімен таныстық. Ал бүгінгі оқу қызметімізді тақырыбы: халқымыздың салт-дәстүрлерінің бірі – тұсау кесу. Әдетте сәби аяғын тәй-тәй басып жүре бастағанда оның тұсауын кеседі. Ата-әжелеріміз бұл ырымға қатты көңіл бөлген, өйткені баланың болашақтағы жолы, аяқ алысы жақсы, нық болу осы тұсау кесуге байланысты деп шешкен.

Баланың тұсауы ала жіппен кесіледі. Ала жіппен тұсау кесу баланың келешекте ешкімнің ала жібің аттамай, адал болып өссін деген ниеттен туған. Шашу шашылып, ән айтылады. Сәбиді жүргіріп, жүргізеді. Барлық ырымдары жасалады. Бүгінгі бізге қонаққа әже екі келінімен және немересімен келді. әжеміз немересінің тұсауын кесіп, бұл рәмізді бізге толығымен көрсетіп, түсіндіру береді.

**Қорытынды**

Балаларға сұрақтар қою. Мадақтау кезеңі.

**Қүтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Тұсау кесудің бала өміріне маңызын.

**Түсінеді:** Тұсау кесуді не үшін жасау керек екенін түсінеді

**Қолданады:** Салт-дәстүрге құмбетпен қарайды.

**Күн:**

**Тақырыбы:** Қаз- қаз бас... (тұсаукесер жырын жаттату ).

**Мақсаты:** Балаларға тұсаукесер жырының мағынасын түсіндіру. Балаларды имандылыққа, бауырмалдыққа тәрбиелеу.

**Полингвальді компонент:** Салт-дәстүр-традиция- traditions, қадам-шаг- step

**Сөздік жұмыс:** Тұсаукесер жыры.

**Көрнекіліктер:** Тұсаукесерге арналған жіп.

Шаттық шеңбері.

Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызу, бір-біріне жылы лебіздерін айтқызу.

Тұсаукесу халқымыздың салт-дәстүрінің бірі екенін білдік. Бала 1 жасқа толғанда, қаз тұрып жүре бастайды. Осы кезде ауылдағы әжелер мен қыз-келіншектер жиналышп, ойын-той жасап шаруаға икемді, пысық, еңбек сүйгіш бір келіншекке жас баланың тұсауын кестіреді. Тұсаукесуші әйел жүре бастаған баланың аяғына ала жіппен тұсау салып жатып:

Қаз-қаз, балам, қаз, балам,

Қадам бассаң мәз болам.

Күрмеуінді шешейін,

Тұсауынды кесейін.

Қаз-қаз, балам, қаз балам,

Тақымынды жаз, балам...

Тай-құлын боп шаба ғой, Озып бәйге ала ғой, - деп өлеңдете отырып ала жіпті қайшымен қияды да, баланы 3-4 қадам жүргізеді. Тұсаукесер тойындағы тілек-ниет-баланың өмірге аттаған қадамын құптау, жақсы тілек тілеп, елге қадірлі азамат болсың дегенді білдіруден туган. Міне, балалар тұсаукесер жырымен таныс болдық. Енді осы тұсаукесер жырын жаттап алайық, деп тұсаукесер жырын жаттату.

Д/о: «Ойлан да аяқта».

Шарты: тәрбиеші сөз тіркестерін айтады, балалар сөйлемді аяқтайды.

Мысалы: ат шабады, ал қарлығаш ....

Қозы .....

Сиыр .....

Мысық .....

Ит .....

**Қорытынды**

-Жарайсындар балалар, тұсаукесер жырын жаттап, ойын да ойнадық. Бәрін де белсене қатысып, ойынды қызықты ойнадындар.

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** тұсаукесу рәсімінің маңыздылығын.

**Түсінеді:** халқымыздың салт-дәстүрін құрметтеу.

**Қолданады:** тұсаукесу жырын үйренеді.

## **Күні:**

**Тақырыбы:** Атқамінер тойы.

**Мақсаты:** Атқа мінер тойы туралы жалпы түсінік беру. Балаларды адамгершілікке, жауапкершілікке, ер мінезге тәрбиелеу.

**Билингвльды компонент:** Тілек-пожелание, бата-благословение.

**Сөздік жұмыс:** Атқамінер тойы.

**Көрнекіліктер:** Дидактикалық материал, тай-құнаның, ер-тоқым, қамшы, жүген суреттері.

Шаттық шенбері.

- Балалар, шенбер бойы дөңгеленіп тұрып бір-бірімізге жылы лебізімізді білдірейік!

-Балалар, қазақтың салт-дәстүрлері көп.

-Кәне, есімізге түсірейік. Қазақтың қандай салт-дәстүрін білесіндер?

-Дұрыс айтасындар.

-Бүгін тағы бір салт-дәстүрдің бірі «Атқамінер».

Ер бала 4-5 жасқа толғанда әкесі оған тай-құнан арнап, ер-тоқым, қамшы, жүген дайындал қояды. Тақтадағы көрнекілік суреттерді таныстыру. Сөйтіп атқамінер тойын жаз айларында өткізеді. Ел жиналғаннан кейін баланы өзіне арналған тай немесе құнанына мінгізіп, қуаныш қылады. Тойда айтылатын тілектер, берілетін бата жыр түрінде болады:

Ақ тілек, ақ тілек,

Атқа тоқым сал, тілек

Жасынан малды баға біл,

Атқа жақсы шаба біл.

Өнеге өнер таба біл,

Аймағыңа жаға біл

Тең құрбыңың алды бол,

Мінеки, атқа міндің ашылды жол.

Атқамінер тойы баланың ержеткені, өскені, азамат болғандығының белгісі болып саналады. Бұл той балаға да үлкен жауапкершілік артып, тез есеноіне әсер етеді.

- Балалар, осы атқамінер ақ тілегін жатқа білейік,- деп жаттату.

Қ/О: «Қыз қуу».

Ойын шарты: ойынға бір қыз, бір ұл шығады. Олар атқа мінеді. Қыз бала қашады, ұл бала қыз баланы қуады, ұстап алуға тырысады. Ұстап алмаса қыз ұл баланы қуып, қамшымен сабайды.

## **Қорытынды**

-Балалар, міне тағы қазақтың салт-дәстүрімен таныс болдық.

-Сұрақ-жауап алу арқылы оқу іс-әрекетін қорытындылау.

## **Күтілетін нәтиже:**

**Білу керек:** атқамінер тойы туралы білді.

**Болу керек:** жаңа сөздің болуы.

**Үйрену керек:** үлкен болып өскенде жауапкершілікке, атқа мінуді, өнеге өнерлі.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Жұмбақтар.

**Мақсаты:** Балаларға жұмбақ туралы білім беру, шығармашылық халық ауыз әдебиетімен таныстыру. Сөздік қорын байытып, сөйлемнің дұрыс грамматикалық қатарын құру.

**Сөздік жұмыс:** Орамжапырақ, жұмбақ.

**Билингвальды компонент:** Орамжапырақ- капуста, қияр- огурец, сәбіз- марковъ.

**Көрнекілік құралдар:** Жемістердің, көкөністердің муляждары, суреттер.

-Балалар, жұмбақ шешкенді жақсы көресіндер ме? Жұмбақтар әр түрлі болады. Олармен жақынырақ танасу үшін мен сендерді жұмбақ көрмесіне шақырамын.

Көрмедегі заттармен таныстырып шығу.-Жұмбақ халық ауыз әдебиетінің бір түрі. Эр жұмбақта заттың аты аталмайды, оны ойлап, не туралы айтылғандығын табу керек. Жұмбақтың оңай жолмен табу үшін, үқсайтын затпен салыстырады.

Ойын: «Жыл мезгілін тап»

Жауып жаңбыр, жер сабыр,

Шөп, жапырақ солады.

Бұл қай кезде болады?

Суда мұз бар, жерде қар бар,

Боран борап соғады.

Бұл қай кезде болатын?

Күн ұзарып, қар еріп,

Су сайларға толады.

Бұл қай кезде болады?

Күнде ысып, жеміс, жидек пісіп,

Ел пішенін орады.

Бұл қай кезде болады?

-Өте жақсы балалар. Тағы бір ойын ойнайық. Ойын: «Жануарларды тап» Шарты: Тақтаға екі суретті іледі. Бірінші суретте орманның, екінші суретте үйдің суреті бейнеленген. – Балалар, мен жұмбақты жасырамын, оның шешуіндегі шыққан жануардың мекендейтін жерін, қорегін табасындар.

Әзі қу, әрі айлакер,

Жүрген жері айқай шу.

Тонын киіп туған,

Жалап бетін жуған.

Сылдырдан қорқады,

Шошынып жортады.

**Тіл ұстарту.**

Ян- ян- ян

Жүгіріп жүр шаян

Бұл қоян емес – шаян.

Ян – ян – ян

Жүгіріп жүр қоян

Бұл шаян емес- қоян.

Сергіту сәті: «Аю»  
Орманда аюдың  
Құлпынайы көп екен  
Теріп, теріп аламыз,  
Қалтамызыңа саламыз.

Әр желінің асты толған көк қоян,  
Жаз болғанда көк қоянды жеп қоям.  
Жер бетінде шашы бар,  
Жер астында басы бар.  
Сырты тәті, іші тәті,  
Ортасындағы сүйек қатты.

Ойын: «Төртінші артық» - Тақтада төрт сурет түр. Сендер сол суреттерге мұқият қарап артығын табындар. Мысалы: alma, өрік, жүзім, сәбіз. Артығы сәбіз, себебі , ол көкөніске жатады. Ал қалғандары жемістер.

### **Қорытынды.**

Белсене қатысқан балаларды мадақтау. Үйге тапсырма. Сүйікті жануардың суретін салып келу.

### **Күтілетін нәтиже:**

**Білу керек:** Жұмбақтың түрлерін біледі.

**Болу керек:** Жаңа сөздің мағынасының болуы.

**Үйрену керек:** Сұрақтарға толық жауап беруді, жұмбақтың шешуін табуды.

**Тақырыбы:** Ертегі еліне саяхат.

**Мақсаты:** Ертегілерді сахналau барысында кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізе білуге үйрету. Суретке көңіл қойып мазмұнын түсіне білуге үйрету. Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын келтіріп ойнауға үйрету. Сөздерді анық айтуға, есте сақтау қабілетін дамыту.

**Көрнекілік құралдар:** ағаштар, ойыншық жәндіктер, үлкен жапырақ.

**Шаттық шенбер:**

Дөңгеленіп тұрайық  
шенберді біз құрайық  
Қол ұстасып бәріміз  
Ақ тілекті жолдайық  
Әлемде нұр тыныштық  
Әрбір бейбіт күн ыстық  
Қайырлы таң балабақша  
Қайырлы күн достарым  
Достарымды көргенде  
Куана қарсы аламын  
Сәлем! Сәлем! Сәлем .....  
Бауырсақ секіріп топқа кіреді.

Балалардан сұрайды:

- Мен кіммін?
- Мен кімнен қаштым?

Балалар: Сен бауырсақсын, атадан, әжеден, қояннан, қасқырдан, аюдан қаштын.

Тәрбиеші: Ал сені түлкі жеп қоймады ма?

Бауырсақ: Мен оны алдадым, түлкінің тұмсығына отырмадым деп айтып береді. Сіздің балаларыңыз өте ақылды еken, олар маған қайда барғандарын айтып бере алады ма? Сендер не көрдіндер, не істедіндер? Егер сендер маған толық жауап берсендер, мен сендерге сыйлық беремін.

Балалардың жауабы:

- Біз сиқырлы пойызға отырдық.
- Ертегілер еліне саяхатқа бардық.
- «Шұбар тауық», «Шалқан», «Үйшік» ертегісін еске түсірдік.
- Шұбар тауыққа тары жасадық, Аюға үйшік жасадық, сергіту сәтін орындағық, қайтадан топқа келдік.

Бауырсақ: Мен өз ертегіме барайын, ал есіктің артында сендерге сыйлығым бар, ол сендерді күтіп тұр.

**Күтілетін нәтиже:**

**Білу керек:** Ертегілер тұрларін біледі.

**Болу керек:** Жаңа сөздің мағынасының болуы.

**Үйрену керек:** Сұрақтарға толық жауап беруді, жұмбақтың шешуін табуды.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Жұмбақта да, суретте.

**Мақсаты:** Балалардың тілін дамыту, өз ойларын жеткізе білуге үйрету;

табиғатты, қоршаған ортаны бақылап, аңғарымпаздыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.

**Билингвальды компонент:** Жұмбақ- загадка, ыдыс-посуда, сыпырғыш- веник,

тоңазытқыш- холодильник, қозы- ягненок.

**Сөздік жұмыс:** Аңғарымпаз, тапқырлық.

**Көрnekіліктер:** Жұмбақтар жинағы.

Шаттық шеңбері.

-Балалар, бізге қонақ болып Тазша бала келіп отыр. Қонаққа, бір-бірімізге жылы лебізімізді.

Күндей жадырап,

Айдай арайлап,

Жұлдыздай жарқырап,

Судай мөлдір, таза көңілмен,

Бүгінгі күнімізді бастайық.

-Сәлеметсің бе, Тазша бала төрлетің!

Тазша бала балалармен амандастып өзінің келген себебін айтады.

Тазша бала:

- Балалар, мен сендерге жұмбақтар жинағын әкелдім, оны жәйғана шешіпқана қоймай суреттеңдер. Бірінші жұмбақ туралы әңгімелеп беремін.

Жұмбақ- ауыз әдебиетінің ертеден кележатқан бір түрі. Ол балалардың жастайынан киялдай білуге, табиғатты, қоршаған ортаны бақылап, аңғарымпадық-қа, тапқырлыққа баулыды. Жұмбақтың тақырыбы әр түлі болып келеді. Ол адамның күнделікті өмірінде кездесетін үй құралдары, төрт түлік мал, ойын-сауық аспаптарына арналған.

Енді сендерге жұмбақ жасырамын шешуіп тауып, суреттейсіңдер.

Кішкентай ғана бойы бар,

Айналдырып киген тоны бар.

Сақалы жоқ, шашы бар,

Бет- аузы жоқ, басы бар.

Кезікті бір жануар,

Үстінде екі тауы бар.

Белін бекем байлаған

Қоқысты қоймай айдаған.

Кесе, шыны, пиала,

Оларсыз шай құя ма?

Қасықсыз тاماқ жемейді,

Бәрінің атын не дейді?

Қыста ғана болады,

Үстасаң қолың тоңады.

Жаздай тынығады,  
Қыстай зымырайды.

Күн ашықта құр тұрамын,  
Бұлтты күні қыдырамын.

-Жарайсындар, балалар. Менің сендерге әкелген ойыным бар.

Д/о: «Бөлшектен бүтін құра».

Ойын шарты: Қынды суреттерден бүтін сурет құрайды.

Тазша бала: -Жарайсындар, балалар, өте тапқыр, шапшаң екенсіндер.Мен кетейін, сау болындар!

### **Қорытынды**

-Міне, балалар өздерінді тапқықыр,шапшаң екендерінді көрсеттіндер, ойындыда жақсы ойнадындар.

### **Күтілетін нәтиже:**

**Білу керек:** жұмбақтың тұрларін білді.

**Болу керек:** жаңа сөздің мағынасының болуы.

**Үйрену керек:** сұрақтарға толық жауап беріп, жұмбақтың шешуін табады.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Қазақтың ұлттық оюлары.

**Мақсаты:** Сабакты қазақтың ұлттық бүйімдары, тұрмыстық қолданбалы заттар туралы түсінік беру. Ою - өрнек туралы мағлұмат беру. Дәстүрлі емес әдіс - тәсілдерді қолдана отырып, саусақпен ою - өрнекті салуды үйрету.

Баланың есте сақтау қабілетін, елесін дамыту. Балаларды шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, шапшандылыққа тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер, қажетті құралдар:** Киіз үй, үй жабдықтары әже суреттері; түрлі түсті картоннан қыылған ұлттық киім-кешектер мен жиһаздардың пішіндері; тіс паставы, дымқыл шүберек.

**Сөздік жұмыс:** Ұлттық оюлар, ою-өрнек.

**Билингвальды компонент:** Ою-орнамент, ұлттық оюлар-натиональный орнамент. Шаттық шеңбері.

Армысың шұғылалы алтын күн!

Армысың мейірімді жер ана!

Сәлеметсіздер ме қонақтар!

Бәріміз күндегі жарқырайық!

Бәріміз тату дос болайық!

Жыл мезгілі туралы; апта күні туралы сұрақтар қою.

Әткен сабакты қайталау.

-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

-Аптаның қай күні?

-Жарайсындар балалар.

-Ендеңе бүгін біз қазақтың ұлттық оюларымен таныс боламыз.

Бұрынғы кезде біздің ата - бабаларымыз киіз үйде өмір сүрген. Сол киіз үйдің ішінде қазақтың ұлттық тұрмыстық бүйімдарын ұстаған. Қазақтың ұлттық тұрмыстық бүйімдарына сандық, көрпе, жастық, киіз, торсық, киім-кешектерге - кимешек, кажекей, мәсі, сырмақ жатады.

Қазақтың қай ұлттық бүйімы болмасын, ою - өрнексіз болмаған. Бүгін біздер ою - өрнектің «Қошқар мүйіз» деген түрімен танысамыз.

«қошқар мүйіз» - ата бабаларымыздың отар - отар қойы болсын деген арман тілегін, молшылықты білдіреді.

Тақпақ жаттату:

Қазақта бір ою бар -«Қошқар мүйіз»

Орын алар тұрағы, көрпе - киіз.

Шеберлер осы өрнекпен сәндеғенде

Көз тартып құбылады оюымыз.

Қызықты сәт:

Киіз үйде тұратын Әженің үйіне қонаққа бару.

Әженің тапсырмасы:

Жұмбак.

Кіруге адам батпайды

Затыңды аман сақтайды.

**Текшелеп төрге**

**Жиганым не?**

-Балалар! Қараңдаршы, әжеміздің киім-кешектеріне, жиһаздарына не жетіспейді?

-Олай болса әженің киім-кешектері мен жиһаздарына ою - өрнектермен безендіріп берейік.

Біздер бүгін әдеттегідей бояумен немесе тұрлі - түсті қарындаштармен салмаймыз.

Бүгін біз кәдімгі тіс пастасымен, саусақтарымызбен саламыз

Тәрбиеші алдымен өзі үлгі ретінде көрсетеді.

**Сергіту сәті:**

Орнымыздан тұрайық

Қылқаламды қояйық

Қолымызды созайық

Оңға қарай иіліп,

Белімізді жазайық.

Айналаға қарайық

Отырайық, тұрайық

Бір тынығып алайық.

Тынығып біз болған соң

Әсем сурет салайық

Қимылдық ойын: «Тақия тастамақ».

**Қорытынды**

Сұрақтар қою, тақпақты қайталау. Балаларды мадақтау.

**Құтілетін нәтиже:**

**Білу керек:** қазактың ұлттық бүйімдарымен және ою-өрнектерін.

**Болу керек:** ою туралы тақпақ жаттау арқылы оюларды тану.

**Үйрену керек:** өлеңді жатқа айтып, қошқар мүйіз сөздерінің мағынасын үйренді.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Тұған жер, Отан туралы мақал-мәтелдер.

**Мақсаты:** Балаларды өз Отанын, тұған жерін сүюге тәрбиелеу, сүйіспеншілік сезімдерін арттыру. Ана сүтімен сіңген ана тілін құрметтеуге тәрбиелеу. Патреоттық сезімдерге тәрбиелеу.

**Сөздік жұмыс:** Тәуелсіздік.

**Билингвальды компонент:** Отан-Родина, Ту-флаг, Елтаңба-Герб, Әнұран-гимн.

**Көрнекі құралдар:** Улгі суреттер, бейнефильм, глобус, мақал-мәтелдің жинағы.

Күннің көзі ашылып,

Көкте шуақ шашылып.

Құтты қонақ келіпті,

Төрімізге еніпті.

Амандасу үлкене,

Тәрбиенің басы ғой.

Ал қанекей бәріміз,

Сәлем дейік үлкенге.

-Сәлеметсіңдер ме, балалар. Жылы лебізімізді білдірейікші.

Әрқашан күн сөнбесін!

Үйымдаст.-ізденушілік -Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетіміздің тақырыбына байланысты сендерді бейнефильм көруге шақырамын. Фильмді көресіңдер ме?

-Балалар, біз қай республикада тұрамыз? Демек біздің Отанымыз Қазақстан Республикасы.

-Біздің ел ордамыз қай қала?

-Неліктен біз Отанымызды мақтан етеміз?

-Отан туралы тақпақ білесің ме?

-Жарайсындар балалар! Ал, Отан туралы мақал-мәтел білесіңдер ме?

-Балалар, Отан, ел, тұған жер туралы мақал-мәтелер өте көп. Жаңа мақал-мәтелдермен таныстырып, жаттатқызу.

Отан – қуат,

Отбасы – шуақ.

Егеменді елдің еңсесі биік.

Ел іші алтын бесік.

Тұған жердің тұтіні де тәтті.

Ер – жалғыз,

Ел – көп.

Отансыз адам,

Ормансыз бұлбұл.

-Жарайсындар балалар, өз Отанымызды, тұған жерімізге деген сүйіспеншілігімізді білдіріп, мақал-мәтелдерді жатқа білдік

**Күтілетін нәтиже:**

**Білу керек:** Өз Отаны, елі, жері туралы мақал-мәтелдер білді.

**Болу керек:** Тұған жерге деген қызығушылықтары болады.

**Үйрену керек:** Ана сүтімен сіңген ана тілін құрметтеу.

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Еңбек етсең ерінбей...». Еңбек туралы мақал-мәтелдер.

**Мақсаты:** Балаларға мақал-мәтелдер туралы білім беру шығармашылық ауыз әдебиетімен таныстыру, сөздік қорларын байыту. Еңбексүйгіштікке тәрбиелу.

**Билингвальды компонент:** Еңбек-труд, мақал-мәтел-пословица.

**Сөздік жұмыс:** Ауыз әдебиет, еңбексүйгіштік.

**Көрнекілік құрал:** Еңбек туралы мақал-мәтелдер жинағы.

Шаттық шенбері.

Армысыз, қайырымды Аспан ата!

Армасыз, мейірімді Жер Ана!

Армысыз, Шұңылалы Алтын Күн!

Қане, балалар бәріміз қолымыздан ұстап, бір-бірімізге жылуымды берейік.

«Еңбек етпеген адам ішім-жемге жарымайды, еңбектенген адам ішім-жемнен тарылмайды», — дейді халық даналығы. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев дәл осындай сөздердің мәнін одан әрі терендетіп, саналы адамдарға сәуле түсірердей етіп тұжырым жасап берді. Нақтылап айтқанда, ол: «Әлемнің әміршісі – еңбек.

Тек еңбекпен ғана жеміс өнбек, тек еңбек қана бар қындықты жеңбек», — деп, қазақ халқын ел игілігі жолында табанды еңбек етуге шақырып, тәуелсіздіктің тұтқасын еңбекпен ғана ұстап тұруды ұғындырды. Расында да, «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген мақалға ешқандай дәлелдің қажеті жоқ, айқын қағида. Еңбек туралы мақал-мәтелдермен таныс болайық.

Еңбек етсен ерінбей,

Тояды қарның тіленбей.

Еңбек түбі – береке,

Көптің түбі – мереке.

Бейнетің қатты болса,

Тапқаның тәтті болар.

Еңбексіз тапқан мал,

Есепсіз кетер.

Қолы қимылдағанын,

Аузы қимылдар.

Еңбегі ештің,

Күні кеш.

**Билингвальды компонент:** Еңбек-труд, мақал-мәтел-пословица, жалқау-ленивый.

**Қорытынды:**

-Міне, балалар көптеген еңбек туралы мақал-мәтелдермен таныс болдық. Нақтылап айтқанда, ол: «Әлемнің әміршісі – еңбек. Тек еңбекпен ғана жеміс өнбек, тек еңбек қана бар қындықты жеңбек».

**Күтілетін нәтиже:**

**Білуі тиіс:** еңбек туралы мақал-мәтелдерді білді.

**Түсінігі:** еңбек етсен ғана жеміс өнбек, қындықты жеңбек екенін түсінді.

**Көрсете білу:** еңбек туралы мақал-мәтелдерді игерді.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Өтірік өлеңдер.

**Мақсаты:** Балаларға өтірік өлең туралы жалпы түсінік беру. Өтірік өлең күлкілі, қызықты сюжетке құрылатынын айту. Балаларды ақылдылыққа, тапқырлыққа тәрбиелу.

**Билингвальді компоненті:** өтірік-лож, қалжың-шутка.

**Сөздік жұмыс:** Өтірік өлең.

**Көрнекіліктер:** Өтірік өлеңдер жинағы.

Ертеңгілік шенбер.

Күннің көзі ашылып,

Көкке шуақ шашылып.

Құтты қонақ келіпті,

Төрімізге еніпти.

Амандасу үлкенге,

Тәрбиенің басы ғой.

Ал қанекей бәріміз,

Салем дейік үлкенге.

-Бұгінгі оқу іс-әрекетіміздің тақырыбы « Өтірік өлеңдер»

-Балалар, өтірік өлең деген – қазақ ауыз әдебиетіне ғана түрмистық өлең түрі. Өтірік өлең күлкілі, қызықты сюжетке құрылады. Балаларды тапқырлыққа, ойын дамытқан. Бұл өлеңдерде суреттелетін нәрселердің бәрі адамның көз алдындағы заттардан, шындықтан, жұртқа түсінікті көріністерден алынады. Бірақ олардың іс-әрекеті, қарым-қатынас, атқаратын қызметі шындыққа келмейтін, адам сенбейтін болуы керек. Сонда ғана ол өтірік өлең деп аталады.

-Балалар, мен сендерге өтірік өлең оқып берейін.

Бір қоянды міндім де, аспанга ұштым,

Екпініне шыдамай жерге түстім...

Аспанға алты жерден тіреу қойдым,

Той қылышп, мың масаны сонда сойдым.

Жүргегін біреуінің төрт бөліп жеп,

Нансаңыз өмірімде бір рет тойдым...

-Кане, бәріміз қайталайық!

-Бұл өлеңнің өтірігін айтындаршы?

-Дұрыс айтасындар.

Ұстап –ап құмырсқаны сапар шектім,

Тау кезіп, өзен кешіп, өтер көп күн.

Жеткенде Антрактида мұқитына

Жағалап жиегіне сәбіз ектім.

Бірде піл мен маса екеуі құресті,

Ала алмай жүр екеуі де үлесті.

Көреміз деп олар салған қызықты,  
Сондарынан құмырсқалар ілесіпті.

Бір жылы айдаһармен күнге бардым,  
Алтын-күміс дегенді теңдеп алдым.  
Қайтарда айдаһарым шаршап қалып,  
Құлаудан Құдай сақтап әрең қалдым.

Қарап едім жоғары,  
Маймыл ұшып барады.  
Ұшып жүрген маймылды  
Тышқан ұстап алады.

**Сергіту сәті:**  
Дөңгеленіп тұрайық,  
Керегені құрайық.  
Уықтар боп иіліп.  
Киіз үйді құрайық

-Енді қызықты ойын ойнаық.

Д/О: «Сандық».

Ойын шарты: қызыл, сары, жасыл түске боялған асықтар сандық ішінде жа тады.  
Әртүрлі тапсырмалар болады.

Жасыл асық алған бала жұмбақ жасырады, шешкізеді.

Сары асық алған мақал- мәтел айтады.

Қызыл асық алған бала тақпақ, өлең айтады.

### **Қорытынды**

Сұрақ – жауап алу.

Белсене қатысқан балаларды мадақтау

### **Күтілетін нәтиже:**

**Білу керек:** Өтірік өлең құлкілі, қызықты сюжетке құрылатынын білді

**Болу керек:** Жаңа сөздің мағынасының болуы.

**Үйрену керек:** Өтірік өлендермен танысып, жаттауға үйренді.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Жаңылтпаштар.

**Мақсаты:** Ауыз әдебиетінің бір түрі екенін, жаңылтпаштың әр сөзі шап-шан, тез-тез айтылуы тиіс екенін айтуды. Бала тілін ширату, сөздік қорын молайту.

**Билингвальды компонент:** Тырна-журавль, кесте-кружива.

**Сөздік жұмыс:** Жаңылтпаш.

**Көрнекіліктер:** Жаңылтпаштар жинағы.

**Шаттық шеңбері**

Балалар, шеңбер бойы дөңгеленіп тұрып бір-бірімізге жылы лебізімізді білдірейік!

-Балалар, бізге қонаққа Дымбілмес келді.

Дымбілмес балалармен амандастып, жаңылтпаш жинағын алғып келіпті.

Қане балалар жаңылтпаштармен танысадайық.

- Жаңылтпаш деген не?

- Енді осы сұраққа жауап берейін деп, балаларға жаңылтпаш туралы түсінік беру.  
- Жаңылтпаш деген-халық ауыз әдебиетінің бір түрі. Жаңылтпаш айтуды үшін әр сөзді бұзбай дұрыс айтуы мақсат етіледі және тіл ұстарту, сөздің дыбысталуын нақты айтуды, шап-шан, тез-тез айтылуы тиіс. Егер жаңылтпаш айтушы адам сөздерді дәл көлтіріп айта алмаса немесе аздап жаңылып кетсе-онда құлқілі болмақ.

- Ал енді балалар Дымбілместің жаңылтпаш жиағымен таныс болайық.

1.Көк тырна, көп тырна,

Тыраулап тек көп тұрма.

2.Бір қыз кесте тікті,

Кестесін түсте тікті,

Кеште тікті.

3.Ұшқыш жақсы ма?

Ұш құс жақсы ма?

Ұшқыш та жақсы.

Ұш құс та жақсы.

4.Бес тұп алма

Бестік алғандікі.

Төрт тұп алма

Төрттік алғандікі.

- Әр баламен жеке жұмыс жүргізу. Айта алмаған балаларға бір неше рет қайталатып жаттату.

Д/о: «Сандық».

Ойын шарты: қызыл, жасыл, сары түске боялған асықтар сандықтар ішінде жатады. Әр түрлі тапсырмалар болады. Жасыл асық алған бала жұмбақ жасырады, шешкізеді. Сары асық алған мақал-мәтел айтады. Қызыл асық алған тақпақ айтады

-Балалар, Дымбілместінде қайтатын уақыты болыпты.

Дымбілмес:

Балалар, бүгін сендермен жаңылтпаш туралы көп білдім және де қызықты ойын ойнадым. Сендер өте тапқыр, шапшан балалар екенсіндер. Енді менде жаңылтпаштарды біліп жүремін. Сау болындар балалар!

## **Қорытынды**

- Жарайды Дымбілмес бізге де сенің әкелген жаңылтпаштар жинағы ұнады. Бізге жиі қонаққа келіп тұр. Жарайсындар бүгінгі сабаққа жақсы қатыстындар.

## **Күтілетін нәтиже:**

**Білу керек:** Жаңылтпаштардың түрлерін білді.

**Болу керек:** Жаңа сөздің мағынасынын болуы.

**Үйрену керек:** Жаңылтпашты жаңылмай айту

## Kyhi:

## Тақырыбы: Шешендік сөздер.

**Мақсаты:** Шешендік сөз туралы жалпы түсінік беру. Шешендердің дуалы сөздерімен таныстыру. Балаларды терең ойлау қабілеттерін дамыту, ұтқыр шешім қабылдауға, тапқырлықта тәрбиелуе.

**Билингвальді компоненті:** Шешшендік сөз-мудрые слово.

## **Сөздік жұмыс: Шешендік сөз.**

**Көрнекіліктер:** Шешендей сөздер жинағы, хрестоматия.

## Шаттық шеңбері.

-Балалар шаттық шеңберіне тұрып, жүрекшені бір-бірімізге беріп, шын жүректен жылы лебіздерімізді білдірейік.

-Нурай, судай таза бол!-деп жүрекшені бір-біріне береді.

## Абай атамыз айтқандай:

## Ақылмен ойлап білген сөз-

Бойыңа жүқпас, сырғанар.

## Үңталы жүрек сезген сөз-

11

Шешеншік сөз деген қазақ ауыз әдебиетінің ерекше бір жанры. Шешендік сөздер алғашқы үлгілері халық ауыз әдебиеті туындыларында ертегі, аныз әңгімелерде, өлең-жырларда кездеседі. Ертеде шешендік сөздер өнер мектебі болған. Қазақтың шешендік сөздерін өзге жұрттың атақты адамдары, ғалымдары жоғары бағалаған. Ертедегі қазақтың шешендері ол: Жиренше шешен, Бөлтірік шешен, Асан қайғы, Төле би, Қаз дауысты Қазбек би, Әйтеке би, Шалқиіз, Дулат, т.б. Шешендік өнерімен шешен билер қазақ халқын жонғар, қалмақ, қытай басқыншыларына қарсы тұрып, өз тәуелсіздігімізді қорғап алғыш қалды. Шешендік сөз терең ойға, ұтқыр шешімге, тапқыр логикаға үйретеді.

бөлтірік шешен: «Сөзден тәтті нәрсе жоқ. Сөзден аңы нәрсе жоқ. Сөзінді тіліне билет пе, ақылыңа билет. Ақылыңды, сөзінді ақылсызға қор етпе, ақылдыға айт, кімге, қай жерде, қай кезде, қалай сөйлейтінінді біл,»- деп айтқан. Нағыз шешен сөзге шебер болу емес, ойланып сөйлейтін тапқыр, топ алдында тайсалмай, батыл, сөз сайысында саспайтын, сабырлы болу қажет. Қазақ шешендерінің есімі, олардан қалған асыл сөз мың-мындалап халық аузында сақталған.

Д/о: «Сандық».

Ойын шарты: Қызыл асық алған бала жаңылтпаш айтады. Жасыл асық алған бала мақал-мәтел айтады. Сары асық алған бала шешен билерді атайды.

-Қандай шешен билерді білесіндер?

- Шешен болу үшін қандай болу керек?

## Корытынды

Сурақтарға толық жауап берген балаларды мадақтау.

## **Күтілетін нәтиже:**

**Білу керек:** Шешен билерді.

**Болу керек:** Тапқыр, батыл, ақылды, сабырлы болу.

**Үйрену керек:** Шешендік сөздер туралы.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Қазақтың үш би.

**Мақсаты:** Қазақтың үш биі туралы мағлұмат беру.

Балаларды шынышылдықа, әділдікке ,кішіпейілдікке тәрбиелеу.

**Сөздік жұмыс:** Би,шешендік дәстүр.

**Билингвальды компонент:**Шынышыл – честный, әділетті- справедливый, дәстүр-традиция.

**Көрнекілігі:** Үш бидің суреті.

-Балалар, шеңберге тұрып жылы лебізімізді білдіреміз!

-Нұрай, ақылды бол!-деп жүрекшені бір-біріне беріп лебіздерін айту.

-Балалар, бүгін қазақтың үш биімен танысамыз.

Тақтаға үш бидің суретін іліп таныстыру.

-Балалар, ертеде халқымыздың басқаратын басшылар болған.Ел қамын ойлаған ерлері, сөзін сөйлеген,әділін айтқан шешендері, білімпаз билері болған.

Би – халықтың көкейіндегі айтқан,ойын сыртқа шығарып әділет танытқан

Қазақтың атақты билері олар Төле би, Қаздауысты Қазыбек би, Әйтеке би. Олардан қалған асыл сөздері мындаған халықта сақталған.

Төле би Әлібекұлы Тараз обылысында Жайсаң жайлау деген жерде дүниеге келген. Төле би арап тілін жақсы бәлген. Әке тәрбиесінің арқасында билікке ерте араласқан.Алғыр-тапқырлығымен, әділдігімен көрініп,жер дауы,жесір даына араласқан.Әйгілі билерден бата алған.Жұзге келген Әнет баба ел бірлігі, ынтымақ жайында айтып берген.

Төле бидің асыл сөзі «Отбасының берекесі, ердің ырысы, жақсы болса-елдің басшысы» деп әйелдің орнын өте жоғары бағалаған.

Төле бидің нақыл сөздері:

Жаңбыр жаумаса, жер-жетім,

Басшысы болмаса, ел- жетім,

Ұқпасқа айтқан сөз-жетім...

-Қаздауысты Қазыбек би- ол шешендігімен көзге тұскен.Ол халқымызға ауыр күн туғанда алғырлығымен, білгір көсемшілігімен ел намысын қорғаған. Қазыбек би сыйластық, татулық, қадырмендік маңызды мәселелерді шешкен.

Қазыбек бидің нақыл сөзі:

«Ашу- дүшпап, ақыл –дос,

Ақылына ақыл қос»

Сергіту сәті:

Иілеміз оңға бір,

Иілеміз солға бір.

Жоғары, төмен қаймыз

Орнымызды табамыз.

Әйтеке би-қазақтың әйгілі де айбарлы билерінің бірі.Ол Тәуке ханың тұсында өмір сүрген.Ісімен, сөзімен зор үлес қосқан.Әйтеке би жастайынан дау-дамай, таластартыста суырылып шығып, тілмар шешендігімен елді таңғалдырған.

Қазақ дәстүрінде кім де болса аталы сөзге тоқтаған. Сөзге құлақ қойып тоқтай білу де даналық саналған. Қазақ билері бұл дәстүрді құрмет тұтқан.

**Би- шешендер қасиеттері:**

Елші, зангер, психолог, ақын, шешен, саясаткер, тәрбиеші, ойшыл, ғалым.

**Д/О: «Кім жылдам»**

Ойынның шарты: Бірнеше билердің суретін ілу, соның ішінен үш биді ажырату.

### **Қорытынды**

Сұрақ – жауап алғып оқу іс-әрекетін қорытындылау.

- Қазақтың үш биін атаңдар? Балаларды мадақтау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Білу керек:** Қазақтың үш биін.

**Болу керек:** Нақыл сөздердің мағынасын түсіну.

**Үйрену керек:** Шыншыл, әділ, сыйлы, тату болуды.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Аңыз әңгімелер.

**Мақсаты:** Аңыз әңгімелер туралы мағлұмат беру. Аңыз әңгімелер қазақ хлқының оқиғасын шындық өмірден алынғанын айтуда. Аңыз әңгімелер тыңдауға қызығушылықтарын арттыру, кішіпейілдікке, мейірімділікке тәрбиелеу.

**Сөздік жұмыс:** Аңыз, ғажайып қиялдар.

**Билингвальды компонент:** Аңыз- легенда.

**Көрнекіліктегі:** Аңыз әңгімелер жинағы.

Шаттық шеңбері.

Кел, балалар, күлейік

Күлкіменен түлейік.

Қабақ түйген не керек,

Көңілді болып жүрейік.

-Қане, бәріміз бір- бірімізге қарап күлімдейік.

-Енді орнымызға отырамыз.-Балалар, «Аңыз» туралы әңгімелеп беремін.

Аңыз деген –тарихта болған белгілі адамдардың атына, іс-әрекетіне байланысты болады. Мұндай адамдар ел үшін еткен еңбегі, қамқорлығы, халық намысын қорғауға, ел аузында аңыз әңгімеге айналады, ұрпақтан- ұрпаққа жеткізген.

Аңыздар ертеде де, одан кейін де болып отырған. Ел арасында аңыздағы айтылатын оқиғалармен іс- әрекеттер ақырат яғни шындық деп қабылдаған.

Мысалы: Қорқыт ата, Әз Жәнібек хан, Жиренше шеше, Асан қайғы, Қожанасыр т.б. туралы аңыздар.

Қожанасыр әңгімелерінің негізгі тартымдылығы- оның тапқыр, сөз арқылы құлдіріп, жанды жадыратады. Ол жомарт, аққөніл, әзілкеш адам болған. Қазактың Қожанасыры-кейіпкер ретінде Алдаркөсе. Алдаркөсе өзінің ақылдылығы мен тапқырлығы арқасында халыққа пайдалы әстерді жасап жүреді. Ол құлдіре отырып адамдарды жақсылыққа, адамгершілікке шақырады. Ол сөз арқылы нақты адам кемшіліктерді мойындатады.

Сонымен Қожанасыр, Алдаркөсе, Жиренше шеше, Асан қайғы сияқты өздерінің ісімен, сөзімен, халыққа жасаған қызыметімен ел есінде қалғандықтан – оларды аңыз адамдар дейміз.

-Ендеше, бәріміз «Алдаркөсе» ертегісін көрейік.

Ертегіні көріп болған соң ертегіні сахналадайтын.

**Қорытынды**

Оқу іс-әрекетіне белсене қатысқан, ертегіні сахналаған балаларды мадақтау

**Күтілетін нәтиже:**

**Білу керек:** аңыз туралы жалпы мағлұмат білді.

**Болу керек:** жомарт, ақ көніл, ақылды, шыншыл болу.

**Үйрену керек:** елге жақсылық жасауға, қыйындықта қол ұшын беруге.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Жетіқарақшы туралы аңыз.

**Мақсаты:** Аспан әлемі, жұлдыздар туралы білімдерін кеңейту. Жетіқарақшы туралы мағлұмат беру. Қоршаған табиғаттың сыр сипатын біле ғана қоймай, табиғатты қорғау жолына үйрету, экологиялық тәлім беру, туған жеріндегі табиғаттың деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту.

**Билингвльды компонент:** Шоқжұлдыз-задияк.

**Сөздік жұмыс:** Жетіқарақшы, шоқжұлдыз.

**Көрнекіліктір:** Жетіқарақшының, шоқжұлдыздардың суреттері

Шаттық шеңбері.

Күннің көзі көрін бізге,

Күннің көзі көрін бізге,

Жылуынды бер бізге.

Жануарларға, құстарға және балаларға.

-Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетінің тақырыбы: «Жетіқарақшы туралы аңыз». Ертеде қазақтар кең далада мал бағу, көшіп қону, жолаушы жүру, аң аулау, төрт құбыланы аңық айыру, қаранды түндерде жұлдызды аспанға қарап, бағыт-бағдарды белгілеп коныс, құдықтарды дәл табу сияқтыларды ұрпақтарына үйретіп отырған. Себебі, ертеде сағат болмаған. Эр айдағы шұғұл өзгерістерін алдын ала есептеп жүртқа хабарлап отырған. Аспанда жұлдыздар өте көп. Қазақтардың жұлдыздарға қойған аттарыда өздерінің малшылық өмірінен алынған. Қазақтар жұлдызды аспан картасын Темірқазық, жетіқарақшы т.б. Қазақтардың бәріне таныс шоқжұлдызы-Жетіқарақшы. Ол-шеміш фигурасын құрастыратын жеті жарық жұлдыз тобы. «Жетіқарақшыны таныған, жеті қаранды түнде адаспас» дейді қазақтар. Ұйғырлар «Жеті ұры» дейді. «Жетіқарақшы» атауы ерте замандарда шыққан. «Жетіқарақшы Үркердің қызын ұрлапты» дейтін ертегі де бар. Сол себептен «Қарақшы» сөзі дәл мағынасында «тонаушы», «ұры» ретінде түсіндірілген. Ай көрінбеген сағатта көзге түсіп, аз да болса жарық беретін, жалғыз жүрген адамдарға сүйеу болатын осы жеті жұлдыз. Олар әр түн сайын үнемі аспанның бір жағынан көрінеді, түні бойы жарқыра тұрады. Демек, Жетіқарақшы жеті ұры емес, жеті күзетші қорықшы, қарап тұрушы деген. К/О: «Қолшатыр».

Шарты: «Күн ашық» деген де балалар көнілді жүгіріп жүреді. «Жауын басталды» деген де бәрі қолшатырдың астына жиналады.

**Қорытынды**

-Міне, балалар бүгін жетіқарақшы туралы аңызды білдік. Не себепті жетіқарақшы деп аталғанын да білдіндер.

Балаларға сұрақ-жауап арқылы оқу іс-әрекетін қортындылау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Білу керек:** Жетіқарақшы-шоқжұлдызы туралы білді.

**Болу керек:** Табиғатқа деген сүйіспеншілігі.

**Үйрену керек:** Табиғатты қорғау.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Қорқыт ата туралы аңыз.

**Мақсаты:** Балаларға қорқыт ата туралы мағлұмат беру. Қорқыт атадан қалған қобызбен таныстыру, оның әуенде үнімен таныстыру.

**Сөздік жұмыс:** Қобыз, әуен.

**Билингвальды компонент:** Ата- дедушка, әуен-музыка.

**Көрнекіліктер:** Қорқыт атаның, қобыздың суреттері, үнтаспа.

Шаттық шенбер.

Кел, балалар ортаға

Үлкен шенбер құралық.

Қол ұстасып бәріміз,

Әр қашан дос болайық.

Қол ұстасып бір-бірімізге,

Құлімдей арап, қуаныш сыйлайық

Ұйымдастырушылық-ізденістік

-Балалар, бізге қонаққа Білімпаз келіп отыр.

-Сәлеметсің бе Білімпаз, төрлет біздің балаларға қандай жаңалық әкелдің?

Білімпаз:

-Сәлеметсіңдер ме, балалар!

-Мен сендерге Қорқыт ата туралы аңыз әңгіме әкелдім.

-Сендер білгендерін жөн. Ендеше мұқият тыңдандар! Қорқыт туралы аңызды әңгімелеп беремін. Қорқыт дүниеге келген күні бүкіл дүние сүмдүк қиналып, азапталғандай күй кешеді. Аспанда қара бұлт басып, күн күркіреп, найзағай жарқылдап, олай-дүлей болады. Елдің бәрі қорқыныш сезеді. Осы оқига ел өлең жолдарын сақтаған:

Қорқыт туған кезінде

Қара аспанды су алған

Қара жерді күл алған

Ол туарда ел қорқып,

Туған соң әбден қуанған.

Қорқыт тұа саласымен, соқан жел тыйылып, бұлт тарқап, күн сәуле шашады, дүние нұр-шуаққа малынып кетеді. Табиғат өзгеріп жақсылыққа бөленді деп: «Бұл бала бізді қорқытып туылған үшін Қорқыт болсың!» деп оның есімін Қорқыт қояды. Жылдар өтіп, ер жетеді. Ол бір күні тұс көреді. Тұсіне оған ақсақалды әулие ата келіп аян береді: «Ей, Қорқыт тұр орнынан! Мениң айтқанымдай саз аспабын жаса. Бұл аспаптың үлкендерігі алты жасар түйенің асықты жілігіндей болсың. Аспаптың аты-Қобыз. Осы қобыз сені сапар шексен жолынды ашады, жолына жарық түсіріп, сәуле шашады, өзінде пәле-жаладан сақтайтың желеп-жебеуші серігін болады. Сөйтіп Қорқыт қобызын жасайды. Қорқыт қобызда ойнағанда ұшқан құс, жүгірген аң, соққан жел тына қалып, қобыз төккен күйге құлақ қояды.

-Балалар, Қорқыт атамыздың күйін тыңдайық.

Д/о: «Аспапты тап!».

Ойын шарты: әр түрлі аспапта ойнаған әуенде тыңдатып, аспаптарды ажыратып айту.

## **Қорытынды**

-Білімпаз, саған көп-көп рақмет. Қорқыт ата туралы білдіндер, қызықты ойында ойнадындар. Келесі кездескенше сау болындар!

## **Күтілетін нәтиже:**

**Орындауды:** Қорқыт ата туралы аңызды білді.

**Болу керек:** жаңа сөздің болуы.

**Үйрену керек:** Қорқыт ата дүниеге келгендері ел аузынан шыққан өлең жолдарын жатқа үйренді

**Тақырыбы:** Тыйым сөздер.

**Мақсаты:** Тыйым сөздердің мағынасын ұғындыру. Балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеу.

**Билингвальды компонент:** Тыйым-запрет, сөз-слова.

**Сөздік жұмыс:** Тыйым сөз.

**Көрнекілік құрал:** Тыйым сөздер жинағы.

Шаттық шенбері.

Арайлап тан атты,

Алтын сәуле таратты.

Жарқырайды қаламыз,

Жайнай түсті даламыз.

Қайырлы күн, балалар!

-Балалар, бізге Білімпаздан хат келіпті. Білімпаз бізбен өзінің білімін бөліскелі жатқан екен. Ол «Тыйым сөз» туралы мәлімет жіберіпті және біраз тыйым сөздер жазып жіберіпті.

-Ендеше осы тыйым сөздермен таныс болайық. Тыйым сөздер – қазақ халқының тәрбие құралдарының бірі. Бұл сөздер есі кірген балаларға, жаман әдет, жат пиғыл, орынсыз қылық, теріс мінездерден сақтап отырған. Мысалы, тізені құшақтау-жалғыз қалудың, қолды тәбеге қою-ел-жүрттан безінудің, үлкеннің жолын кесу-әдепсіздік, асты тәгу-ысыраптың белгісін деп таныған және ерсі істерге тыйым салған.

Мысалы:

Дастарханды, тамақты баспа.

Кемтарға құлме.

Бос бесікті тербетпе.

Өтірік жылама.

Бетінді баспа.

Жақын адамына пышақ сыйлама.

Үлкенен бұрын сөйлеме.

Үлкенен бұрын тамақ жеме.

Рұқсатсыз үйге кірме.

Қызды ұрма.

Малды теппе.

Үйде ысқырма.

Тандайынды қақпа.

Көздерінді жыптылықтатпа.

Ернінді шығарма.

Жаман әдettі үйренбе.

-Ал, балалар бойымызды сергітіп жаттығу жасап жіберейік.

Көтеріліп шаңырақ,

Уықтары шаншылар.

Кегелілері керіліп,

Өрімдей боп өрілер.

Бәріміз жүрсек айналып,

Киіз үй боп керілер.

—Енді ойын ойнайық.

Д/О: «Кім жылдам?».

Шарты: допты қағып алып, тыйым сөздерді атау.

—Жарайсындар, балалар! Ойынды жақсы ойнадындар.

### **Қорытынды**

-Міне, Білімпаздың хатымен таныс болдық. Көптеген тыйым сөздермен танысып, жатқа білдік. Тыйым сөзді балалар әдепті, кішіпейіл, адамгершілікке тәрбиелу.

### **Құтілетін нәтиже:**

**Білуі тиіс:** тыйым сөздерді білу.

**Тұсінігі:** ұнемі тыйым сөздерді есте сақтап, әдепті болу.

**Көрсете білу:** ұлгілі, өнегелі болуға үйрену.

**Тақырыбы:** Жеті қазына.

**Мақсаты:** Балаларға жеті қазына туралы білім беру, шығармашылық халық ауыз әдебиетімен таныстыру. Сөздік қорын байытып, сөйлемнің дұрыс грамматикалық қатарын құру.

**Көрнекілік құралдар:** Жеті қазына қатысты суреттер

Балалар, «Жеті» дегенде сендерге қандай ой келеді?

1 атпада неше күн?

Жеті атаңды білесіз бе?

Жеті ұрпақ деп кімдерді айтады?

Оқушылар берілген мақал- мәтелдерде не туралы айтылған?

Бір аптада 7 күн бар.

- Жұмада 7 шелпек пісіреді.

- Жеті ата бар

- Жеті ана бар

- Жеті ұлттық аспап бар

- Жеті ғаламшар бар

- Жеті қазына бар.

- Қазақ халқының ұғымында жеті санының қасиетті, киелі сан екендігін білесіндер ме?

- Қазақ халқында жеті саны киелі деп есептелген. Себебі, орта ғасырларда ғалымдар жеті күнге, жеті жүлдізға ат берген. «Жеті» сөзімен байланысты халқымызда жеті қазына, жеті күн, жеті ата, жеті ұрпақ, жеті байлық сөздері пайда болған. 17-ғасырда Тәуке ханның «Жеті жарғысы» да жеті санының қасиеттігіне байланысты болған.

Қайтыс болған адамның жетісін беру, жеті шелпек пісіріп, еске алу жетімен байланысты. Наурыз көжеге де жеті тағам салып пісіреді.

1. «Ер қанаты -ат» деген қанатты сөз бар. Халқымыз төрт түлік малдың ішінде жылқыны ерекше бағалаған. Жылқының етін, қазы-қартасын жеп, қымызын ішкен, терісін пайдаланған. Жау шапса, бір-бір атқа мініп, дүшпанына тойтарыс берген.

2. Тазы – иттің бір тұқымы. Тазы итпен ата-бабаларымыз аң аулаған. Тазы – артық қырым еті жоқ ит. Онымен қасқыр, тұлкі, қарсақ ұстаған. Ит адамға қолқанат болып, мал күзеткен.

3. Ертеде аталарымыздың үйінде найза, айбалта, қылыш, мылтық болған.

Дүшпандарын мылтықпен жеңген. Батырларымыз жауға осы қару – жарақпен шыққан.

4. «Ер ел қорғаны» дейді дана халқымыз. Кең байтак жерімізді, өзен, көл, орманымызды, көгілдір тауларымызды жаудан қорғап, кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдырған ер бабаларымыздың өте болған, ол Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Райымбек батыр, Жәнібек батыр т.б.

5. Әйел - ол ана, жар, апа, қарындас. Ажарына ақылы сай, мінезге бай, еріне сүйеу бола білген, үйдегі балаларын мәпелеп, тәрбиелеп өсірген. Жақсы әйел - әрбір отбасының үйтқысы, ырыс-берекесі.

6. Қыран бүркітті ата-бабаларымыз балапан кезінен баулап, аң аулауға үйреткен. Қанаты қатайғанда қасқыр, тұлкіге салған. Ал қасқыр, тұлкінің терісінен тымақ, ішек, тон жасап киген.

7. Адам баласы пайда болғалы ілім-білімге ұмтылып келеді. Осының арқасында машина, трактор, радио, теледидар, ұшақтар, компьютер дүниеге келді. Сондықтан ілім-білім, ғылымды игерсең еш қор болмайсындар.

**Күтілетін нәтиже:**

**Білу керек:** Жұмбақтың түрлерін біледі.

**Болу керек:** Жаңа сөздің мағынасының болуы.

**Үйрену керек:** Сұрақтарға толық жауап беруді, жұмбақтың шешуін табуды.

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Армысың, өз Наурыз!»

**Мақсаты:** Өлеңді оқып-үйретіп, сөздердің мағыналарын ашу, түсіндіру; өлеңді өз ойын қиялымен ұштастыра айтуға баулу; мерекелік көңіл күйлерін көтеру, Наурыз туралы өз ойларын, көргендерін баяндауға үйрету; балаларды табиғаттың әсемдігін сесеziне білуге, адамгершілікке, имандыққа тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер, қажетті құралдар:** Наурыз мерекесіне арналған суреттер, жұмыс дәптері, түрлі түсті қарандаштар, слайд.

**Сөздік жұмыс:** Сәскеде, секілді.

**Билингвальды компонент:** Наурыз мерекесі – праздник Наурыз.

Шаттық шеңбері

Наурыз келді, балалар,

Көктегі қыр, жағалар.

Наурыз тойын тойлайық.

Жаңа жылда, ағалар!

Кіріспе әнгіме

-Балалар, барша адамның көптен күтетін жыл мезгілі-көктем де келді. көктемде Жер-Ана, табиғат-барлығы ерекше әдемі болып кетеді. Көктемде ең тамаша мерекелердің бірі - Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесін тойлаймыз.

-Наурыз мерекесінің басқа мерекелерден ерекшелігі неде деп ойлайсың?

-Бүгін біз Оразақын Асқар ағамыздың «Өз Наурызым, армысың!» өлеңімен

танысамыз.

Өніп еккен

дәніміз,

Бүршік жарды бағымыз.

Сәскеде жаз, түнде қыс,

Секілді екен Наурыз.

Өлең шумақтарын қайталата отырып жаттау.

Сөздік жұмыс

Сәске – түс мезгілі. Секілді сөзі ұқсайды деген мағынаны білдіреді.

**Билингвальді компонент:**

Наурыз мерекесі – праздник Наурыз.

Сұрақ – жауап:

-Балабақшада Наурыз мерекесінде қандай ұлттық ойындар ойналады?

-Қазақтың қандай салт-дәстүрлерін білесіңдер?

Сергіту сәті

Тербеледі ағаштар,

Алдынан жел еседі.

Кіп – кішкентай ағаштар,

Үп – үлкен болып еседі.

-Наурыз мерекесінде не көрдің, қайда бардың?

Дәптермен жұмыс

Дәптердегі берілген тапсырманы балаларға түсіндіру.

Балалармен жеке жұмыс жүргізу.

«Табиғатпен сырласу» ойын жаттығу.

Балалар арасынан жолбасшы тағайындалады. Балалар бірінің артынан бірі шеңберге тұрып, жолбасшының қимылын қайталайды:

Өзеннен өту,

Тауға өрмелеп шығу,

Шалшық сулардан өту,

Ашық алаңға жетіп, қуанып демалады.

### **Қорытынды**

Наурыз мерекесінің ерекшелігін балалардың өз ойларымен толық айттып беруін сұрау.

### **Құтілетін нәтиже:**

**Білу керек:** Наурыз мерекесін еске түсіріп, көргендерін айтады.

**Болу керек:** өлең шумақтарын жаттап отырып, Наурыз мерекесі ұлттық мереке екенін түсінеді.

**Үйрену керек:** өлеңді жатқа айттып, сәскеде, секілді сөздерінің мағынасын айттып береді.

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Ұлыс оң болсың!».

**Мақсаты:** Наурыз мерекесімен таныстыру. Наурыз көже туралы түсінік беру, оның қандай дақылдан әзірлейтінін түсіндіру. Есте сақтау қабілетін дамыту. Үлкендең күрметтеу, бір-бірін сыйлауға тәрбиелеу.

**Билингвальды компонент:** Мереке-праздник, жаңа жыл-новый год, жылқы, ат-лошадь, түйе-верблюд.

**Сөздік жұмыс:** Ұлыстың ұлы күні, наурыз көже.

**Көрнекілік құрал:** Наурыз мерекесінің суреттері, дәндердің суреттері.

Шаттық шеңбер.

Ұлыстың ұлы күні Наурызда-салемдесу, төс қағыстыру, өкпе-назды ұмыту, кешіру керектігін түсіндіру.

-Армысыздар!

-Ұлыс оң болсын!

-Ақ мол болсын!

-Қайда барсан жол болсын!

Ежелгі салт түстір бойынша қазақ халқы жаңаа жылды Наурыздың 22-сі күні қарсы алады. Бұл күнді – «Наурыз» мерекесі деп аталады. Балаларға Наурыз тойына әзірленетін Наурыз көже туралы әңгімеледеу.

–Балалар, Наурыз көже Ұлыстың ұлы күні әзірленетін ас.

Үйдистағы алдын ала салынған жеті түрлі дәнді көрсете отырып, (сүт, айран, қатық, қысқы соғым еті, бидай, тары, күріш) тәмендегідей сұрақтар қойылады. Тақтаға дәндердің суретін іліп таныстыру.

Мынау не? (дәндер: күріш, бидай, тары).

Мынау не? (сүт, айран, қатық).

–Сүт, айран, қатық бізге не береді? (сиыр, қой, ешкі, түйе, жылқы).

–Олар бізге тағы не береді? (ет, жұн).

–Төрт тулік малдың өнімдерін қосып Наурыз көже жасайды. Наурыз көжеге жеті түрлі дәм қосылған. Наурыз көже аса қасиетті ас саналады.

Сергіту сәті:

Тербеледі ағаштар,

Алдымнан жел еселеп.

Кіп-кішкентай балалар,

Үп-үлкен боп өседі.

Сюжетті рөлді ойын:

«Азық-тұлік дүкені».

Ойын барысында тағамдар туралы түсініктерін бекітіп, Наурыз көжеге арналған дәндер керектігін айтады.

**Билингвальды компонент:** Мереке-праздник, жаңа жыл-новый год, жылқы, ат-лошадь, түйе-верблюд. –Балалар, енді «Наурыз той» Ә.Табылдиевтің өлеңін жаттап алайық.

Күн мен тұн теңелді,

Жер шуаққа кеңелді.

Соны тойлар ал енді,

Наурыз тойы салтымыз.  
«Көгерсін» деп халқымыз,  
Көшеге тал егеді

**Қорытынды:**  
«Біз нені білдік?»

-Наурыз көже - аса қажетті ас. Наурыз көже – жеті түрлі дәнмен дайындалады. Наурыз мерекесінде адамдар бір-біріне деген өкпе – ренішін кешіреді. Наурызда жақсы тілектер айтылады.

**Құтілетін нәтиже:**

**Білуі тиіс:** Наурыз көже - аса қажетті ас.

**Болу керек:** Наурыз мерекесінде адамдар бір-біріне деген өкпе реніш кешіреді.

**Көрсете білу:** Наурыз көже жеті тағамнан, сұрленген еттен жасалатынын.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Тұрмыс - салт.

**Мақсаты:** Тұған елдің салт-дәстүрлермен таныстыру. Бесік жыры, тұсау кесу, бесікке бөлеу дәстүрлөрі туралы түсінік беру. Салт-дәстүрлерге қызығушылықтарын ояту. Еліміздің салт-дәстүрі туралы білімін дамыту. Тұған халқының дәстүрлеріне деген мақтаныш сезімдерін тудыру. Елімнің салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелу.

**Билингвальды компонент:** Салт-дәстүр-традиции и обряды, ұрпақ-поколение, ата-баба-предки, бесік-колыбель, бесік жыры-колыбельная песня.

**Сөздік жұмыс:** Ұрпақ, ата-баба.

**Көрнекілік құрал:** Демонстрациялық материалдар, ұлттық бүйімдар (сандық, бесік, алаша, торсық, т.б.), табаққа салынған шашу, қуыршақ, қарындаш.

Шаттық шеңбер.

«Үй сыртында қолағаш» ойыны.

Тәрбиеші ойын барысында қауіпсіздік шараларына назар аударады.

Тәрбиеші мақалдар оқиды:

Атадан бала туар, ата жолын қуар.

Бабалар өмірі-ұрпаққа өнеге.

-Мақалдың мағынасын қалай түсінуге болады!

**Билингвальды компонет:** салт-дәстүр-традиции и обряды, ұрпақ-поколение, ата-баба-предки, бесік-колыбель, бесік жыры-колыбельная песня.

Ұрпақ, ата-баба сөздеріне сөздік жұмысын жүргізеді.

Ұрпақ-тұқым, жұрағат, нәсіл, келешек ұрпақ.

—Қазақ халқында ата-бабаларымыз бала тәрбиесіне көп мән берген. Кішкентай балалар өнегелі, тәрбиелі өсуі үшін, ұлттық салт-дәстүрлерді қалыптастырып, мұра ретінде келешек ұрпаққа қалдырып отырған. Бүгінгі оқу іс-әрекетіміз салт-дәстүрлер туралы болмақ. Салт-дәстүр дегеніміз-белгілі бір рәсім, әртүрлі жағдайларға арналған ұлттық мағынадағы елеулі кезеңдер.

Суреттерге назар аудару.

—Мына суретте жаңадан туған нәрестені бесікке бөлеп жатыр. Бұл-қазақ халқының ежелден келе жатқан «бесікке бөлеу» дәстүрі. Суреттен тағы нені байқауға болады?

Анасы кішкентай баланы бесікке бөлеп, ұйықтату үшін «бесік жырын» айтады.

Сендердің аналарын ұйықтатар алдында қандай бесік жырын айтады?

«Бесікке бөлеу» ойыны.

Тәрбиеші алдын ала дайындаған қуыршақты, бесікті алып шығады. Бір қызды қасына шақырады. Бесік жырын айтады:

Менің балам қайда екен?

Асқар-асар тауда екен.

Тауда неғып жүр екен?

Алма теріп жүр екен.

Алмасынан, кәнеки,

Жаңа теріп жүр екен.

Қызыл алма қолында,

Қыздар оның соңында.

—«Бесікке бөлеу» - кішкентай бала үшін маңызды. Баланың сымбатты, денесі тұзу болып өсуі үшін ата-бабаларымыз баланы бесікке бөлеген.

### **Қорытынды**

Сұрақ-жаярап әдісі арқылы оқу іс-әрекетінде алған білімдерін пысықтау.

### **Күтілетін нәтиже:**

**Білуі тиіс:** қазақ халқының салт-дәстүрлерін сахналайды.

**Түсінігі:** салт-дәстүрлердің маңызын; ата-бабаларымыздан қалған салт-дәстүрді құрметтеуді.

**Көрсете білу:** бесік туралы, бесік жабдықтардың атауларын.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш.

**Мақсаты:** Балаларға Ы. Алтынсаринның «Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» әңгімесін оқып беріп, мәтінін жақсы түсініп, есте сақтауға мүмкіндік туғызу. Сөз және буын туралы түсінік беру. Балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту. Үлкендерді сыйлауға, адамгершілікке, еңбеккорлыққа тәрбиелеу.

**Билингвальды компонент:** Өрмекші-паук, құмырсқа-муравей, қарлығаш-ласточка.

**Сөздік жұмыс:** Өрмекші тоқып жүр, тұзак, әдеттену.

**Қолданылатын көрнекілік құралдар:** ертегі ұнтаспасы, ертегі кейіпкерлерінің суреттері, бетпердесі.

Шаттық шеңбер.

Амансың ба, алтын күн,

Амансың ба, көк аспан.

Амансың ба, достарым,

Сендерді көрсем, қуанам

-Балалар, мен сендерге «Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» әңгімесін айтып берейін, сенер мұқият тындандар.

Атасы он жасар баласынан сұрайды:

-Анау өрмекшіні көріп тұрсың ба?

-Көремін, өрмек тоқып жүр.

-Анау құмырсқаны көремісін?

-Көремін, аузында бір наның ұнтағы бар, жүгеріп кетіп барады.

Жоғары қара, көкте не көрінеді?

-Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында көлденен тістеген шебі бар. Сонда атасы, олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер өрмекші, маса, шыбынға тұзак құрып жүр. Құмырсқа бір наның ұнтағын тауып, қуанып үйіне жүгіріп қайтып барады. Қарлығаш балапандарына ұя жасау үшін шөп жинап жүр. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сенде жұмыс істеуге әдеттен. Жәндік болсада олар еңбек етіп жүр, өз тамағын өздері асырайды.

-Балалар, сендерде еңбек етіндер, жалқау болмандар. Енді құмырсқа, өрмекші, қарлығаш деген сөздерді шапалақтау арқылы буынға бөлейікші.

-Құ-мырс-қа.

-Өр-мек-ші.

-Қар-лы-ғаш.

-Енді салаларға бөлініп жұмыстар жүргізейік:

1.Қатынас саласындағы балалар сурет бойынша әңгімелейді. Магнит тақтаға А-та деп жазады.

2.Шығармашылық саласы бойынша құмырсқаның суретін салады.

3.Таным саласы бойынша құмырсқа, өрмекші, қарлығаштың суреттерін киындыларынан құрастырады.

4.Әлеуметтік салада бидай мен күріштің өсу жолдарын зерттейді.

**Сергіту сәті:**

Қасқыр ағаш жарады,

Тұлкі кілем қағады,  
Елік тамақ пісіріп,  
Қоян нанды жабады.  
Кірпі көйлек тоқиды,  
Тиын сабақ оқиды.

Балалардан қай салада жұмыс жасағандары туралы сұрау.

Д/о: «Өрмекшінің торына нелер ұқсайды?».

Мұнан соң балалар жұмбак, тақпак, еңбек туралы мақалдар айтады

### **Қорытынды:**

Сөз, буын туралы қайталап сұрақтар қояды. Әңгіме желісі бойынша балалар сұрақтарға жауап береді. Оқу-іс әрекетіне жақсы қатысқан балалар марапатталады.

### **Күтілетін нәтиже:**

**Білу керек:** еңбек ұғымы туралы білуі тиіс.

**Болу керек:** сөздерге талдау жасау, сурет бойынша әңгіме құрастыру.

**Үйрену керек:** еңбек туралы мақал-мәтедер

**Күні:**

**Тақырыбы:** Үкілі домбыра.

**Мақсаты:** Балаларды ұлттық аспап домбыра және оның құрылышымен таныстыра отырып, танымдық қабілеттерін жетілдіру. Қазақтың ұлттық құндылықтарын бағалай білуге, мақтан тұтуға, құрметтеуге тәрбиелеу.

**Сөздік жұмыс:** Оркестр, дирижер.

**Билингвальды компонент:** Эуен-музыка, музыка аспаптары-музыкальный инструмент

**Көрнекіліктер:** домбыра, сыйызғы, шаңқобаыздың суреттері

Жылулық шенбер. Амандасу. Дауыстың ашылуына арнайы жаттығулар жасау:  
А-о-е-е-е.

Сәлем сұлу саз әлемі

Домбырасыз сән қайда.

Домбырасыз ән қайда.

Тұған өлке төрінде

Күмбірлеп күй төгілсің

Өнеріміз өрге өрлесін!

Балалар бүгін біз қазақтың ұлттық аспабы домбыраммен танысамыз. Белгілі қазақтың күйшілері: Құрманғазы, Дина жайында айтып, қазіргі күйшілер: Сәкен Тұрысбеков, Асылбек Енсеповтар таныстыру.

-Балаларды тақтадағы домбыраның суретіне назарын аударту және құрылышымен таныстыру.

-Мынау, қазақтың ұлттық аспабы -домбыра. Ата-бабаларымыз домбырасыз журмеген. Тойларда, мерекеде домбырамен көңілдерін көтеріп небір күйлер, күй шертіп айтисқан. Енді домбыраның құрылышымен танысайық.

-Құлағы, мойны, ішек, шанак, тиек және домбыраның мойнында 7 нота белгіленген. Қане, осы 7 нота үнімен танысайық.

-До, ре, ми, фа, соль, ля, си.

- Тағы да қазақтың ұлттық аспаптары бар. олар: дауылпаз, сыйызғы, асатаяқ, шаңқобаыз, т.б. суреттерін іліп көрсету.

Тосын сәт:

Алдаркөссе келді.

-О, балалар, сәлеметсіндер ме. Бүгінгі сендердің оқу-ісөректтеріне келіп отырмын. Мына мен домбыра құлағын бұрап, мойындағы перделерін, үшектерін түзеп, күй шерткенді ұнатамын. Астымдағы тұлпарымды күй қойылса болды, көселеп шапқысы келеді де тұрады. Күй «Адай» тыңдау.

Алдар: Мына күйден бойым жадырап, Саржайлау есіме түсіп кетті ғой, мен сендерге құр алақан келген жоқпын, сыйлығым бар. Сендер Құрманғазы аталарындағы күйші болсың деп, домбыра қобдишасын алып келдім. Қане тілек айтып, домбыраны көбейтіп, беруін сұрайық. Қане, кім қандай жұмбақ жасырады.

Ұзын мойын, екі ішек,

Қатар-қатар тепкішек.

Басып көрсөн бір-бірлеп,

Үн шығады күмбірлеп.

-Бұл не?

Д/о: «Бұл қай аспап?».

Шарты: қима аспаптар суретін құрастыру және атауын атау

Қорытындылау:

-Қандай күйшілерді білеміз?

-Ұлттық аспаптарға қандай аспаптар жатады?

-Сонымен балалар, бүгін сендер ұлттық аспаптарымен таныстындар. Балаларды мадақтау

**Күтілетін нәтиже:**

**Орындайды:** домыра аспабының құрылышын.

**Түсінеді:** күйшілер жайлы түсініктері.

**Қолданады:** ұлттық аспаптарды ажырата білуді.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Халқымыздың батырлары.

**Мақсаты:** Балаларға батырлық, ерлік туралы түсінік беру, бала ьюйында батырлық, жігерлік, қасиеттерді қалыптастыру. Отанды, елді сүйі білуге үйрету. Рухани Отан сүйгіштік сезімді дамыту, сөйлеу мәдениетін, сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеуге үйрету.

**Билингвальды компонент:** Халық-народ, батыр-герой, отан-родина.

**Сөздік жұмыс:** Халық батырлары.

**Көрнекіліктер:** «Халық батырларының» суреттері, батырлардың киімдері, қару-жарақтары.

Шаттық шеңбер.

Қол ұстасып тұрайық,

Шаттық шеңбер құрайық.

Мен отанды сүйемің,

Сенде отанды сүйесің!

Мен анамды сүйемің,

Сен де анаңды сүйесің!

Мен әкемді сүйемің,

Сен де әкеңді сүйесің!

Көтеріп бір көнілді,

Шаттықпенен күлеміз.

Дос, бауыр боп бәріміз,

Тату-тәтті жүрейік!

-Балалар, сендер «Батыр» деген сөзді естіліндер ме?

-«Батыр» деп қорықпайтын, ақуші көп, ержүрек, елді, жерді қорғайтын үлкен ағаларды айтамыз. Батыр болу үшін Отанға, анаға, бауырға деген сүйіспеншілік керек. Ендеше, балалар, бүгін біз «Батырлар» ауылына барамыз. Ауылға тезірек жету үшін, жүйрік тұлпарға мінейік. Батырдың серігі «Ат» екенін білесіндер. Қане атқа мінейік. Айт шуғ, ал жануар кеттік! Үнтаспадан шауып келе жатқан аттың дүбірі естіледі.

-Ал, балалар ауылғада келіп қалдық. Атымызды шетке байлайық.

Қане, жан-жағымызға қарайықшы. Не көріп тұрсындар?

Ертеде, балалар, қазақ жеріне ниеті жаман адамдар (оларды жау деп атағаан) келіп, кең байтақ жерімізге қызыққан. Сол кездे әрбір ауылдан батыр ағалар шығып, жоқ, мен елімді, жерімді жауларға бермеймін деп, қолдарына қылыш, найза ұстап, атқа қонған. Елін, жерін жаудан қорғаған. Ол батыр ағалар мына суреттерде қарандар (батыр ағалардың суретімен таңыстыру).

-Ал сендер қандай батырларды білесіндер?

Бөгенбай батыр, Қобыланды батыр, Қабанбай батыр, Наурызбай батыр т.б.

-«Батыр» деген сөз неше дыбыстан құралады?

«Батыр» сөзін буынға бөлейік. Енді осы сөзге сөйлем құрастырайық. «Батыр» деген сөз 5 дыбыстан құралады.

Ойын: «Батырлар».

Үстіне сауыт киген, қолында найзасы бар батыр кіреді.

Амансындар ма, қарақтарым!

Қан майданда қайраттанып, арыстандай айбаттанып, қолға семсер ұстаған, елді қорғаған батырмын.

-Армысыз, батыр аға! Біздер болашақ ұрпақтарыңыз боламыз! Сіздің ел қорғаудағы ерлігіңіз бүгін әлемге әйгілі.

Батыр:

Бәрекелді, бәрекелді, батырлық тек күште ғана емес, жүректе. АナンДЫ, бауырынды, жерінді шың жүекпен сүйе білсең, оларды кез келген ниеті жаман адамдардан қорғай аласындар.

—Батыр аға, келешек ұрпағыңыз өз Отанын, өз елін, туған жерін қалай құрметтеп сүйеттінін мақал-мәтелдер арқылы жеткізгісі келеді.

1.Батыр мың қол бастайды,

Шешен сөз бастайды.

2.Батыр туса, ел ырысы,

Жаңбыр жауса, жер ырысы.

3.Ерлік білекте емес, жүректе.

4.Батыр ел үшін туады,

Ел үшін өледі.

Енді батыр ағамызға өзімізді күшті, епті екенімізді «Арқан тарту» ойыны арқылы көрсетейік.

-Ал, балалар! Мынау қонақтардың алдында өз елімізді, Отанымызды сүйіп, оны қорғайтынымызға ант берейік! Батыр ағамызға арнап, жақсы, жылды сөздерімізді айтайық.

Батыр:

Өте жақсы, балалар. Отанымызды, жерімізді қорғайтын ұл-қыздары болындар, -деп бата беріп шығып кетеді.

**Корытынды.**

-Балалар, батыр ағамыздың үстінде қандай киім болды?

-Батырдың киімі менқұралдарын кім атап береді?

-Сауыт, дұлыға (басқиім), найза, қылыш, қалқан.

Келешекте Отанды, елді, жерді қорғайтың азаматтар нағыз сендер боласындар!

**Күтілетін нәтиже:**

**Білу керек:** балалар өз елін, Отанын қорғай білу қасиеттерін менгерді.

**Болу керек:** еліміздің қорғаны, батыр агаларымыздың игі істерін қастерлей білу дағдыларын игерді.

**Үйрену керек:** батыр болу білекте емес, жүректе екенін.

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Ерте, ерте, ертеде...» (қайталау)

**Мақсаты:** суреттер бойынша өткен ертегілерді еске түсіре отырып, ертегі жанрының ерекшелігін, мазмұнын айтып жеткізу; балалардың ойлау, қиялдау, есте сақтау қабілеттерін дамыту; ертегіге деген қызығушылығын арттыру; балаларды кішіпейілдікке, мейірімділікке, қамқорлыққа тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер, қажетті құралдар:** өтілген ертегілердің суреттері, жұмыс дәптері, түрлі түсті қарандаштар, слайд.

**Сөздік жұмыс:** ертегі-қызықты әлем.

Билингвальді компонент: ертегі-сказка.

### **Шаттық шеңбері**

«Ертегілер» әнімен балалар оқу іс-әрекетін бастайды.

Педагог балаларды тәрт топқа бөледі. Әрбір топқа топ атын қояды. (Атын ертегі кейіпкері атымен де қоюға болады).

Тапсырма берілген ұяшықта сандар бар. Ұяшық санын айтса, ұяшық ашылады. Сол ашылған ұяшықтан ертегінің суреті шығады.

Балалар ертегінің қалай аталатынын табу керек.

Тапқан топ ертегіні рөлге бөлініп ойнап береді.

Сөздік жұмыс

Ертегі-қызықты әлем дегені-ертегі оқиғасы біз өмір сүріп жатқан әлемге мұлде ұқсамайды. Аңдар адамша сөйлейтін, адамша іс-әрекет жасайтын қызықты әлем дегенді білдіреді.

Билингвальді компонент:

ертегі – сказка.

Сұрақ-жауап

-Қандай ертегілерді білесің?

-Тұлқі туралы қандай ертегі білесің?

Сергіту сәті

Орнымыздан тұрайық,

Қарлығаш боп ұшайық.

Бір отырып, бір тұрып,

Жақсы сергіп қалайық.

Дәптерімен жұмыс

Дәптердегі берілген тапсырманы балаларға түсіндіру.

Балалармен жеке жұмыс жүргізу

-Ертегіні дұрыс ата.

Педагог балаларға өтілген ертегілер суретін көрсетеді.

**Күтілетін нәтиже:**

**Орындаиды:** өткен ертегілердің атын, кейіпкерлерін, олардың іс-әрекеттерін еске түсіреді.

**Түсінеді:** әрбір өткен ертегінің мазмұнын қайталаيدы, түсінеді.

**Қолданады:** ертегі кейіпкерлерін рөлге бөлініп ойнайды, мақал-мәтеддер айта отырып қайталаиды.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Қазақстан халқының ұлттық ойындары.

**Мақсаты:** ҚР аумағында өмір сүретін ұлт өкілдері атауларын бекіту. Түрлі халықтың екі-үш ойынның үйрету. Қазақтың ұлттық ойындары туралы түсінікті бекіту. Шыдамдылықта, достаса білуге және достықты қадірлей білуге тәрбиелеу.

**Билингвальды компонент:** Ойын-игра, киім-одежда, дос-друг.

**Сөздік жұмыс:** Достық-дружба.

**Көрнекілік құрал:** Қап, белбеу, жалау, қоржын, орамал, асықтар.

Шаттық шеңбер.

Күннің көзі ашылып,

Көкке шуақ шашылып,

Құтты қонақ келіпті

Төріме міне еніпті.

Амандасу ұлkenge

Тәрбиенің басы ғой,

Ал, балалар қанекей,

Сәлем дейік ұлkenge

Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетімізде ұлттық ойындардың түрлерімен танысамыз. Әр ұлттарының өз салты, дәстүрі, ұлттық киімдері, тағамдары болады. Енді ұлттық ойындарға тоқталамыз. Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай өнер бала бола ма?» - деп Абай атамыз айтқан. Бала өмірінде ойын ерекше орын алады. Ұлттық ойындар арқылы халық әртүрлі жаттығулар жасау арқылы дene шынықтыру негізін қалайды. Ұлттық ойындар халық қазынасы. Ұлттық ойындар кейіннен спорттық ойындарға ұласты. Спортпен шұғулданған бала күшті де, батыл, төзімді, сымбатты, икемді болып өседі. Дене тәрбиесі баланы жан-жақты жетілдіріп, дene саулығын нығайтып, елін қорғауға дайындауды және өмірге керекті дағдыларды игеріп, өз беттерімен жаттығып, ұйымдастып, шынығып үйренеді. Ойын деген-баланың жан серігі. Сендер ойынмен өсесіндер.

Балаларға ұлттық

ойындардың түрлерімен таныстыру: «Арқан тарту», «Айгөлек», «Тенге алу», «Тақия тастамақ», «Түйілген орамал», «Бел қүрес», «Алтыбақан» тағы да басқа түрлері көп. Ұлттық ойындарға қатысты өлең жолдарын жаттайық. «Алтыбақан» деген - ұлken әткеншек. Алтыбақанды Наурыз тойында тебеді. Осы Алтыбақан тебілгенде айтылатын өлең жолын оқып берейін:

«Алтыбақан»авторы О.Асқар

Алтыбақан тебеміз, Жеткенде көкке тебеміз. Көтеріліп биікке, Алыстарды көреміз.

Кім қызықса - «кел» дейміз, Кезектесіп тербейміз. Бірімізге-біріміз

Көмектесіп өрлейміз.

Көкке жетіп тебеміз,

Алтыбақан тебеміз.

Бірімізге-біріміз,

Түсіп орын береміз. Бәріміз аулаға шығып, бірнеше ұлттық ойындар ойнаймыз. Деп балаларды серуенге алып шығып, ойындар ұйымдастыру.

Қазір біз «Кім күшті?», «Кім жылдам», «Арқан тарту» ойындарын ойнайдық. Ойнда жеңіске жетке тобына жалауша беремін. Қай топта жалауша саны көп болса, сол топ жеңіске жетеді.

Ойын: «Кім күшті?».

Балаларды 2 топқа бөлу, топқа ат қою. 1-ші тобымыз «Қыран» тобы. 2-ші тобымыз «Көгершін» тобы. 2 топтың басшылары ортаға шығады. Қыран тобы:

Жас қырандар балапан,

Жайып қанат ұмтылған.

Көгершін тобы:

Бейбітшілік әніміз,

Бауырласпыш беріміз.

1-ші ойын «Арқан тарту».

Шарты: Арқаның тен ортасына белгі бау тағылады. Жерге түзу сызық сызылады. Белгі баудың төменгі ұшы тұра сызық ұстінде тұру керек. 2 топтың балалары арқаның екі жағынан ұстап, екі жаққа тартады. Белгі бау қай жаққа кетсе, сол топ жеңіске жетеді.

2-ші ойын: «Қаппен жарыс».

Шарты: Екі топтың басшылары қапты киіп, дайындалып тұрады. Тәрбиешінің нұсқауымен жалау тұрган белгіге дейін секіріп, кері қайтып келесі балаға береді.

Жарыстан қай топ бірінші келсе, сол топ жеңіске жетеді.

3-ші ойын: «Кім жылдам?».

Шарты: Екі топтың басшылары атқа мініп, тәрбиешінің нұсқауымен жал тұрган белгіге дейін шауып кері айналып келесі балаға береді.

Ат ерттеуге жарайық,

Жонына қамшы салайық.

Жорға мініп жарысып,

Бір тынығып алайық.

4-ші ойын: «Кім күшті?».

Шарты: Топ басшылары шығып, күш синасады.

Кімдер күші, кім алып,

Күш синасып байқайық

Білегімізді сыйбанып,

Қарсыласты жығайық.

Жарайсындар балалар, екі тобымызда мықты екенсіндер. Енді жалаушамызды санайық. Жеңіске жеткен топты марапаттау.

### **Қорытынды.**

Балалар қандай ұлттық ойындарды білесіндер?

**Құтілетін нәтиже:**

**Білуі тиіс:** ұлттық ойындардың тұрлерін.

**Түсінігі:** қимыл-қозғалыс арқылы ден саулығына.

**Көрсете білу:** ойынға деген белсенділіктерін арттыру, еркіндікке, батылдыққа, тапқырлыққа, жылдамдыққа.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Бес ешкі өртегісі.

**Мақсаты:** «Бес ешкі» өртегісі оқылып мазмұны ашылады. Өртегіні тыңдай отырып баланың қиялын дамыту және байланыстыра сөйлеуін қалыптастыру. Суреттер арқылы балалардың тілін, ой-өрісін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Қарым-қатынас ортасының кеңейіоіне жағдай жасау, шығармашылық тілді дамыту. Балаларға халқымыздың ауыз әдебиетіндегі өртегілер арқылы бұлдіршіндерді қызықтырып, оларды мәз-мейрам қуанышқа кенелтумен бірге жүйрік ой ұшқыр қиялға жетелеуге тәрбиелеу.

**Билингвальды компонент:** Ешкі-коза, лақ-козленок, қасқыр-волк, ат-лошодь, қой-овец.

**Сөздік жұмыс:** Құла ат.

**Көрнекілік құрал:** Бес ешкінің ұntаспасы, өртегі кейіпкерлерінің бетпердесі.

Шаттық шеңбер.

Армысың шапагатты Күн Ана!

Армысың қайырымды Аспан Ана!

Армысың мейірімді Жер Ана!

Құт дарыт бар әлемді жарылқа!

-Балалар міне бүгін біз өртегілер әлемінде қонақтамыз. Осы уақытқа дейін көп өртегі-аңыздармен, әңгіме-жырлармен, өлең-шұмақтармен танысып, естіп білдік. Қане, есімізге түсірейікші қандай өртегілермен таныстық. Тақтаға шығып жасырынып тұрған өртегіні табайық.

-Балалар өртегінің басы қалай басталады?

-Ертегілер бізге не үйретеді?

Ертегілерде көбінесе өмірде сирек кездесетін немесе мұлде кездеспейтін ойдан шығарылған оқиғалар баяндалады. Өртегідегі негізгі кейіпкерлер аң, құс, үй жануарлары болады. Оларда адам мінездес, адамға тән қасиеттер иесі болып келеді. Сол арқылы кей адамдарға тән дөрекі, арамызда ку мінез-құлықтар әшкерленеді. Еңбекті, батылдықты, адалдықты әңгімелейді, ал қиял - ғажайып өртегілерде ер жүрек, батыр адамдардың басынан кешкен сан алуан ерлік оқиғалар орындалады. Олар жеті басты жыланмен, мыстан кемпірмен, небір құбыжықтармен күресіп, жақсы жақтарымен көрінеді. Жақсылық қашанда жамандықты женетінін көрсетеді.

Сергіту сәті:

Кәне, қызық ойындар

Қатарласа қойындар.

Отырындар, тұрындар,

Маған мойын бұрындар.

Қолымызды жаяйық ,

Құстай қанат қағайық.

Аяқты бір басындар,

Кәне, тағы, тағы да.

Қол соғайық жабыла

Кәне, тағы, тағы да.

Ал балалар бүгін біз ұntаспадан жаңа ертегіні тыңдаймыз. Ертегінің аты «Бес ешкі».

-Балалар ертегі ұнады ма?

-Ертегіде қандай кейіпкерлер барекен?

-Ертегі жылдың қай мезгілін баяндайды?

**Қой:** Қозы, қозы, қошақан,

Көк шөп шықты жей қойшы.

Қой өсірген момақан,

Кіп-кішкентай мен қойшы.

Бес ешкі: Жалт-жұлт етіп лак,

Жағалайсың бұлақ.

Секірем деп бірақ.

Қала көрме құлап.

**Құла ат:** Құлыншағым құндызыым,

Құлдырайды шабады.

Жылтылдаған жұлдызыым,

Құстай қанат қағады.

**Қасқыр:** Қасқыр жортар тұнменен КүнDESC болып күнменен.

Қасқыр жортар сайменен,

Араз болып айменен.

Қасқыр жортар ойменен

«Жолықсам, - деп, - қойменен».

Балалар қой, ешкі, құла ат төрт түлік малға жатады екен. Төрт түлік малдың аталарын атайдықшы. Қой атасы-Шопан ата, ешкі атасы-Сексек ата, жылқы атасы-Қамбар ата, түйе атасы-Зенгі баба, сиыр атасы-Ойсыл қара.

Көрініс: «Құла ат пен қасқырдың кездесуі».

Қасқыр: Құла ат мен сені жеймін. Құла ат: Сен қасқыр едің, мен ат едім, ең алдымен мені мына құдықтан шығар, батпағымды тазарт, содан соң артыма шығып отыр да, сөйтіп барып же. Онсызда өлейін деп жатырмын.

Қасқыр: Енді ары қарап тұр да иманыңды айта бер. Мен келістіріп құранымды оқимын да, келістіріп тұрып сені жеймін.                   У-у-у.

Осы кезде құла ат қасқырды бір тебеді.

Қасқыр: Тоқтыны жемеген қабылан басым-аууу,

Бес ешкіні жемеген бекзат басым-аууу,

Құла атты құдықтан шығарып палуан басым-аууу,

Артына шығып құран оқып, көз жұмар молда ма едім? Аууу

**Қорытынды:**

-Балалар ертегі ұнады ма?

-Ертегіде қандай кейіпкерлер барекен?

-Ертегі жылдың қай мезгілін баяндайды?

**Құтілетін нәтиже:**

**Білуі тиіс:** ертегі мазмұнымен, төрт түлік малдың қалай аталу керектігін.

**Түсінігі:** ертегіні сахналау.

**Көрсете білу:** сурет арқылы сөйлем құрау.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Алдар Көсе мен бай.

**Мақсаты:** Ббалаларға Алдар Көсе туралы түсінік беру. Ертегі бойынша қойылған сұрақтарға дағдыландыру. Ертегімазмұнын өз қиялымен баяндауға диалогты сөйлеуге үйрету. Есте сақтау қабілетін тіл байлығын ой-өрісін дамыту рөлдерге бөліп ойнауға үйрету.

**Билингвальды компонент:** Тон-шуба, шұрық тесік-дрявый, ит-сабока,

**Сөздік жұмыс:** Тон, ішік, қамшы, бір шекесі, шұрық тесік

**Көрнекілік құрал:** Ертегі кейіпкерлерінің бетперделері, суреттер.

Шаттық шеңбер

Біз қандаймыз, қандаймыз,

Шұғылалы таңдаймыз

Құлімдеген күндейміз

Ренжісуді білмейміз

Қуанамын мен де

Қуанасын сен де

Қуанайық, дотарым

Аралап атқан күнге.

Тәрбиеші сабакты сұрақтардан бастайды.

-Балалар сендер қандай ертегілерді білесіндер?

Өздерің білетін ертедегі қандай кейіпкерлер үнайды? Неліктен?

-Бүгін Алдар Көсе туралы «Алдар Көсе мен бай» ертегісін тындастық.

Сақылдаған сары аязда тұлкі тоны немесе қасқыр ішігі бар адамның ғана тоңбауы мүмкін. Ал Алдар Көсе шұрық тесік тонмен күн сайын тонатын. Бірде ол жапан далада жортып келе жатып, қатты тоңды. Аяқ-қолының жаны кетіп, бет-аузы бозарып, бас сұғар жылы үйді арманадады.

«Жаман ат-жердің соры». Иттің үргені естілмейді. Қақаған далада қатып өлмесем жарап еді.

Кенеттен алдынан бір атты көрінбесі бар ма? Аттың желісіне қарап, иесінің бай адам екенін біле қойды. Буы бұрқырап ыстықтап келе жатқан адамдай омырауын ашып тастап, әндете бастады. Жолаушы жолынып, аман-саулығын сұрайды.

Бай үстінде тұлкі ішіктің өзінен тонып, бұрсең қағады. Ал Алдар Көсе бөркін бір шекесіне қисайта киіп, күн шуакта жылышып отырған адамдай сөйлейді.

-Сен немене тоңған жоқсың ба?

-Тоңсаң, сен тоңған шығарсың? Менің тонымды киген адам өмірі қыз-қыз қайнап жүреді-дейді Алдар Көсе.

-Мүмкін емес!-дейді бай.

-Немене, көрмей тұрсың ба?!

-Көрмейтін несі бар? Көріп тұрмын: шұрақ тесік.

-Мәселе сонда, сол шұрық тесікте. Бір тесіктен кірген жел лып етіп екінші тесіктен шығып кетеді. Ал жылу болса, өзімде қалады.

-Ішігінді маған сатсаншы?-дейді бай.

-Сатпаймын! Мен онсыз үсіп өлемін!-дейді Алдар Көсе.

Алдар Көсе оның ұсынысын қулағына да ілмеген кісідей байға жоғарыдан қарайды.

-Ішігімді беремін, үстіне ақша қосып беремін – деп Алдарды қызықтырады.

-Маған ақшаның қажеті жоқ. Ақшаның орнына атынды берсең ойланаар едім.

Қуанғаннан бай бірден келісе кетеді. Ішігін шешіп, астындағы атынан түсіп береді.

-Алдар Көсе байдың ішігін киіп, жүйрік тұлпарына отырып, ыскырған желмен жарыса жөнеледі.

«Жолдың алыс-жақының жорытқан біледі, дәмнің ащы-тұщысын тартқан біледі».

-Алдар Көсе деген кім?

-Ертегідегі оқиға қай кезде болған екен?

-Алдар Көсенің шапаны қандай болған екен?

-Алдар Көсе неге тоңды?

-«Жаман ат-жолдың соры» деп кімнің атын айтты?

-Алдар Көсенің алдынан кім шықты?

-Бай Алдар Көсеге не деді?

-Алдар Көсе байға не деп жауап берді?

-Алдар Көсе мен бай не туралы арманадады?

-Ертегі қандай сөздермен аяқталды?

### **Қорытынды**

«Жолдың алыс-жақының жорытқан біледі, дәмнің ащы-тұщысын тартқан біледі».

Балалармен жоғары, орта, төмен дауыспен 2-3 рет қайталау.

### **Күтілетін нәтиже:**

**Білуі тиіс:** Алдар Көсе туралы, ертегі мазмұнын өз қиялымен баяндау.

**Түсінігі:** ертегіні тыңдал, мазмұнын түсіну.

**Көрсете білу:** диалогты сөздермен әңгімені рольдер арқылы ойнату.

## **Күні:**

**Тақырыбы:** «Тұлкі мен қоян» (ертегі)

**Мақсаты:** ертегіні сурет бойынша әңгімелету, жағымды-жағымсыз кейіпкерлерді өздігінен ажырата білуге үйрету; ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін сезінуге, өз ойларын жеткізе білуге дағыландыру; балаларды адамгершілікке, аңдарға қамқор болуға тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер, қажетті құралдар:** тұлкі мен қоянның суреттері, ертегі кейіпкерлерлерінің бетпердесі, түрлі түсті қарындаштар.

**Сөздік жұмыс:** қу, айлакер.

**Билингвальды компонент:** тұлкі-лиса, қоян- заяц, қу- хитрый.

## **Шаттық шеңбері**

Адал, жақсы ниетпен

Бар адамға бақ тілеп,

Жарып шыққан жүректен

Сөздің бәрі- ақ тілек.

Кіріспе әңгіме

Балаларға жұмбак жасыру:

Бұландаған құйрығы,

Бар алдарлық құлышы.

Қалқып ұзын құлағы,

Елендеп қорқып тұрады.

-Балалар, бүгін біз «Тұлкі мен Қоян» ертегісімен танысамыз.

Ертегіні оқып беріп, мазмұнын түсіндіру.

Тұлкі-жабайы аң, ол орманда жүреді. Өте қу, айлакер. Қоян- өз сыйдырынан да қорқатын қорқақ аң.

## **Сөздік жұмыс**

Қу, айлакер деген сөздер алдайды деген мағынаны білдіреді.

Билингвальді компонент: тұлкі-лиса, қоян- заяц, қу- хитрый.

## **Сұрақ-жауап**

-Шаршап келе жатқан Тұлкі нені көреді?

-Тұлкі Қоянға не дейді?

-Қоян Тұлкінің алдауына түсті ме?

## **Сергіту сәті**

Ұзын құлақ сұр қоян

Естіп қалып сыйдырды

Ойлы-қырлы жерлермен

Ытқып-ытқып жүгірді

Қарап еді артына

Қиығын сап көзінің.

Келе жатқан томпаңдал

Көжегі екен өзінің.

-Ертегі қалай аталады?

-Ертегіде қандай кейіпкерлер кездеседі?

**Дәптермен жұмыс**

Дәптердегі берілген тапсырманы балаларға түсіндіру.

Балалармен жеке жұмыс жүргізу.

Ұйқасын тап

Кезіп жүріп өзекті,

Ұстап алдым...

**Қорытынды**

Ертегінің мазмұнын қайталап сұрайды. Рөлге бөлініп ойнауға ұсыныс жасайды.

**Құтілетін нәтиже:**

**Орындаиды:** ертегіні рөлге бөлініп ойнайды, аңдардың қимылдарын еске түсіреді.

**Түсінеді:** түлкінің қу аң екендігін, қоянның ақылдылығын түсінеді.

**Қолданады:** достарын ешқашан алдамай, бір-біріне көмек көрсетіп, тату болу керегін біледі.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Алдар көсө мен Шықбермес Шығайбай (қазақ халық ертегісі)

**Мақсаты:** балаларды ертегінің мазмұнымен таныстыра отырып, мағынасын айтып түсіндіру, ертегінің тіл ерекшелігін, көркем сөздерін түсіну, ойлау әрекетін дамыту, ертегінің басты кейіпкерлерінің мінез-құлқына баға бере отырып, өз ойларын жеткізе білуге үйрету, балаларды адамгершілікке, имандылыққа мейірімділікке тәрбиелеу.

**Қажетті көрнекілікттер:** Алдаркөсенің, Шықбермес Шығайбай мен оның үй-ішінің суреттері, түрлі-түсті қарындаштар, ертегі туралы бейнетаспа.

**Сөздік жұмыс:** сараң, қу.

**Билингвальды компонент:** бай-богатый; кедей-нищий; қу-хитрый.

Балаларға ұнтаспадан «Ертегілер» әнін тыңдатып, әуенге сай билету. Қолыма сиқырлы таяқшаны алып, әр баланы түрлі ертегі кейіпкеріне айналдырамын.

### *Kіріспе әңгіме*

-Сендерге ертегі тыңдаған ұнай ма?

- Ендеше мен сендерді Алдаркөсенің басынан кешкен бір оқига туралы қызықты ертегімен таныстырамын.

Ертегіні мәнерлеп, мазмұнын балаларға түсінікті етіп оқып беру. Ертегіні бейнетаспа арқылы көгілдір экраннан көрсету.

-Алдаркөсе құлығымен, айласымен адамдарға жақсылық жасап, көмектесіп отырған.

Сөздік жұмыс: Қу-алдай алатын, айлакер адам.

Сараң- ешкімге ешнәрсе бермейтін, тек өзін ғана ойлайтын адам.

Билингвальді компонент: *бай-богатый, кедей-нищий, қу-хитрый.*

### *Сұрақ-жаяуап*

-Шықбермес Шығайбай қандай адам еді?

-Оның үйіне кім қонаққа келеді?

Ертегі желісі бойынша Алдаркөсе мен Шықбермес Шығайбайдың сөздерін қайталату.

### *Sergіtu сәті*

Орнымыздан тұрайық,

Қолды белге қояйық.

Бір отырып, бір тұрып,

Біз тынығып алайық.

Бір, екі, үш!

Орнымызды табайық.

-Ертегі қалай аталады?

-Ертегіде қандай кейіпкерлер кездеседі?

Ертегіні сахналап, рөлге бөліп ойнайды.

Мақал жаттау: «Берместің асы піспес,

Қазаны оттан тұспес»

### *Күтілетін нәтиже:*

**Орындаиды:** ертегіні мұхият тыңдай отырып, ертегі кейіпкерлерін еске түсіреді.

**Түсінеді:** ертегі барысымен таныса отырып, Шығайбайдың сараң адам, Алдардың қу, айлакер екенін түсінеді.

**Қолданады:** ертегінің мазмұнын рөлге бөліп ойнайды, сахналайды.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Әжемнің ертегілері.

**Мақсаты:** Қыс мезгілі туралы білімдерін пысықтау. Ерекшіліктерін айта білуге үйрету. Балалардың ертегі туралы түсініктерін кеңейту, тілдерін дамыту. Ертегі кейіпкерлерін сахналап үйрену.

**Билингвальды компонент:** Қоян-заяц, аю-медведь, тұлкі-лиса, кірпі-ежик, қасқыр-волк, қыс-зима.

**Сөздік жұмыс:** Қыс мезгілі.

**Көрнекіліктер:** Жабайы андар слайды, қыс мезгілінің суреттері, сиқырлы қаламды пайдалану.

Ертеңгілік шенбер.

Күннің көзі ашылып,

Көкке шуақ шашылып.

Құтты қонақ келіпті,

Төрімізге еніпті.

Амандасу үлкенге,

Тәрбиенің басы ғой.

Ал қанекей бәріміз,

Салем дейік үлкенге.

Бүгінгі оқу іс-әрекетімізге жылдың қай мезгілі екенін есімізге түсірейік.

-Қыс айларын маған кім айтып береді?

-Ал, балалар қыс мезгілі жайлы кім тақпақ біледі?

-Балалар қыс мезгілінің әр айының әрекшелігіне тоқталайық.

Қыстың бірінші айы желтоқсандағы өзгерістерді сұрау.

Ортаға әже келеді.

Әже: Амансыңдарма балаларым. Мен сендерге ертегі айтып беруге келдім. Ертеде жан – жануарлар, құстардың барлығы сөйлейді. Сондықтан ертегі деп атایмыз. Алдымен жұмбақты қалай шешетіндерінді білгім келеді.

1. Тікен, тікен, тік пісте,
2. Қысы жазы бір түсте.
3. 2. Терезеге қонады,
4. Әсем ою ояды.
5. 3. Қыста ғана болады,
6. Ұстасан қолын тонады.

-Біздің балалар жұмбақты жақсы шешеді екен.

Әже: Жарайсыңдар балалар. Енді сендерге ертегі айтып беремін. Ертегінің аты «Қызыл телпек». Әже сұрақ қоя отырып ертегінің мазмұнын түсінеді.

- Ал, біздің балалар сізге «Қоянның құлағы неге ұзын» деген ертегісін сахналап береді.

Ертегіге қатысатын жабайы андар: қоян, аю, тұлкі, қасқыр, кірпі.

- Баяғыда орманда аю, қасқыр, тұлкі, қоян, кірпі тату тәтті өмір сүріпті. Қоян туған күніне достарын шақырыпты. Қоян өзінің әдемі көйлегін киіп, өзі әндептің жүреді (дастархан әзірлеп қояды). Қоянның туған күніне кірпі келеді. Есікті тықырлатып кірпі келеді

- Қоянның туған күніне құлкі келеді.
- Қоянның туған күніне қасқыр келеді.
- Достарының барлығы дастархан басында аюды күтеді.
- Осы кезде аю кешігіп жетеді.
- Аңдардың барлығы би билейді.
- Балалар ертегі ұнады ма?
- Енді бойымызды сергітіп алайық.

Сергіту сәті:

Ақ қоян ау, ақ қоян,

Үркек қоян, сақ қоян.

Дыбыс шықса қорқасын,

Белден бірақ асасын.

Қорқа берсең қояным,

«Үркегім» деп ат қоям.

- Енді осын ертегідегі жабайы аңдарға түсініктеме берейік

- Аю жайлы не білесіндер?

- Қоян жайлы не білесіндер?

- Тұлкі жайлы не білесіндер?

- Кірпі жайлы не білесіндер?

- Балалар ойын ойнаймыз (доппен). Орман, ағаш, ауа ойынын ойнаймыз. «Орман»-дегенде ормандағы жабайы аңдарды айтасындар. «Ағаш»- дегенде ағашта өсетін жемістерді айту. «Ауа»- дегенде құстардың атын айту. Допты қайтып беру.

### Қорытынды

Сұрақ – жауап алу.

Белсene қатысқан балаларды мадақтау.

### Құтілетін нәтиже:

**Білу керек:** Жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді айыра білу.

**Болу керек:** Жабайы аңдар жайлы бұлімдерін тереңдету.

**Үйрену керек:** Ертегіні жүйелеп айта білуге , сахналауға үйрену.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Сиқырлы тон (қазақ халық ертегісі)

**Мақсаты:** балаларды қазақ ертегілерімен таныстыруды жалғастыру. Тапқырлыққа тәрбиелеу, балалардың ертегі тыңдауға деген қызығушылықтарын арттыру, сөздік қорларын дамыту.

**Қажетті көрнекіліктер:** Алдаркөсенің мен байдың суреттері, түрлі-түсті қарындаштар, ертегі туралы бейнетаспа.

**Сөздік жұмыс:** тон.

**Билингвальды компонент:** ат-лошадь, тон-шуба.

Шаттық шеңбері.

Шаттық шеңберіне тұрып, бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.

Кіріспе әнгіме

Қонаққа екі ертегі кейіпкері келеді.

( олардың суреттері)

-Балалар үл кейіпкерлер бүгінгі танысатын ертегіден келеді.

Ертегінің кейіпкерлері бір-бірімен дау- ласып, кімдікі дұрыс екенін шеше алмай тұрады. Олардың даулары қай- сысы тапқыр екендігін айтып келісе алмауда.

Бұл сөзді қалай түсінеміз, еске салайықшы: кез-келген жағдайдан жол тауып шығу, сәл қулау болып, жылдам шешім қабылдау.

Қазір мен сендерге Алдаркөсенің басынан кешкен бір оқиға туралы қызықты ертегіні оқып берейін.

Ертегіні мәнерлеп , мазмұнын балаларға түсінікті етіп оқып беру.

Сөздік жұмыс:

Тон-қыстық жылы сырт киім.

**Билингвальді компонент:** ат-лошадь,

Тон-шуба.

Мазмұны бойынша әнгімел

-Біздің кейіпкерлеріміздің аттары кім?

-Қалай ойлайсындар, қайсысы бай, ал қайсысы Алдар көс.(суретті көрсету)

-Неге олай ойладындар?

-Алдар Көсенің тоны қандай еді, ал байдың тоны ше?

-Тесік тонның жылуы болмайтыны рас па? Неге?

-Алдар Көсе тесік тонның жылу беретініне байды қалай сендерді?

-Қай кейіпкерді тапқыр деуге болады?

Алдар көсенің байға зияны тиді ме?

-Ал, Алдар Көсе неге сонша жаурады?

-Есімізге түсірейікші, ертегі қалай басталып, қалай аяқталды?

Сергіту сәті

Алдар Көсенің қалай жаурағанын көрсетейік.

Енді байды көрсетейік.

Орнымыздан тұрайық,

Қолды белге қояйық.

Бір отырып, бір тұрып,

Біз тынығып алайық.

Бір, екі, үш!

Орнымызды табайық.

-Ертегі қалай аталады?

-Ертегіде қандай кейікерлер кездеседі?

Ертегіні сахналап, рөлге бөліп ойнайды.

Мақал жаттау

«Бермestің асы піспес,

Қазаны оттан түспес»

### **Қорытынды**

Кейіпкерлерге қарап:

-Түсіндіңдер ме, кімдікі дұрыс екен?

-Сендерге ертегі ұнады ма?

-Қай кейіпкер ұнады?

### **Күтілетін нәтиже:**

**Орындауды:** ертегіні мұхият тыңдай отырып, ертегі кейіпкерлерін еске түсіреді.

**Түсінеді:** ертегі барысымен таныса отырып Алдар Көсенің тапқыр екенін түсінеді.

**Қолданады:** ертегінің мазмұнын рөлге бөліп ойнайды, сахналайды.

## **Түсіндірме хат**

Қазіргі заманға сай білім беру жүйесінің басым бағыттарындағы өзгерістер қабілетті және шығармашыл өз бетінше әрекет ететін бастамашыл өз мүмкіндігін біліп, өз ойын іске асыра алатын жеке тұлғаны қалыптастыру мәселесін мақсат етіп қойып отыр. Бұл мақсаттар мектепке дейінгі тәрбие және білім беру стандартында белгіленген.

**Мақсаты:** жас ерекшеліктеріне сай танымдық іс-әрекет дағдыларын менгерген, менгерген білім дағдыларын күнделікті өмірде қолдануға қабілетті, қоршаған әлемді қабылдай біletін тұлғаны қалыптастыру.

**Міндеті:** Геометриялық пішіндер мен денелер, өлшемдер туралы түсініктерін қалыптастырап, геометриялық денелер-куб, шар туралы білімдерін әрі қарай кеңейту. Геометриялық пішіндер (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, төртбұрыш) мен денелерді (шар, куб, цилиндр, пирамида) дұрыс атап оларды бір-бірімен ажырату іскерліктеріне жаттықтыру.

Шаршы мен тіктөртбұрыш төртбұрыштың түріне жататындығы туралы түсіндіру. Айналасына қарап геометриялық пішіндерді табу, олардың пішіндеріне талдау жасау іскерліктерін қалыптастыру. Геометриялық пішіндер мен денелерді атап, ажыратуға жаттықтыру.

Бұгінгі таңда елеулі өзгерістердің қажеттілігін уақыттың өзі талап етуде, білімге негізделген тәсілден қазіргі заман талабына сай қоғамның қажеттіліктеріне көзделген құзіреттілікке бағытталып аудиосуды талап етеді.

Қазіргі заманда біздің бұлдіршіндер балабақшаның қабырғасынан интелектуалды болып, логикалық ойлары өте жоғары болып шығу керек, сондықтан типтік оқу жоспарының вариативтік компонентін жүзеге асыру және қазіргі заманға сай дидактикалық және әдістемелік дайындауы жөн деп осы жұмысты сіздердің назарларыныңға ұсынып отырмыз.

Балаларды оқытудың пәрменді көрнекілік сипаты бар. Олар тәрбиешінің іс-кимылын қадағалап, оның түсіндіруі мен нұсқауларын тындалап және дидактикалық материалмен жұмыс істеу арқылы тікелей өздерінің қабылдауы негізінде жаңа білімді менгереді.

## **Kіріспе**

Сіздердің назарларынызға ұсынылып отырған 5-6 жас аралығындағы бүлдіршіндерге арналған вариативтік компонент арқылы жазылған «Тапқыштар өлемінде» деп аталған дидактикалық және әдістемелік материал.

### **Геометриялық пішіндер.**

Балалар мектепке дейін дөңгелек, сопақша, ұшбұрыш, шаршы, текше, пирамида, цилиндр сияқты геометриялық пішіндерды айырып, дұрыс атауы, заттардың ішінен өздеріне таныс пішіндерды таба білуге тиіс. Геометриялық пішіндерды айыру үшін жаңа технология бойынша Воскобовичтің, Никитин, Дъенеш, Кьюзенер ойындарын пайдаланып ұлестірме карточка-тапсырма дайындауға болады, демонстрациялық суреттерды жасауға болады. Осының барлығы баланың қызығушылығын арттырады.

### **Көлем.**

Мектеп жасына дейінгі баллар заттарды өлшемі мен шамасы бойынша, ұзындығынағына, биіктігіне, қалындығына байланысты оларды бір біріне қою беттестіру тәсілдерін пайдаланып заттардың көлемдерін көзben мөлшерлеу және шамалау арқылы ажыратын білу керек. Екі заттың көлемін бір белгісі бойынша (ұзындығы, ені, қалындығы) салыстыру іскерлерімен, түрлі көлеміндегі заттарды өсу және кему ретімен қойып, заттарды орналастыру ретін сөзбен айтып салыстыру дағдыларын қалыптастыру үйретіледі.

Балалар көлем туралы түсінік алғанда, заттардың қарама-қарсы немесе ұқсас қасиеттері (ұзын-қысқа, жіңішке-жалпақ) бар заттарды салыстыру негізінде олардың математикалық қасиеттерін көрсетеді.

### **Кеңістікті бағдарлау.**

Балалар мектепке барап алдында кеңістіктегі жүріс бағыты, сондай-ақ, заттар арасындағы өзара қатынастар жөнінде еркін бағдарла білуі тиіс. Жазықтықта дағдарлай білу икемділігін дамытудың көп маңызы бар. Ересек тобында балалар өзінің айналасындағы анықтауды үйренеді.

Мектеп табалдырығын тұнғыш аттайтын баланың математика дан жеткілікті білім қоры, логикалық ойлауы, қабілеті мен икемділігі тарапынан берілетін танымдық есептерды түсініп, шеше алатындағы, қойылған мақсат жолында тапсырманы сапалы орындағы алатындағы қабілеті болуы тиіс. Елбасы Қазақстан халқына жолдауында айтқандай: " Баланың мұндай қабілеті оның келешекте жақсы оқып, жан-жақты жетілуіне негіз болады. Осындағы қабілетті баланы балабақшадан тәрбиелеп шығара алсақ-білім жүйесінде айтылған бастамашыл, шығармашыл, дербес тұлғаны тәрбиелеудегі мақсатымыздың орындалғаны».

**«Тапқыштар әлемі» вариативтік компонентінің күнтізбелік жоспары**

<b>№</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Сағат саны</b>	<b>Күні</b>
1	«Отбасы мүшелерін атап, оларды ажырата білуге үйрету. Әке мен ананың, қыз бен ұлдың заттарын ойша ажырата отырып сызықтармен қоса білуге дағдаландыру. Өз отбасына сүйіспеншілікпен қарауға, үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу.		1	
2	«Суретпен жұмыс»	Суреттегі заттарды салыстыру, олардың айырмашылықтарын таба білу	1	
3	«Артық затты табу, бір сөзben атау»	Ойша артық затты бөліп, қалған заттарды бір сөзben атай білуге үйрету. Сурет бойынша суретшінің шатастырған қателіктерін таба білуге дағдыландауды.	1	
4	«Заттарды санау. Тура және кері санау»	Санауға үйрету, есте сақтау қабілетін дамыту	1	
5	«Геометриялық пішіндерді ажырату, кеңестіктен таба білу».	Балаларға геометриялық пішіндер жайлы білім беру. Қолдарының моторикасын дамыту. Бір-біріне кедергі келтірмеуге тәрбиелеу.	1	
6	«Тез есепте!»	0-ден 10-ға дейінгі сандар қатарын дұрыс айтуда дағдыландауды	1	
7	«Кеңістіктіктеңі заттарды орналастыру».	Балаларға кеңістіктегі заттарды орналастыру туралы мағұлмат беру. Заттардың орнын ажырата білуге дағдыландауды Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу	1	
8	«Көнілді санамақтар»	Жылдам санау дағдыларын ұштау	1	

9	«Кеңістікті бағдарлау»	Балаларға жоғары, төмен, алыс, жақын, оң жақ, сол жақ, алдында, артында ұғымдары жайлы білім беру. Өз айналасын бағдарлай білуге дағдыландыру. Тапсырмаға зейін қоя отырып, тапсырманы тиянақты орынданай білуге тәрбиелеу.	1	
10	«Ойлан, тап»	Заттардағы айырмашылықты анғаруға білуге үйрету. Ойлау қабілеттерін арттыру. Тапсырманы зейін қойып орынданай білуге тәрбиелеу.	1	
11	«Сиқырлы көржын»(Ойын)	Геометриялық фигураларды тани білу дағдыларын қалыптастыру.	1	
12	«Кызықты текше»	Сандардың ретін менгерту.	1	
13	«Заттардың арасындағы айырмашылығын анықтау».	Заттардың айырмашылығын ажыратада білуге үйрету. Белгілерді үлгі бойынша үйрету. Тапсырмаға зейін қоя отырып, тапсырманы тиянақты орынданай білуге тәрбиелеу.	1	
14	«Сәулетші» ойыны	Геометриялық фигуралардан түрлі заттар құрастыру.	1	
15	«Жануарлардың орнын анықтау»	Жасырын тұрган жануарларды табу. Мағанасына қарай сөздерді табу Тапсырманы тиянақты орынданай білуге тәрбиелеу.	1	
16	«Зейін қою»	Бала бойында зейін қабілеттерін қалыптастыру. Ортақ белгілерді таба білуге дағдыландыру. Шапшандыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	
17	«Суретпен жұмыс»	Суреттегі заттарды салыстыру, олардың айырмашылықтарын таба білу.	1	
18	«Таныс фигураларды ата»	Балалардың көз зердесін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	1	
19	«Ойлан, тап»	Заттардағы айырмашылықты анғаруға білуге үйрету. Ойлау қабілеттерін арттыру. Тапсырманы зейін қойып орынданай білуге тәрбиелеу.	1	

20	«Көнілді санамақтар»	Жылдам санау дағдыларын ұштау.	1	
21	«Жылдам ойлан!»	Ойын – тест арқылы қажетті жауапты тандай білуге дағдыландыру.	1	
22	«Тапқышбектің тапсырмасын орындайық»	Берілген тапсырманы толық орындату. Сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру. Тапсырманы тиянақты орындаі білуге тәрбиелеу.	1	
23	«Бүтін және бөлік»	Бүтін заттың бірнеше бөліктен тұратынын түсіндіру.	1	
24	«Заттардың орналасуы»	Заттарды түр – түсіне қарай ажыратуға, санауға үйрету, ретімен орналастыру.	1	
25	«Бағыттарды ажырату, оң мен солды айыру».	Бағыттарды ажырата білуге үйрету, оң мен солды айыруға үйрету. Бой ерекшелерін салыстыру. Тазалаққа, шапшаңдыққа үйрету.	1	
26	«Сәйкестікті ажырата білу»	Өз жұмысын түсіндіре отырып, тапсырманы тиянақты орындаі білуге тәрбиелеу. Сұрақтарға ойланып жауап берे білуге дағдыландыру. Тазалаққа, шапшаңдыққа үйрету.	1	
27	«Артық затты анықта»	Жұмысты тиянақты орындаі білуге үйрету. Өз жасаған жұмысын бағалау алуға тәрбиелеу. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	1	
28	«Оң мен солды ажырату».	Жұмысты тиянақты орындаі білуге үйрету. Өз жасаған жұмысын бағалау алуға тәрбиелеу. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	1	
29	«Ойын «Кім тапқыр?»	Сандар қатарының қасиеті жайындағы білімін пысықтай тусу	1	
30	«Заттардың ұқастығын табу».	Заттардың айырмашылығын ажырата білуге үйрету. Қолдарының моторикасын дамыту. Достық сезімге тәрбиелеу.	1	

31	«10-ға дейінгі сандарды санауға үйрету». «Сандардың орнын тап» ойын.	10-ға дейінгі сандарды ауызша және жазбаша санауға дағдыландыру.	1	
32	«Бастаған жұмысты аяқта»	Жұмысты аяқсыз қалдырмауға үйрету.	1	
33	«Ойнай отырып, ойла»	Көзбен көру арқылы есте сақтау қабілетін дамыту.	1	
34	«Жолды анықта. Құрлыс ретін көрсету».	Жұмысты тиянақты орындау білуге үйрету. Өз жұмысын бағалау. Тазалаққа, шапшандыққа үйрету.	1	
35	«Математикалық эстафета»	Балалардың алған білімін тексеру, бекіту.	1	
36	«Математикалық эстафета»	Балалардың алған білімін тексеру, бекіту.	1	
<b>Барлығы</b>			<b>36</b>	

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Отбасы мүшелерін ата»

**Мақсаты:**

1. Отбасы мүшелерін атап, оларды ажырата білуге үйрету.
2. Өке мен ананың, қыз бен ұлдың заттарын ойша ажырата отырып сзықтармен қоса білуге дағдаландыру.
3. Өз отбасына сүйіспеншілікпен қарауға, үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу.

Балалар мүқияттындағының

-Менің атым \_\_\_\_\_

- Менің тегім \_\_\_\_\_

- Мен \_\_\_\_\_ жастамын деген сауалдарға жауап береміз. Сонымен қатар біз өз-өзімізге баға береді.

-Балалар сендер білесіндер ме, отбасы деген не?

-Ендеше суреттегі атай мен әжейді, әке мен шешені, балалар мен қонақтарды көрсетейікші.

-Бәрекелді өте жақсы.

-Сендердің ойларынша ер бала мен қыз баланың, әке мен ананың заттары бірдей ме? Эрине әртүрлі екен. Ендеше келесі суретке назар аударайық. Н Бізге әке мен ананың заттарын ажырату керек. Ол үшін әкениң заттар көк түспен, ал ананың заттарын қызыл түспен дөңгелектеп сыйзу керек. Тапсырманың түсіндік пе? Ендеше жұмысты бастайық.

**Дидактикалық ойын:** «Қай зат кімдікі?»

Балаларға ойын шарты түсіндіріледі. Анасының (қыз) заттарын атағанда балалар қолдарын жоғары көтеру керек, ал әкесінің (ұл) заттарын атағанда қолдарын шапалақтау керек.

**Қорытынды**

Балалар сонымен Ойнада, ойла оқу іс-әрекеті сендерге ұнады ма?

Кітаптағы суреттер сендерге ұнады ма? Өз-өзінінді қалай бағаладындар?

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Суретпен жұмыс»

**Мақсаты:** Геометриялық фигуralарды танып білу дағдыларын қалыптастыру.

Ойлау қабілеттерін дамыта отырып,ұқыптылыққа,шыдамдылыққа тәрбиелеу.

**Көрнекі құралдар:** Геометриялық фигуralардың кескіндері,түрлі суреттер.

Балалар жылудың шенберіне жиналады.Бір-бірлеріне әдемі тілектерін жеткізе отырып,күлкі сыйлайды.

Балалар қазір бізде қай мезгіл? Балалар назарымызды аударайық.

Тақтада жыл мезгілдерінің суреттері.

Төрт мезгілдің ерекшеліктерін атап өтеміз. Тақтада нелер ілініп тұр. Әр мезгілдің өз ерекшеліктері болады. Балаларға –кішкентай, түсі алдында артында,арасында сөздерді пайдаланып, суреттегі әр заттарды сипаттап беруді ұсынады. Топтағы барлық балалармен осылай жұмыс жасалады. Бірнеше балаларды тақтаға шығарып,оларды бірінің артынан қатарластырып қояды.Қалған балалар олардың белгілерінатарап көрсетеді.Улken кіші киімінің орналасқан жері.Тапсырманы ауызша орындауды немесе үлкен заттарға қандай шелек берілетінін,оның түсі қандай болуы керектігін анықтап сурет арқылы көрсетуге болады.Тақырыпты қорытындылау және балаларды тапсырмаларды ықыласпен орындағаны үшін мадақтайды.Балалардың тақырыпты түсінгенін тексеру үшін тапсырманы өз беттерінше орындауға беріледі.Улken заттарды бір түспен,кішкентайын басқа түспен бояу керек.Содан соң олардың қағаз бетінде орналасқан орнын сипаттап беру қажет.

**Қорытынды**

Балалардың алған білімдерін қайталай отырып, мақтап мадақтау

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Артық затты табу, бір сөзбен атав»

**Мақсаты:**

1. Ойша артық затты бөліп, қалған заттарды бір сөзбен атай білуге үйрету.
2. Сурет бойынша суретшінің шатастырған қателіктерін таба білуге дағдыландыру.
3. өз—өздеріне дұрыс баға берे білуге тәрбиелеу.

Кел балалар тұрындар

Үлкен шеңбер құрындар.

Қолды белге қойындар

Онға қарай бұрылып,

Солға қарай бұрылып,

Бір отырып, бір тұрып,

Тынығып бір қалындар.

Балалар сендерге суреттен бесінші артық затты тауып, ал қалған заттарды бір сөзбен атав керек. Мысалы бірінші суретте кілт артық, ал қалған заттарды бір сөзбен ыдыс-аяқ деп атайды. Артық затты дөңгелектейміз. Келесі тапсырмада доптарды түрлі тәсілмен орналастыру қажет. Түрлі –түсті қарындаштармен бояу арқылы орналастырамыз. Тапсырманы түсіндік пе? Ендеше жұмысты бастайық.

Келесі бетті ашайық. Бұл суретте суретші нені шатастырған? Кім айтады?

Ормандағы аюдың

Құлпынайы көп екен

Теріп-теріп алайық

Қалтамызға салайық

Келесі тапсырмаңа назар аударайық. Суреттерді түрлі тәсілдермен орналастырамыз.

**Қорытынды.**

Бірінші қатарда үй, балық, гүл тұрса, келесі қатарға балық..... жене нелерді орналастыруға болады?

Балалар сонымен бірдей заттарды бір сөзбен қалай атауға болатынын білесіндер ме?

Бүгін барлығың өте белсене қатыстындар. Сендерге көп рахмет.

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Заттарды тұра және кері санау»

**Мақсаты:** Заттардың кеңістікте орналасуы жайлы түсініктерін қалыптастыру. Шапшаңдыққа, жылдамдыққа ептілікке тәрбиелеу. Талдау және салыстыра алу қабілетін арттыру. Реттілікті сақтай білуге тәрбиелеу.

**Көрнекі құралдар:** Түрлі пішіндер кескіндері, түрлі суреттер

Балаларға пойызға мініп, саяхатқа аттануды ұсынады. паровозға 5 вагон тіркейді. Балалардан тек қана вагондарды санап шығуды сұрайды. Паровозды «қосымша жолға» шығарып қояды. Вагондарды нөмірлеуді өтінеді. Вагондар санын ауыстырып, балалармен бірге солдан онға кері санайды.

Бірінші, соңғы, ортадағы, екінші және үшінші вагондардың ортасында деген сөздерді қолданады. Балаларға «Жасырынбак» ойынын ойнау туралы ұсыныс жасайды: Тышқан (немесе басқа кез келген кейіпкер) қай вагонға жасырынды?

Ойынның шарты: Балалардың бәрі көзін жұмады, жүргізуші тышқанды вагонға жасырады. Содан соң вагонның нөмірін айтпай, оны сөзбен сипаттап беруге тырысады. Басқа балалар сипаттама бойынша жауабын табады. Мысалы: ол екінші мен төртінші вагонның ортасында. Ол бесінші вагон мен үшінші вагонның ортасында немесе ол қызыл емес және үшінші тұрған жоқ және т.б.

Ойынға арналған текшелер, цифrlар және сандық суреттермен жұмыс істегендे әртүрлі нұсқаларды пайдалануға болады. Педагог цифруды, нұктеден тұратын сан үлгісін немесе заттың санын көрсетеді. Ал балалар соған сәйкес келетін карточканы табады. Жұмысты жұппен орындауға болады. Балалардың бірі санды, екіншісі үлгіні немесе санды карточканы алады. Домино ойынындағы сияқты қимылдайды.

**Қорытынды**

1-ден 5-ке дейінгі сандарды қатарластырып қояды және балалардан оларды тұра және кері қарай хормен санауларын сұрайды. Сөйтіп, олардың санауды қалай менгергенін тексереді.

## **Күні:**

**Тақырыбы:** «Геометриялық пішіндерді ажырату, кеңістіктен таба білу»

## **Мақсаты:**

1. Балаларға геометриялық пішіндер жайлы білім беру.
2. Қолдарының моторикасын дамыту.
3. Бір-біріне кедергі келтірмеуге тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** Әліппе дәптер, геометриялық пішіндердің суреті.

Арайлап таң атты,

Алтын сәуле таратты

Күлімдеп күн маған да қарады

Күлімдеп күн саған да қарады.

Қарыйрлы таң, Қайырлы күн!

Балалар сендер қандай геометриялық пішіндерді білесіндер?

Ал тағы қандай геометриялық пішіндер бар?

Балалар геометриялық пішіндердің үшбұрыш, төртбұрыш дәңгелек аталу себебі неде?

Қалай ойлайсындар?

Кім айтады неліктен үшбұрыш деп атایмыз?

Дұрыс үшбұрыштың үш бұрышы бар, және осы нүктелерді қосатын үш кесінді бар.

Ал, төртбұрыш неліктен төртбұрыш деп аталауды?

Әрине төртбұрыштың төрт нүктесі және осы нүктелерді қосатын төрт кесіндіден тұрады. Балалар енді сәл тынығып алайық.

## **Сергіту сәті:**

Жел соғады,

Ағаштар қозғалады.

Жаңбыр жауады,

Балалар тығылады.

Енді балалар әліппе дәптерге назар аударайық. Бізге мынандай тапсырма берілген пішіндерді атап, біркелкі пішіндерді санау.

## **Қорытынды.**

Қандай пішіндер көріп тұрсындар?

Балалар сонымен біз қандай сабак өттік? Қанай геометриялық пішіндер бар? Сендерге сабак ұнады ма?

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Тез есепте!»

**Мақсаты:** Цифр мен заттың санын сәйкестендіруді үйрету; сандық және реттік санау дағдысын жетілдіру; белгісіз санды табу және бейнелеуд үйрету; балалардың зейіні мен логикалық ойлау қабілетін дамыту; үлкендерді құрметтеуге тәрбиелеу.

Тәрбиеші кез келген ойын ұйымдастырады. Мысалы: оқу іс-әрекетіне өртегінің тоғыз кейіпкерін шақырады. 8 түрлі кейіпкерді қатарластырып қойып шығады және балаларға санатады. Содан соң біздің сабағымызға қатысу үшін тағы бір кейіпкер жүгіріп келе жатқанын айтады. Сонда өртегі кейіпкері нешеу болды? 9 қайdan пайда болды?

Тәрбиеші балаларға 9-8 саны және цифры туралы тақпақ оқып береді.

Акробат қызы мықты

Сахнаға шықты.

Бүктеліп белі қайысты

«9» болып майысты.

Санды ауаға, содан соң аяғымыздың ұшымен еденге жазамыз. Енді қарындашымызды алып, оны қағазға бастырып жазуды жалғастырамыз: алдымен дөңгелек сзықты жоғарыдан төмен қарай сызамыз, содан соң дөңгелек сзықты жоғарыға жеткізіп, қайтадан төмен түсіп, сзықты солға қарай бұрамыз. Тәрбиеші 1-ден 9-ға дейінгі заттың суреті салынған кез келген карточканы көрсетеді және балалардан текшениң соған сәйкес келетін жағы мен цифрды көрсетулерін сұрайды.

1-ден 9-ға, 9-дан 1-ге дейін тура және кері санауды ұсынады.

Топ деңгейіне қарай нәтижесі 9 болатын мысалдар құрастыруға болады.

1-ден 9-ға дейінгі сандар қатарын қаншалықты менгергенін тексеру үшін №3 тапсырманы орындаиды. Тәрбиеші моншақтарды сандар реті бойынша тізбектеп қосуды тапсырады. «Алдыңғы сан», «кейінгі сан» немесе «алдында», «артында», «арасында» деген сөздерді пайдалана отырып, тапсырманы қыннатуға болады.

**Қорытынды**

Тәрбиеші сандар қатарының ретін қалай менгергендерін тексеру үшін, өз беттерінше орындауды ұсынады.

Қорытындысын шығарады.

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Сиқырлы қоржын»

**Мақсаты:** Балаларға өз еркімен атқаратын тапсырма беріп, өткен сабактарда танысқан сандарға талдау жасату.

Құрамын анықтап, сандарға байланысты алған білім деңгейін бақылау. Ақыл-ой белсенділігін күшету, шапшаңдыққа, дәлдікке тәрбиелеу.

**Көрнекі құралдар:** Түрлі пішіндер кескіндері, түрлі суреттер

"Кершісін тап", "Қай сан жоқ?" "Жарыс", "Кім шапшаң?" сияқты ойындар ойнатып өтілген оқу қіс-әрекетіндегі сандарды еске түсіріп балалардың белсенді қызығушылығын дамытып, берілген білімді меңгерту.

Суреттегі дәңгелектерді түстеріне қарай сұрыптаپ, есептер құрастыру. Олардың нәтижелерін шығарып, торкөздерді толтыру. Балалар өз еркімен жұмыс атқарады. Балалардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасау. Келесі тапсырма үйдің қабырғасында көрсетілген. Әрнектің мәні үйдің шатырында берілген. Мәні шатырда көрсетілген санмен сәйкес келмеген санды, әрнекті суреттегідей деңгелектеп қою керек. Келесі тапсырма суреттің қатесін табу.

Бұлжытпас, раушан гүлін шелектегі суға салу үшін кедергілерден қалай жүріп етеді? Неше қадам жол жүреді? Тәрбиеші-педагог балаларды шабыттандыратын, ықласын оятатын тапсырмалар беріп, сабакты өрбітіп, түрлендіруіне әбден болады.

Тақтада тапсырмаларды орындау. Толықтыруға берілген тапсырмада ортада жазылған санның берілген санға қандай санды қосқанда шығатынын анықтап, кескін сандар арқылы жұмыс жасау. Жұмыс барысында Тапқышбек, қадағалап түрғанын балаларға ескерту.

**Қорытынды**

Балалардың алғырлығы мен шапшаңдығын бағалай отырып, оқу іс-әрекетін аяқтау, балалардың үйренгендерін қайталап сұрау

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Кеңістіктегі заттарды орналастыру»

**Мақсаты:**

1. Балаларға кеңістіктегі заттарды орналастыру туралы мағұлмат беру.

2. Заттардың орнын ажырата білуге дағдыландыру

3. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелу

Балалар сендер суретте не көріп тұрсындар?

Суреттегі қызға ат қойындар.

Сәуленің қандай ойыншықтары бар? Аттарын атайықшы.

Ойыншықтар қайда жасырылған?

Санамақ

Бір үйде біздер нешеуміз?

Кел санайық екеуміз,

Бас бармағым –атам.

Шылдыр шүмек –мен

Титтей бөбек-сен

Бір үйде нешеуміз?

Бір үйде біздер бесеуміз.

**Суретті аяқта.**

Балал, бала, балапан

Қане қайсы алақан?

саусақтары әйбат

Былай –былай ойнап.

Жас дарын 12 бет

Алпамыс суреттің қай жағында тұр? Партаның үстінде дәптердің суретін салындар, партаның астына сөмкенің суретін салындар, партаның алдына доптың суретін салындар.

**Қорытынды**

Балалар Айнұр өз ойыншықтарын жоғалтып тұр еді, біз оған көмектестік. Ендеше біз оған қандай жақсылық жасадық? Сендерге көп рахмет

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Көңілді санамақтар»

**Мақсаты:** Цифр мен заттың санын сәйкестендіре білуғе үйрету; заттарды санауға машиқтандыру; цифrlарды тану және бейнелеуғе үйрету. Балалардың зейіні мен логикалық ойлау қабілетін дамыту. Этикалық тәрбие беру.

**Көрнекі құралдар:** Түрлі пішіндер кескіндері, түрлі суреттер, сандар

Балалардың есте сақтау қабілетін дамытып, логикалық ойлау қабілетін нығайтатын тапсырма береді.

- Төрт топтағы суреттің әрқайсысында артық зар бар. Соны табындар. Ол не үшін артық? Түсіндіріп беріндер.

Санап шық. Топтардың әрқайсысында қанша зат қалды?

балықтарды санаймыз. Балықтардың санын қанша шығады сонша цифрымен белгілейміз. Суреттегі заттарды санаймыз сол шыққан санды ауага жазамыз. Содан соң аяғымыздың ұшымен еденге саламыз. Енді қарындашты алып, қағаздағы санды салып шығамыз. Цифр, сан және нүктемен берілген сан үлгісін суретпен сәйкестендіру қажет. Бұл сабакта жазба үлгіден жасалған текшемен жұмыс істеуді бастаймыз. Балаларға зейінін, есте сақтау және логикалық ойлау қабілетін дамытуға арналған тапсырма беріледі. Артық затты табындар. Оның не үшін артық болып түрғанын түсіндіріндер.

суреттегі құстарды санаймыз. Санды цифрене белгілейік.

Суреттегі заттың санын табу. Тәрбиеші 1-4 зат салынған кез келген суретті көрсетеді және балалардан текшениң соған сәйкес келетін жағы мен карточкадағы цифрды көрсетулерін сұрайды.

Содан соң тапсырманы орындауға береді. Бұл тапсырма алдыңғы оқу іс-әрекетімен жақсы таныс. Тәрбиеші балалардан тапсырманы түсіндіріп берулерін сұрайды. Балалар өздері ұнататын түстерді таңдал, тапсырманы орындаиды.

**Қорытынды**

белсенділік танытқаны үшін балаларға алғыс айтады. Оқу іс-әрекетін қаншалықты менгергенін пысықтау үшін ауызша тапсырма беріліп балаларды мадақтайды.

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Кеңістікті бағдарлау»

**Мақсаты:**

1. Балаларға жоғары, төмен, алыс, жақын, оң жақ, сол жақ, алдында, артында ұғымдары жайлы білім беру.

2.Әз айналасын бағдарлай білуге дағдыландыру.

3.Тапсырмаға зейін қоя отырып, тапсырманы тиянақты орындаі білуге тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** Кеңістік ұғымдарына байланысты суреттер.

Тәрбиеші балаларға

Алақанды соғайық

Оң жақтағы балаға

Сол жақтағы балаға

Шапалақта, шапалақ

Жоғары төмен қарайық,

Орнымызды табайық.

Балалар, біз қандай кеңістік ұғымдарын білеміз?

Қане барлығымыз оң қолымызды жоғары көтерейікші.

Енді сол жоғары көтереміз.Балалар енді оң жақ аяғымызды жоғары көтереміз.

Ал енді сол жақ аяғымызды жоғары көтерейік

Біз оң , сол, жоғары, төмен ұғымдарын бұрыннан жақсы білеміз, енді алдымызда, артымызда тұрған заттарды атайықшы.

Балалар сұраққа жауап қайтарғаннан кейін: Балалар мен сендермен бір ойын ойнаңым келіп тұр атты «Қай зат қалай орналасқан?». Мысалы, мен кілем десем сендер төменде, ал мен тәбе десем жоғары деп жауап қайтаруларың керек, ойын ойнау барысында әрбір бала 1-2заттың атын атайды, ал қалған балалар заттың қайда орналасқанын айтады.

Бәрекелді сендер ойынға өте белсене қатыстындар, енді әліппе дәптерге назар аударайық.

Көжектің қай суретте доптан алыс, машинаға жақын тұрганын көрсет.

жетпей тұрған пішінді сал.

**Сергіту сәті:** «Доп-доп»

Арманның оң және сол жағына, алды мен артына орналасқан ойыншықты ата.

Төменгі қатарға доп балықтың сол жағында, ал желкеннің он жағында болатында етіп орналастыр.

Балаларға әр тапсырманың мазмұнын түсіндіріп, мұқият қадағалау. Жұмыс барысында тиянақты болуларын ескерту.

**Қорытынды**

Балалар сонымен қандай кеңістік ұғымдарын білесіндер?

Сендерге ойын ұнады ма?

Оқу іс-әрекетіне өте белсене қатысқандарын үшін рахмет.

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Ойлан, тап»

**Мақсаты:**

1. Заттардағы айырмашылықты аңғаруға білуге үйрету.

2. Ойлау қабілеттерін арттыру.

3. Тапсырманы зейін қойып орындаі білуге тәрбиелеу.

Допты мұғалім бір оқушыға береді «Сен әдемісің» дейді, ал келесі бала сен сұлусың, көріктісің т.б. лебіздерді айтады.

Бет орамалға лайықты жауапты тап.

Суретте не жетімпейді? Ойлан тап және суретті аяқта.

өз-өздеріне баға беру.

**Сергіту сәті:**

Бірім....

Екім...

Тығыл-тығыл...

Бекін-бекін..

Мен санайын

Сен бол дайын.

Сары шымшық,

Сен тұр, сен шық!

Мұнда қайсысы артық? Қалғандарын бір сөзben қалай айтуға болады?

Шардың суретін шеңбердің ішінде, бірақ шаршыдан тыс болатындаі етіп жерге сал, алманың суретін шенбер мен шаршының іштеріне, ал қиярдың суретін шаршының ішіне сал.

**Қорытынды**

Орамалға жамауды қалай таптындар?

Фигураларды орналастыру сендерге қызын болды ма? Белсене қатысқандарыңа рахмет.

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Қызықты текше»

**Мақсаты:** Үшбұрыш, шаршы, текше, дөңгелек ұғымдарын тереңдету. Айналаны қоршаған ортада оларға ұқсас заттар көп екеніне балалардың көңілін аудару. Жасалу жолдары мен құрылышына мән беріп, айырмашылықтары мен ұқастықтарын ажырату.

**Көрнекі құралдар:** Түрлі пішіндер кескіндері, түрлі суреттер.

Бұл геометриялық фигурандар балаларға бұрыннан таныс. Мұнда олардың айнала дүниеде қолданысы салыстырмалы түрде түсіндіріледі. Энгіме "Көшеде жүру ережесі" туралы болады. Көше қылыштарында жолаушылар мен көліктердің жүрісін реттеп тұратын бағдаршам. Олардың үш көзі бар (қызыл, сары, жасыл). Көздері неге ұқсас? (Дөңгелекке). Эр көзінің өз сырьы түсіндіріледі. Жол бойында "Жол белгілері" дөңгелектің ішінде көрсетілген. Эр белгінің мәні ашылады. Сондай-ақ, балалардың өздері ойнайтын қарапайым доптар, спорттық ойындарға арналған волейбол, футбол, баскетбол доптары, шарлар, олардың түрлери т.б. Бірінші шенбер сывамыз. Сол шенбердің ішкі бөлігін қызып аламыз. Екінші суреттегі дөңгелек. Балалар трафаретті пайдаланып шенбер сывып, оның ішкі бөлігін бояйды. Үйлердің суретінен үшбұрыштарды табады. "Жол белгілері", олардың мәнін ұғындыру. Берілген үйшіктерге ұқсас жапсырма жұмыстарын жүргізу. Үшбұрыштың қабырғалары үш кесіндіден тұрады. Үшбұрыш — түйікталған сынық сывық. Ол: сүйір бұрышты, тік бұрышты, дөгал бұрышты үшбұрыштар болып бөлінеді. Тапсырмада берілген құрастыру жұмыстары жүргізіледі. Үйшіктерден шаршыны тапқызу. Текшениң әрбір қабырғасы өзара 4 кесіндіден тұрады. Текшениң беттері шаршылардан тұрады. Текшениң неше беті бар екенін өздері табады. (Сурет бойынша). Текшениң жазғанда практикалық жұмыс кезінде көз жеткізуге болады. Жазылған текшени қайта жинастыруға тапсырма беріледі. Сонымен, дөңгелек — түйікталған қисық сывықпен шектелетін фигура. Шаршы — түйікталған төрт бірдей сынық сывықпен шектелетін фигура. Текше — өзара тең алты текшеден тұратын дене.

**Қорытынды**

Қай геометриялық фигура өз орнында тұрған жоқ. Адасқан геометриялық фигураны табу.

## **Күні:**

**Тақырыбы:** «Заттардың арасындағы айырмашылығын анықтау»

## **Мақсаты:**

1. Заттардың айырмашылығын ажырата білуге үйрету.
2. Белгілерді ұлгі бойынша үйрету
3. Тапсырмаға зейін қоя отырып, тапсырманы тиянақты орындай білуге тәрбиелеу.

Оң қолымда білезік,

Сол қолымда білезік

Саусақтарда сақина,

Қане санап көрсетші.

Балалар біз қуыршақ Айсұлуға киімдер мен аяқкиімдерді реттеуге көмектесеміз.  
Киімдер мен аяқкиімдер арасын сызықтармен қос.

Белгілерді пішіндерге ұлгі бойынша орналастыр.

## **Сергіту сәті:**

Қалам

Бар әдемі қаламым,

Соны қолға аламын.

Жазуды да жазамын,

Суретті де саламын.

Есебімді ұнаған

Отыра қарап шығарам.

Қарсы мәндес сөздерді тап.

Алдарында \_\_\_\_\_

Оңға \_\_\_\_\_

Жоғары \_\_\_\_\_

Алыс \_\_\_\_\_

Биік \_\_\_\_\_

Екі үйді мұқият қара. Өзара 10 айырмашылығын тап.

Зандылығын тауып, қатарды жалғастыр.

## **Қорытынды**

Балалар, бүгін оқу іс-әрекетіне өте жақсы қатыстындар. Сонымен қандай тапсырмалар сендерге қыын болды? Өте белсене қатысқандарың үшін раҳмет.

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Сәулетші ойыны»

**Мақсаты:** Балалардың бұрыш туралы білімін қалыптастыру. Бұрыштың түрлерімен, құрылымымен, сүйір, доғал, тік бұрыштардың пайда болу жолдарымен таныстыру. Тік төртбұрыш туралы түсініктерін дамыту

**Көрнекі құралдар:** Түрлі пішіндер кескіндері, түрлі суреттер.

Балалардың назарын геометриялық пішіндерге аудара отырып, оқу қызметін бастайды. Қарындаш тапсырмасын орындаپ, тік бұрыштан басқа да бұрыштардың (сүйір, доғал) болатынын балалардың өздері табады. Бұрыштық сыйфыш көмегімен пішіндердің бұрышын өлшеу жұмысы жүргізіледі. Төртбұрыштың төрт бұрышын өлшейді, төртеуі де тік екендігін көреді. Келесі геометриялық фигураның бұрыштары өлшенеді. Бұл геометриялық фигурандардың барлық бұрышы тік. Төрт бұрышы тік болатын төртбұрышты "тік төртбұрыш", — деп атایмыз. Тапсырмадағы геометриялық фигурандардың бұрыштарын өлшеу, салыстыру арқылы тік төртбұрыштарды тауып, шаршының да тік төртбұрыш екендігін балалар өздері тужырымдайды. Тік төртбұрыштың қабырғаларын шаршымен салыстырады. Шаршының барлық бұрыштары тік, қабырғаларының ұзындығы бірдей. Ал тік төртбұрыштың қарама-қарсы қабырғалары тең болатынын балалардың өздері анықтайды. Тапқышбек тапсырмасындағы тік төртбұрыштарды балалар дұрыс атап, Қарындаш тапсырмасы бойынша тік төртбұрыштың көшірмесін салады. Бұрыш ұғымын түсінген бала айналасындағы көрген заттардың бұрыштарын салыстыра бастайды. Олардың әр түрлі екендігін байқап, суреттегі үйдің терезе, есіктерінің бұрыштарын табады. Қағазды тендей төрт бүктеп, бұрыш шығарады. Бұл — тік бұрыш. Тәрбиеші тік бұрышты бұрыштық сыйфышпен өлшейік, — деп сыйфышпен қалай өлшейтінін көрсетеді. Дәптердегі суреттен бұрыштардың ішінен тік бұрышты табу керек.

**Корытынды**

Тапқышбек тапсырмасындағы тік төртбұрыштарды балалар дұрыс атап, сәулетші тапсырмасы бойынша тік төртбұрыштың көшірмесімен түрлі заттар құрастыруды үйренді.

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Жануарлардың орнын анықтау»

**Мақсаты:**

1. Жасырын тұрған жануарларды табу.
2. Мағанасына қарай сөздерді табу
3. Тапсырманы тиянақты орындай білуге тәрбиелу.

**Көрнекіліктер:** әліппе дәптер, жануарлардың суреттері.

**Сөздік жұмысы:** баспана, керік, киіктің лағы, тасбақа, ұлу.

**Билингвальный компонент:** керік-жираф, тасбақа-черепаха, ұлу-улитка.

**Шаттық шенбер:**

Арайлап таң атты,

Алтын сәуле таратты

Күлімдеп күн маған да қарады

Күлімдеп күн саған да қарады.

Қайырлы таң, Қайырлы күн!

Балалар, қазір бізде Ойнада, ойла сабағы.

Төмендегі сөздерге мағанасы қарсы сөздеріді тап.

Ақ \_\_\_\_\_

Жақын \_\_\_\_\_

Төмен \_\_\_\_\_

Биік \_\_\_\_\_

Жалпақ \_\_\_\_\_

Жақсылық \_\_\_\_\_

Қайғы \_\_\_\_\_

Көп \_\_\_\_\_

Жаз \_\_\_\_\_

Семіз

Жасырын жануарларды тауып боя.

**Сергіту сәті:**

Биыл және өзі туады.

Тағы екі қозы туды

Қос қозысы былтын туған

Сонда бәрі неше деш

Жүйріктерің есептеші.

әр қатарда жетпей тұрған пішінді сал.

**Қорытынды**

Балалар, бүгін оқу іс-әрекетке өте жақсы қатыстындар. Сонымен қатар сендерге тапсырмалар қын болды ам? Белсене қатысқандарың үшін рахмет!

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Зейін қою»

**Мақсаты:**

1. Бала бойында зейін қабілеттерін дамытып бекіту.
2. Ортақ белгілерді таба білуге дағдыландыру.
3. Шапшандыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** зейінге арналған суреттер.

**Сөздік жұмысы:** мысық, үйлер, тышқан, терезе, бас киім, қолғап.

Оң қолымда білезік,

Сол қолымда білезік

Саусақтарда сақина,

Қане санап көрсетші.

Балаларға жұмбақ жасыру.

Пеш тұбінде ..... отыр

Екі көзін қысып отыр

.....етін жегісі келіп

Тісі оның қышып отыр.

Мысықтарға құлақтарын, үйлерге терезе, тышқандарға құйрықт салып суреттерді толықтыр.

Суреттен нениң белгісін көріп тұрсындар? Қолғантар мен басқиімдердің ортақ белгілерін тауып, сызықпен қосындар.

**Сергіту сәті:**

Тербеледі ағаштар

алдымнан жел еседі.

Кіп- кішкендай ағаштар

үп -ұлкен боп өседі.

Тізбек тұстерінің ауысу ретін сақтап бояп шық

жас дарындар 16-17бет

Бақылай білу және бақылағаны бойынша көрген заттары туралы айтып беру, әр қатарда белгіленген заттардың ішінен бір-біріне ұқсайтын екі затты х белгісімен белгілеңіз. Ол заттың неліктен басқаларына ұқсамайтынын айтып беріңіз.

Бейнеленген нәрсенің бәрін тауып ата. Осы нәрселерді топтап қалай атауға болады?

Дөңгелектерді қызыл, ұшбұрыштарды сары, шаршыларды жасыл жасыл түске боя.

**Қорытынды**

Балалар сонымен біз тышқан мен мысықтың, үйдің қандай бөліктерін салып, қолғап пен құлақшындардың ортақ белгілерін таба алдық па?

Тұстерді ажырата аламыз ба?

Бүгінгі оқу іс-әрекетке белсенді қатысқандарың үшін рахмет.

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Суретпен жұмыс»

**Мақсаты:** Геометриялық пішіндерді танып білу дағдыларын қалыптастыру.

Ойлау қабілеттерін дамыта отырып,ұқыптылыққа,шыдамдылыққа тәрбиелеу.

**Көрнекі құралдар:** Геометриялық фигуralардың кескіндері,түрлі суреттер

Балалар жылудың шенберіне жиналады.Бір-бірлеріне әдемі тілектерін жеткізе отырып,күлкі сыйлайды.

Балалар қазір бізде қай мезгіл? Балалар назарымызды

тақтаға аудара йық. Тақтада жыл мезгілдерінің суреттері.

Төрт мезгілдің ерекшеліктерін атап өтеміз. Тақтада нелер ілініп тұр. Әр мезгілдің өз ерекшеліктері болады. Балаларға –кішкентай,түсі алдында –артында,арасында сөздерді пайдаланып,суреттегі әр заттарды сипаттап беруді ұсынады. Топтағы барлық балалармен осылай жұмыс жасалады. Бірнеше балаларды тақтаға шығарып, оларды бірінің артынан қатарластырып қояды. Қалған балалар олардың белгілерінатарап көрсетеді. Үлкен кіші киімінің орналасқан жері. Тапсырманы ауызша орындауды немесе үлкен заттарға қандай шелек берілетінін,оның түсі қандай болуы керектігін анықтап сурет арқылы көрсетуге болады. Тақырыпты қорытындылау және балаларды тапсырмаларды ықыласпен орындағаны үшін мадақтайты. Балалардың тақырыпты түсінгенін тексеру үшін тапсырманы өз беттерінше орындауға беріледі. Үлкен заттарды бір түспен, кішкентайын басқа түспен бояу керек. Содан соң олардың қағаз бетінде орналасқан орнын сипаттап беру қажет.

**Қорытынды**

Балалардың алған білімдерін қайталай отырып, мақтап мадақтау

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Таныс фигураларды ата»

**Мақсаты:** Балалардың бұрыш туралы білімін қалыптастыру. Бұрыштың түрлерімен, құрылымымен, сүйір, доғал, тік бұрыштардың пайда болу жолдарымен таныстыру. Тік төртбұрыш туралы түсініктерін дамыту

**Көрнекі құралдар:** Түрлі пішіндер кескіндері, түрлі суреттер

Тәрбиеші топтағы заттардың бұрыштарын көрсетіп, "Мынау не?" деген сұрақтар арқылы балалардың түсініктерін байқайды. Бұрыштар үнемі қиып көрсетілмейді. Түзудің бойынан бір нүктे белгілеп, сол жерден сындыру, қағазды бүктеу арқылы жасалатынын түсіндіреді. Бұрыштың төбесі және екі қабырғасы болады (окулық дәптерді пайдалан). Геометриялық фигуралардың бұрыштарын санап неше бұрышы бар екендігін анықтайды. Тапқышбек тапсырмасында баспалдақтың бұрышының шамасы оның биіктігіне байланысты. Баспалдақ неғұрлым биік болса, бұрышы да соғұрлым үлкен, керісінше баспалдақ алса болса, бұрышы соғұрлым кіші болатынын түсіндіреді. Балалар Қарындаш тапсырмасын тиянақты орындалап, бұрышты бояйды. Тік бұрыш бастайды. Олардың әр түрлі екендігін байқап, суреттегі үйдің терезе, есіктерінің бұрыштарын табады.

Бұрыш ұғымын түсінген бала айналасындағы көрген заттардың бұрыштарын салыстыра Қағазды теңдей төрт бүктеп, бұрыш шығарады. Бұл — тік бұрыш. Тәрбиеші тік бұрыш деп көрсетеді. Сондай-ақ, сыннық мүйіз оюының бұрыштары тік болады. Геометриялық фигуралардың тік бұрыштарын табу. Қарындаш тапсырмасын орындалап, тік бұрыштан басқа да бұрыштардың (сүйір, доғал) болатынын балалардың өздері табады.

**Қорытынды**

Тапқышбек тапсырмасындағы тік төртбұрыштарды балалар дұрыс атап, Қарындаш тапсырмасы бойынша тік төртбұрыштың көшірмесін салады.

**Күні:**

**Тақырыбы: «Ойлан, тап»**

**Мақсаты:**

1. Құстар мен жануарларды ажырата білу.
2. Заттардың орнын ажырата білуге үйрету
3. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** Суреттеер, түрлі түсті қарындаштар.

Балалар суретке назар аударамыз

Балалар сендер суреттен не көріп тұрсындар?

Қаз, үйрек, тауық

Тағы кімді көріп тұрсындар?

Суретші нені шатастырған?

Қаздың балапандарын, т.б.

Ендеше оларды орнына қоюға көмектесеміз.

Сөйлемді толықтыр

Тауықтың балапаны

Үйректің.....

Қаздың.....

Көгершіннің.....

Құркетауықтың.....

Ешкінің.....

Қойдың.....

Сиырдың.....

Жылқының.....

Түйенің.....

**Сергіту сәті**

Бір, екі, үш

Бойға жинап құш

Азырақ дем алайық

Сосын қайта жазайық

Қайсысы артық? Қалғандарын бір сөзben айтуда болады?

Бос торкөздерді сәйкес пішіндермен толтыр.

**Қорытынды**

Қандай тапсырмалар сендерге қын болды?

Бүгін өте белсене қатысқандарың үшін рахмет.

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Көңілді санамақтар»

**Мақсаты:** Цифр мен заттың санын сәйкестендіре білуге үйрету; заттарды санауға машиқтандыру; цифrlарды тану және бейнелеуге үйрету. Балалардың зейіні мен логикалық ойлау қабілетін дамыту. Этикалық тәрбие беру.

**Көрнекі құралдар:** Түрлі пішіндер кескіндері, түрлі суреттер, сандар

Балалардың есте сақтау қабілетін дамытып, логикалық ойлау қабілетін нығайтатын тапсырма береді.

- Төрт топтағы суреттің әрқайсысында артық зар бар. Соны табындар. Ол не үшін артық? Түсіндіріп беріндер.

Санап шық. Топтардың әрқайсысында қанша зат қалды?

балықтарды санаймыз. Балықтардың санын қанша шығады сонша цифрымен белгілейміз. Суреттегі заттарды санаймыз сол шыққан санды ауага жазамыз. Содан соң аяғымыздың ұшымен еденге саламыз. Енді қарындашты алып, қағаздағы санды салып шығамыз. Цифр, сан және нүктемен берілген сан үлгісін суретпен сәйкестендіру қажет. Бұл сабакта жазба үлгіден жасалған текшемен жұмыс істеуді бастаймыз. Балаларға зейінін, есте сақтау және логикалық ойлау қабілетін дамытуға арналған тапсырма беріледі. Артық затты табындар. Оның не үшін артық болып түрғанын түсіндіріндер.

суреттегі құстарды санаймыз. Санды цифренең белгілейік.

Суреттегі заттың санын табу. Тәрбиеші 1-4 зат салынған кез келген суретті көрсетеді және балалардан текшениң соған сәйкес келетін жағы мен карточкадағы цифрды көрсетулерін сұрайды.

Содан соң тапсырманы орындауға береді. Бұл тапсырма алдыңғы оқу қызметінен жақсы таныс. Тәрбиеші балалардан тапсырманы түсіндіріп берулерін сұрайды. Балалар өздері ұнататын түстерді таңдалап, тапсырманы орындаиды.

**Қорытынды**

Белсенділік танытқаны үшін балаларға алғыс айтады. Оқу іс-әрекетін қаншалықты менгергенін пысықтау үшін ауызша тапсырма беріліп балаларды мадақтайды.

**Күні:**

### **Тақырыбы: «Жылдам ойлан»**

**Мақсаты:** Азайту амалының мәнін түсіндіру; «азайту» таңбасын қолданысқа енгізу; азайту амалдарын құрастырып, жазуды үйрету; алғашқы бестікте сандардың номерациясын пысықтау; балалардың зейінін, кеңістікте ойлау қабілеті мен есте сақтау қабілетін дамыту; тәртіпке, реттілікке үйрету.

**Көрнекі құралдар:** Түрлі пішіндер кескіндері, түрлі суреттер, сандар

Балалардың назарын тақтаға аудара отырып, ондағы суреттерді салыстыруды ұсынады. Олардың бір-біріне ұқсастығы мен айырмашылығын табу ұсынылады. Балалардан олардың әрқайсысының астына санды карточкаларды қойып шығуларын сұрайды. Балалармен бірге тұра және кері санайды. Солдан онға қарай, содан соң кері қарай санайды. Цифрлы карточкаларды алып тастанады.

Суреттің төменгі жағында кішкентай текшелер берілген. Балалар нұктелерді санайды. Суреттерде неше нұктे бар? Олардың цифrlар мен таңбалар арқылы жазып шығуға болатынын түсіндіреді.

Берілген тапсырмаға нұктелер мен цифrlар жазылған карточканы жапсыруды тапсырады. Балаларға азайтуға мысал құрастыруға көмектеседі. Жазудағы әр цифр мен таңбаның нені білдіретінін сипаттап береді.

Келесі тапсырманы балалардың оқу қызметін менгеру деңгейін тексеру үшін беріледі: жазба мен оған сәйкес суретті сызық арқылы қосу.

Қоңыздардың қанатында неше нұкте бар? Олардың цифrlар мен таңбалар арқылы жазып шығуға болатынын түсіндіреді.

Бірінші торкөзге қоңыздың сол жақ қанатындағы нұктесі санына сәйкес келетін санының жапсырмасын жапсырамыз. Екіншісіне «+» (қосу) таңбасы жазылған. Оң жаққа оң жақ қанатындағы нұктесі санына сәйкес келетін жапсырманы жапсырамыз. «=» таңбасынан кейін нәтижесі жазылады.

### **Қорытынды**

Бұрынғы өткенді қайталау мақсатында берілген тапсырманы орындауға болады. Ол заттарды жіктеуге арналған. Балалар әр ұяшықтағы жиынтыққа тағы бір элемент қосып жапсырады. Балаларды мақтап, мадақтап қорытындылау.

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Тапқышбектің тапсырмасын орындаңық»

**Мақсаты:**

1. Берілген тапсырманы толық орындау.
2. Сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру.
3. Тапсырманы тиянақты орындаі білуге тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** дәптер, жыл мезгілдерінің суреттері.

**Сөздік жұмысы** жыл мезгілдері, кілемше, өрнектер.

Балалар, суретші нені шатастырған?

Бұлт үстіне күнді салып қойған.

Кілемшелерді боямыз.

**Сергіту сәті:**

Айгөлек ау, айгөлек,

Айдың жүзі дөңгелек!

Айдай толған кезімде

Би билеймін дөігелеп!

Өрнектің жетіспейтін бөлігін тап.

Сұрақтарға жауап бер

Нені төгеді?

нені байқады?

Нені киеді?

Нені тасиды?

Нені өреді?

Нені тоқиды?

Не туралы айтуға болады?

Нені әндетеңді?

**Қорытынды**

Сонымен қандай тапсырмалар сендерге қын болды? Өте белсен қатысқандарың үшін рахмет.

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Бүтін және бөлік»

**Мақсаты:** «Бүтін және бөліктер» терминін енгізу, бөліктерден бүтінді құрастыруға, бүтінді бөлі ойлау қабілетін дамыту;

Сендер апликация жасауды жақсы көресіңдер ме? Біз сендермен көптеген апликациялар орындаадық. Бүгін мен сендерге біздің апликациялық жұмыс үшін бөлшектер дайындауды ұсынамын.

Тәрбиеші балаларға түрлі түсті қағаздан дайындалған шаршы, дөңгелек, сопақша, тіктөртбұрыштар таратады. Содан соң тақтаға геометриялық фигуralардан құрастырылған апликацияны іледі.



Апликациядан не көріп тұрсындар? Қалпағы бар саңырауқұлақ құрастырылған фигуralарды қалай атауға болады?

Дөңгелекті бөліктерге бөлдік. Бұл бөлік жартысы деп аталады. Фигураны екіге бөлуді үйренеміз. Ол үшін дөңгелекті шеттері бір-біріне дәл келетіндей етіп ұқыптаң бүктеиміз. Олар сызық бойымен бүктеп қию үшін, қайшы беруге болады. Бізде неше жарты пайда болды?

Егер біз әрбір жарты дөңгелекті тағы да екіге бүктейтін болсық, онда ширек бөліктер пайда болады.

Дөңгелекті ширек бөліктерге бөлуге уақыт беріп, көмектеседі. Содан соң бөліктерін көрсетіп, неше ширек бөлік шыққанын санайды.

Шаршыны жарты бөлікке (ширек бөлікке) бөліп көріндер. Қалай дайындауға болатынын айтындар.

Содан соң жасаған бөліктерін дайын түрдегі өрнекті партага қоюды ұсынады:

### **Қорытынды**

Енді біз осындағы апликацияны жасай аламыз ба? Бөлшектер дайын ба? Олар қалай аталады? Оларды біз қандай фигурадан алдық?

- Бүгін қандай жаңа сөздермен таныстық?

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Заттардың орналасуы»

**Мақсаты:** Заттарды әртүрлі белгілері, оның ішінде биіктігі, қалындығы, ұзындығы бойынша салыстыра білуге үйрету; тура және кері санау дағдыларын дамыту; зейіндерін, сөйлеу тілдерін жетілдіру; заттарды күтіп ұстаяuga тәрбиелеу.

**Көрнекі құралдар:** Сандар, түрлі суреттер

«Орманға серуен» атты ситуацияны ұсыну.

Аңдар ағаштың артына жасырынып қалыпты. Қане, оларды тауып көрейік.

Мен қандай аң жасырынғанын және ол жасырынған ағашты сипаттаймын.

Ағашты сипаттайды, бірақ атын айтпайды:

- Ол – ең жуан ағаш, биіктігі орташа (20-кестедегі ағаштар, 15 кестедегі аңдар). Оның артында қоян жасырынып отыр. Балалар ол ағашты тауып көрсетеді. Егер балалар дұрыс атаған болса, қоян сол ағаштың артында отырады.

- Бұл ағаш ең жінішке және ең биік ағаш, оның артында тиін жасырынып отыр, т.с.

- Бұл жерде қай ағаш ең биік екенін қалай анықтауға болады? Қай ағаш ең алса екенін ше? Мүмкін біздің көз мөлшеріміз дұрыс емес шығар? Қалай тексереміз? Қандай шартты өлшем алсақ болады? Тәрбиеші жолақша-таяқшаны көрсетеді. Балалармен бірге осындай таяқшаларды әр ағаштың үстіне қояды, неше рет қойғанын санап, ағаштардың биіктігін салыстырады. Әр ағаштың астына тиісті цифр жазылған карточканы қояды. Содан соң ең үлкен цифрды табады. Бұл ағаш ең биігі болып саналады. - Енді ең кіші ағашты табындар (осыған ұқсас жұмыс жүргізіледі)

- Біз орманға серуендердік. Жасырынған аңдар таптық. Енді аңдарға дәптермен қалай жұмыс істейтінімізді, неге үйренгенімізді көрсетейік.

№1 тапсырмада ең биік, ең алса, биіктігі бірдей мұнараларды табамыз.

**Қорытынды**

Заттарды қалай салыстыру керек? Тақтада салынған жолақтарды салыстыра аласындар ма? Неге? Дұрыс, оларды бір-бірінің үстіне қоюға болмайды. Салыстыру үшін, шартты өлшеуіш алу керек.

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Бағыттарды ажырату, оң мен солды айыру»

**Мақсаты:**

1. Бағыттарды ажырата білуге үйрету, оң мен солды айыруға үйрету.
2. Бой ерекшелерін салыстыру.
3. Тазалаққа, шапшаңдыққа үйрету.

**Көрнекіліктер:** дәптер, түрлі түсті қарындаштар.

Балалар, ендеше дәптерге назар аударайық.

Марат Коляның сол жағында отыр. Коля Серіктің оң жағында отыр. Қай бала қай жерде екенін көрсет.

Оңға бағытталғанмен зерлі қызыл түспен, солға бағытталғанын көк түспен, жоғары бағытталғанын сары түспен, тұмениң бағытталғанын жасыл түспен боя.

**Сергіту сәті:**

Жел соқты гу-гу

Жаңбыр жауды тырс-тырс

Жаңбыр басылды,

Күн ашылды.

Балалардың бойын салыстыр. Ең бойшаң және ең аласа баланы ата.

Кім қайда отыр?

Төмендегі пішіндердің ретін бұзбай, толықтырып салып боя.

**Қорытынды**

Балалар, сендерге тапсырмалар қиын болды ма? Белсене қатысқандарың үшін раҳмет.

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Сәйкестікті ажырата білу»

**Мақсаты:**

1. Өз жұмысын түсіндіре отырып, тапсырманы тиянақты орындаі білуге тәрбиелу.
2. Сұрақтарға ойланып жауап берे білуге дағдыландыру.
3. Тазалаққа, шапшаңдыққа үйрету.

**Көрнекіліктер:** Дәптер.

Балалар қазір Бір-біріне сәйкес келетін жұп заттарды бір түспен боя.

Ойланып есептерді шеш. Өз жауабынды түсіндір.

Ұяға дейін торғай жылдам ұшып жете ме, әлде жұлдызқұрт па?

Терек тұқымынан қанша қайың өсіп шығады?

Қарға қатты қарқылдай ма, әлде көкек пе?

Килограмм мақта ауыр ма, әлде қант ауыр ма?

Жағаға дейин қаз тез түзе ме, әлде әтеш пе?

**Сергіту сәті:**

Солға, солға тұзу тұр,

Онға, онға тұзу тұр

Алға қарай бір адым,

Жоғары төмен қарайық,

Орнымызды табайық.

Кім қандай машинамен жүреді? Араларын сзызықпен қос.

Құмыраның суретін аяқтап сал.

**Қорытынды**

Балалар, сендерге тапсырмалар қын болды ма? Бүгін белсене қатысқандарың үшін рахмет.

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Артық затты анықта»

**Мақсаты:**

1. Жұмысты тиянақты орындаі білуге үйрету
- 2.Әз жасаған жұмысын бағалау алуға тәрбиелу.
3. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелу.

**Көрнекіліктер:** түрлі-түсті қарындаштар.

**Сөздік жұмысы:** жануарлар, жәндіктер, киімдер, көкөністер, жемістер.

Балалар, берілген тапсырмаларды орындаібық.

Бірінші тапсырма: Әр топтағы артық нәрсені тап.

Екінші тапсырма: Өрнекті жалғастыр.

Үшінші тапсырма: Құмыраның ішіне және артына жасырынғандарды тап

**Сергіту сәті:**

бала, бала, балапан.

кане қайсысы алақан

саусақтары әйбәт.

былай былай ойнап

саусақтарымыз әйбәт,

би билейміз ойнап.

Балалар орнымызға отырып, әліппе діптердегі тапсырмаларды әрі қарай жалғастырайбық.

Төртінші тапсырма: суретті қайтала.

**Қорытынды**

Балалар, сендерге тапсырмалар қын болды ма? Бүгін белсене қатысқандарың үшін рахмет.

## **Күні:**

**Тақырыбы:** «Оң мен солды ажырату»

## **Мақсаты:**

1. Жұмысты тиянақты орындаі білуге үйрету
- 2.Өз жасаған жұмысын бағалау алуға тәрбиелеу.
3. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** Дәптер, түрлі-түсті қарындаштар.

**Сөздік жұмысы:** Тышқан, ойыншық, бақа, кірпі, мысық.

Балалар, әліппе дәптеріміді алып ондағы берілген тапсырмаларды орындаібык.

Бірінші тапсырма: Чиптің оң және сол жағында кімдер тұр?

Екінші тапсырма: Ойланып, сөйлемді аяқта

Үшінші тапсырма: Жоғарғы және төменгі сөрелердегі ойыншықтарды ата. Олардың түстері қандай?

## **Сергіту сәті:**

Бала, бала, балапан.

Қане қайсысы алақан

Саусақтары әйбәт.

Былай былай ойнап

Саусақтарымыз әйбәт,

Би билейміз ойнап.

Балалар орнымызға отырып, әліппе діптердегі тапсырмаларды әрі қарай жалғастырайык.

Төртінші тапсырма: суретті қайталап сал.

## **Қорытынды**

Балалар, сендерге тапсырмалар қын болды ма? Бүгін белсене қатысқандарың үшін рахмет.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Ойын «Кім тапқыр?»

**Мақсаты:** Балаларға өз еркімен атқаратын тапсырма беріп, өткен сабактарда танысқан сандарға талдау жасату. Құрамын анықтап, сандарға байланысты алған білім деңгейін бақылау. Ақыл-ой белсенділігін күшету, шапшаңдыққа, дәлдікке тәрбиелеу.

**Көрнекі құралдар:** Сандар, үлестірмелі материалдар, суреттер

"Кершісін тап", "Қай сан жоқ?" "Жарыс", "Кім шапшаң?" сияқты ойындар ойнатып етілген сабактардағы сандарды еске түсіріп балалардың белсенді қызығушылығын дамытып, берілген білімді менгерту.

Толықтыруға берілген тапсырмада ортада жазылған санның берілген санға қандай санды қосқанда шығатынын анықтап, торкөзге жазу. Жұмыс барысында Тапқышбек, қадағалап тұрғанын балаларға ескерту.

Суреттегі дөңгелектерді түстеріне қарай сұрыптаپ, есептер құрастыру. Олардың нәтижелерін шығарып, торкөздерді толтыру. Балалар өз еркімен жұмыс атқарады. Балалардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасау.

Баланы сурет бойынша сөйлету. Суреттерден торғайларды көріп тұрмын.

Торғайлар өте көп. Олар бұтақта отыр. Қане торғайлар туралы тақпак, жұмбак, жаңылтпаш қайталап, есеп құрастырайық: Сол жақтағы бұтақта 4 торғай отыр еді, он жақтағы бұтаққа тағы да екі торғай ұшып келіп қонды. Ендеше, 4 торғай + 2 торғай = 6 торғай. Басқа тапсырмаларда осылай орындалады. Қол жаттықтыру жұмысында бала қасындағы парталас досымен әңгімелесіп, жәй дауыспен естірте сөйлеп берілген жұмыстарды орындауға болады. Тәрбиеші-педагог үлестірмелі материалдарды таратып, балалардың математикалық, тілдік деңгейін тереңдетеді.

**Қорытынды**

Заттардың орнын ауыстырганнан саны, салмағы, көлемі өзгермейтінін түсіндіру мақсатында өзіндік жұмыс беріледі. Балалардың байланыстырып сөйлеу тілін дамытып, ойын нақтылап, дүниетанымын кеңейтеміз. Балаларды мақтап мадақтау.

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Заттардың ұқсастығын табу»

**Мақсаты:**

1. Заттардағы айырмашылықты аңғаруға білуге үйрету.

2. Ойлау қабілеттерін арттыру.

3. Тапсырманы зейін қойып орындаі білуге тәрбиелеу

**Көрнекіліктер:** дәптер, суреттер.

**Сөздік жұмысы:** беторамал, жәндіктер, құстар.

**Билингвальный компонент:** беторамал-полотенце, носиком-жәндіктер, птицы-құстар.

Допты тәрбиеші бір балаға береді «Сен әдемісің» дейді, ал келесі бала сен сұлусың, көріктісің т.б. лебіздерді айтады.

Бет орамалға лайықты жауапты тап.

Суретте не жетімпейді? Ойлан тап және суретті аяқта.

өз-өздеріне баға беру.

**Сергіту сәті:**

Бірім....

Екім...

Тығыл-тығыл...

Бекін-бекін..

Мен санайын

Сен бол дайын.

Сары шымшық,

Сен тұр, сен шық!

Мұнда қайсысы артық? Қалғандарын бір сөзben қалай айтуға болады?

Шардың суретін шеңбердің ішінде, бірақ шаршыдан тыс болатындаі етіп жерге сал, алманың суретін шеңбер мен шаршының іштеріне, ал қиярдың суретін шаршының ішіне сал.

**Қорытынды**

Орамалға жамауды қалай таптындар?

Фигураларды орналастыру сендерге қызын болды ма? Белсене қатысқандарыңа рахмет.

**Күні:**

**Тақырыбы:** «10-ға дейінгі сандарды санауға үйрету»

**Мақсаты:** Цифр мен заттың санын сәйкестендіре білуге үйрету; заттарды санауға машиқтандыру; цифrlарды тану және бейнелеуге үйрету. Балалардың зейіні мен логикалық ойлау қабілетін дамыту. Этикалық тәрбие беру.

**Көрнекі құралдар:** Түрлі пішіндер кескіндері, түрлі суреттер, сандар

Балалардың есте сақтау қабілетін дамытып, логикалық ойлау қабілетін нығайтатын тапсырма береді.

- Төрт топтағы суреттің әрқайсысында артық зар бар. Соны табындар. Ол не үшін артық? Түсіндіріп беріндер.

Санап шық. Топтардың әрқайсысында қанша зат қалды?

балықтарды санаймыз. Балықтардың санын қанша шығады сонша цифрымен белгілейміз. Суреттегі заттарды санаймыз сол шыққан санды ауага жазамыз. Содан соң аяғымыздың ұшымен еденге саламыз. Енді қарындашты алып, қағаздағы санды салып шығамыз. Цифр, сан және нүктемен берілген сан үлгісін суретпен сәйкестендіру қажет. Бұл сабакта жазба үлгіден жасалған текшемен жұмыс істеуді бастаймыз. Балаларға зейінін, есте сақтау және логикалық ойлау қабілетін дамытуға арналған тапсырма беріледі. Артық затты табындар. Оның не үшін артық болып түрғанын түсіндіріндер.

суреттегі құстарды санаймыз. Санды цифренең белгілейік.

Суреттегі заттың санын табу. Тәрбиеші 1-4 зат салынған кез келген суретті көрсетеді және балалардан текшениң соған сәйкес келетін жағы мен карточкадағы цифрды көрсетулерін сұрайды.

Содан соң тапсырманы орындауға береді. Бұл тапсырма алдыңғы оку іс-әрекетінмен жақсы таныс. Тәрбиеші балалардан тапсырманы түсіндіріп берулерін сұрайды. Балалар өздері ұнататын түстерді таңдалап, тапсырманы орындаиды.

### **Қорытынды**

Белсенділік танытқаны үшін балаларға алғыс айтады. Оқу іс-әрекетін қаншалықты менгергенін пысықтау үшін ауызша тапсырма беріліп балаларды мадақтайды.

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Бастаған жұмысты аяқта»

**Мақсаты:**

1. Жұмысты аяқсыз қалдырмауға үйрету.
2. Өз жұмысын бағалау.
3. Тапсырманы тиянақты орындаі білуге тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** дәптер, түрлі-түсті қарындаштар.

**Сөздік жұмысы:** текше, ойыншықтар, моншақ.

Балалар, суретке қараймыз

Әр текшениң жетпей тұрган бөлігін тап. Текше мен бөлігін бір түспен боя.

Жолды соңына дейін толтыр.

Моншақтың суретін заңдылығына сәйкес аяғына дейін салып шық.

Суретті аяқта.

Ойлан не жөнінде айтылған?

Өзі дәңгелек, жасыл ала, үлкен әри дамди \_\_\_\_\_

Бұдыр-бұдыр, кіртілдек, ұзын жасыл \_\_\_\_\_

Өзі шырайлы, уылжыған әрі хош иісі аңқыған \_\_\_\_\_.

Нәзік, хош иісі аңқыған \_\_\_\_\_.

Ұзын құлақ, сұр, қорқақ \_\_\_\_\_.

Азулы, сұр, ашқарақ \_\_\_\_\_.

**Сергіту сәті:**

Ал, балалар, тұрмайық,

Үлкен шеңбер құрайық.

Шеңбер құрып болған соң,

Алақанды ұрайық.

Оң жақтағы балаға,

Сол жақтағы балаға,

шапалақта, шапалақта

Жоғары төмен қарайық,

Саусақтарды санайық

**Қорытынды**

Балалар, сендерге тапсырмалар қиын болды ма? Бүгін белсене қатысқандарың үшін рахмет.

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Ойнай отырып, ойла»

**Мақсаты:** Цифр мен заттың санын сәйкестендіре білуге үйрету; заттарды санауға машиқтандыру; цифrlарды тану және бейнелеуге үйрету. Балалардың зейіні мен логикалық ойлау қабілетін дамыту. Этикалық тәрбие беру.

**Көрнекі құралдар:** Түрлі пішіндер кескіндері, түрлі суреттер, сандар

Балалардан тек қана вагондарды санап шығуды сұрайды. Паровозды «қосымша жолға» шығарып қояды. Вагондарды нөмірлеуді өтінеді. Вагондар санын ауыстырып, балалармен бірге солдан онға кері санайды.

Бірінші, соңғы, ортадағы, екінші және үшінші вагондардың ортасында деген сөздерді қолданады. Балаларға «Жасырынбақ» ойынын ойнау туралы ұсыныс жасайды:

Тышқан (немесе басқа кез келген кейіпкер) қай вагонға жасырынды?

Ойынның шарты: Балалардың бәрі қөзін жұмады, жүргізуші тышқанды вагонға жасырады. Содан соң вагонның нөмірін айтпай, оны сөзбен сипаттап беруге тырысады. Басқа балалар сипаттама бойынша жауабын табады. Мысалы: ол екінші мен төртінші вагонның ортасында. Ол бесінші вагон мен үшінші вагонның ортасында немесе ол қызыл емес және үшінші тұрған жоқ және т.б.

Ойынға арналған текшелер, цифrlар және сандық суреттермен жұмыс істегендे әртүрлі нұсқаларды пайдалануға болады. Тәрбиеші цифрды, нүктеден тұратын сан үлгісін немесе заттың санын көрсетеді. Ал балалар соған сәйкес келетін карточканы табады. Жұмысты жұппен орындауға болады. Балалардың бірі санды, екіншісі үлгіні немесе санды карточканы алады. Домино ойынындағы сияқты қимылдайды. Балалар цифр жазылған жапсырмаларды вагондарға жарсырады.

**Қорытынды**

1-ден 5-ке дейінгі сандарды қатарластырып қояды және балалардан оларды тұра және кері қарай хормен санауларын сұрайды. Сөйтіп, олардың санауды қалай менгергенін тексереді. Содан соң балалар көздерін жұмып, тағы да солай санап шығуы тиіс.

## **Күні:**

**Тақырыбы:** «Жолды анықта. Құрлыс ретін көрсету»

## **Мақсаты:**

1. Жұмысты тиянақты орындау білуге үйрету.

2. Өз жұмысын бағалау.

3. Тазалаққа, шапшаңдыққа үйрету.

**Көрнекіліктер:** дәптер, түрлі-түсті қарындаштар.

**Сөздік жұмысы:** пішіндер, үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек.

Балалар, қазір бізде кірпі қонақта

Кірпі қайда барады?

Өрнекті қайтала.

Жолды соңына дейін толтырамыз.

Балалар тапсырмаларды орындаиды.

## **Сергіту сәті:**

Ал, балалар, тұрмайық,

Үлкен шенбер құрайық.

Шеңбер құрып болған соң,

Алақанды ұрайық.

Оң жақтағы балаға,

Сол жақтағы балаға,

шапалақта, шапалақта

Жоғары төмен қарайық,

Саусақтарды санайық

Үй құрылышының терін көрсет.

Суретті қайтала.

ойланып, сөйлемді аяқта.

## **Қорытынды**

Балалар, сендерге тапсырмалар қиын болды ма? Бүгінгі белсене қатысқандарың үшін  
рахмет.

**Күні:**

**Тақырыбы:** «Математикалық эстафета»

**Мақсаты:** Ұлттық ақшамыз теңге туралы түсінік беру.

Ақша түрлері (қағаз, темір, ірі, ұсақ) туралы ұғымдарын тереңдету.

"Теңге" ұғымын қалыптастыру.

Теңгедегі бабалар өмірінен мағлұмат беру

**Көрнекі құралдар:** Теңге монеталар суреттер т.б

Тәрбиеші балалар назарын тақтадағы суретке аудара отырып, Оның түрлері: ұсақ теңгелер темір күйінде болатыны, 1,2,3,5,10 және т.б. болып ірілене беретіндігі, олардың ірі болған сайын құны артатындығы, ұсақталған сайын құны кемитіндігі туралы мағлұмат беріледі.

Ірі теңгелердегі ұлы адамдар бейнесі Абылай, Әл-Фараби туралы қысқаша мағлұмат беру.

Абылай қазақтың ханы, ақылды, батыр болған. Ол үш жүздің басын біріктірген. Шын аты - Эблімансур. Ол Түркістанда құл Қожахмет Иассауи мавзолейінде жерленген.

Әбу Насыр Әл-Фараби Отыrap қаласында дүниеге келген. Жастайынан оқу-білім, ғылым ізденеген ақылды да зерен еді. Әр ұлттың өз ақшасы бар. Мысалы, көрші елдерде: қырғызыда - сом, өзбекте - сум, орыста - рубль, немісте - марка, қытайда - юань, америкада - доллар т.б

Олардың құны әрқалай, бірі-бірінен жоғары-төмен болып келеді. Содан соң, окулықтағы көрсетілген теңге түрлерімен 1,3,5,10 теңгеліктермен балаларды таныстыруға болады. Олардың ара қатынасы: 3 теңге үш бір теңгеліктен, 5 теңге бес бір теңгеліктен, 10 теңге он бір теңгеліктен түратындығы, т.о.с туралы мағлұмат беріледі. Балалардың күнделікті қолданатын құралдарының бағасымен таныстыру. Теңгелерге амалдар қолдану (қосу, азайту) арқылы есептеу дағдыларын жетілдіру жұмыстары жүргізіледі.

**Қорытынды**

Оқу іс-әрекетін "Дүкен" ойыны арқылы қорытындылауға болады. балаларды теңге ұғымымен теңге түрлерімен, олардың арақатынасымен таныстыру, теңгелердің қолданыс орнын біліп бағалау, үнемдік тәрбие беру көзделеді.

## **Түсіндірме хат.**

Қазіргі өмір жағдайында адамның тіршілік әркетіндегі қауіпсіздік мәселесі- ең өзекті мәселелердің бірі. Әлемде болып жатқан оқиғалар адам өміріне деген қауіп-қатердің көбейгендігін дәлелдейді. Ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін баланың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету адамзаттың практикалық мұдделерінің маңызды қырларының бірі болып табылады. Адамның ең негізгі мақсаты ол-өмірді сақтап қалу. Адам осы өмірдегі өмір сүру мағынасын іздейді, жоспар құрады, сол жоспарды іске асыру үшін үйренеді. Көп жағдайларда өз өмірін сақтап қалу және өз жақындарының өмірін сақтап қалу үшін қарапайым ережелерді білуіне байланысты болады.

Ол үшін кез-келген адам өмір қауіпсіздік негіздерін білу керек. Қай жерде болмасын, жалғыз, достарымен, отбасымен, жолда, жұмысқа бара жатқанда, демалыста немесе үйде көптеген адамдар өміріне қауіпті жағдай болатындығын есімізден шығармауымыз керек. Сол себептен бұны білу және оны дұрыс қолдану біздің міндетіміз.

Қоғамның табиғи ресустарды қарқынды пайдалануы, қоғамдық – өндірістік қызметтердің барлық сферасындағы техниканың кең енгізілуі, механикаландырудың және автоматтандырудың жүйесі, нарықтық қатынастарының қалыптасуы және қоршаған ортаның ластануы әртүрлі табиғи, техногендік, экологиялық және тағы басқа қауіpterдің пайда болуына әкеліп соқтырып отыр. Олар әрбір адамнан халықтың денсаулығына және адамның ағзасына қолайсыз әсерлерден қорғаудың тиімді жиынтық шараларын икемді анықтауын және жүзеге асыруын талап етеді. Өмірдің қауіпсіздік мәселесінің шешілүі адамдардың қызметтердің қалыпты (саяси) жағдайларын қамтамасыз етуден, адамды және оны қоршаған ортаны қорғаудан (өндірістік, табиғи, қалалық) қалыпты мүмкін деңгейлерді жоғарлататын теріс факторлардың әсерінен тұрады. Егерде адамдар қауіпсіздік ережелері мен ескертулерді сақтамаса онда адам өміріне қауіп төнеді. Сол себепті салауатты өмір сүргісі келетін кез келген адам қауіпсіздік ережесін бұлжытпай орындаپ отыруы керек.

Қауіпсіздік сыртқы және ішкі қатерден қорғайтын тірі организмнің қажетті шарасы. Адам қауіпсіздігінің өз ерекшеліктері бар, адамның басқа тірі организмдерден айырмашылығы, ол табиғи ортадан, өз өмір сүру ортасын жасай алады.

Бүгінгі танда адамның кез-келген іс-әркеті әкелетін пайдасы мен бірге кері нәтиже әкеліп жатыр. Мысалы: экологияның бұзылуы, жарақат алу, ауыру, тіпті қазаға ұшырау. Сондықтан қауіпсіздікті, нақты іс-әрекеттен болатын, адамды және өмір сүру органы кешенді қорғау шаралары деп түсінуіміз қажет. Ис-әрекеттің түрі күрделеген сайын, кешенді қорғану шаралары қажет болады.

## Kіrіспе

**Мақсаты:** Қауіп-қатер ортасың қуат жағдайымен, адамдардың іс-әрекетімен тығыз байланысты құбылыс екенін үғындыру, белгілі бір жағдайда қоршаған ортаға үлкен залалын тигізуі және зардабын әкелуі мүмкін екенін түсіндіру.

**Міндеті:** Қауіпсіздік ережелерін таныстара отырып, одан әрі білімдерін кеңейту. Өмір қауіпсіздік ережелері туралы түсініктерін дамыту. Алғашқы көмек көрсетуге тәрбиелеу.

Адамның қауіпсіздік сақтауы ол өзінің жеке басына ғана емес отбасына да қатысы бар. Себебі қандай ата-ана болмасын бірінші отбасы мүшелерінің, балаларының қауіпсіздігін ойлайды. Ата-ана қауіпсіздікті тек өзі ғана үйымдастырамын десе қателеседі. Баласының қауіпсіздігін ойлаған ата-ана ең алдымен балаға қауіпсіздік сақтау ережелерін таныстырып отыруы керек. Бұл тек қана ата-аналардың ғана емес мектепке дейінгі үйымдар мен мектептің де міндеті.

Балабақша мен отбасы тәрбиесінің негізгі мақсаты-дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты ар-ожданы мол, еңбеккор, білімді азаматты тәрбиелеу. Бала да жас терек сияқты, қалай тәрбиелесен, жастан қандай тәрбие берсең, ертең есейгенде жас кезіндегі алған тәрбиесі өміріне негіз болмақ. Сол себепті бала қауіпсіздігін сақтауды ең бірінші орынға қоюмыз керек.

Күн сайын еліміздің қалаларында, ауылдарында із-түзсіз жоғалып кеткен, немесе қыс мезгілдерінде келеңсіз жағдайларға ұшырап, тамақтар мен басқада заттардан уланып, автокөліктер саны өсken сайын жол апаттарына ұшырап жатқандардың саны көбеюде. Жол көлік оқиғалары жөніндегі деректерге зер салсақ, қалалық жерлерде жакяу жүргіншілердің кінесінен болатын оқыс оқиғалар саны едәуір көп. Оның себептері: балалардың жолда журу ережесін сақтай білмеуінде. Олар көбіне ереже талабын бұзып, асығыстық жасап, жүгіріп өтуге ұмтылады. Эдette кез-келген ата-ана «жолдан жүгіріп өтуші болма, машина қағып кетеді» немесе «бейтаныс адамға жолаушы болма» деген ескертуден аса алмайды. Бұл әрине жеткіліксіз.

Көшеде ұзақ ойнап жүріп қалған бала міндетті түрде қыын жағдайға тап болуы мүмкін (балалармен ойнап жүріп ерекесіп, төбелесіп қалуы, дүкеннен жарылғыш заттарды сатып алғып ойнауы және т.с.с.). Немесе көпшілік жағдайда ата-ана жұмыста болып, бала үйде жалғыз қалатын кездер болады. Осындай жағдайда бала қауіпсіздік ережесін туралы білмese немесе білгенін қолдана алмаса ол үлкен қатерге алғып келуі мүмкін. Сол себепті балаға өмір қауіпсіздік ережесін сақтауды түсініп, өмірде қолдана білуге, алған білімін дағдыға айналдыруға дайындауымыз керек. Оқу іс-әрекеті баланың көшеде, үйде, табиғат аясында өзін ұстau мінез-құлық ережелеріне байланысты жоспарланған.

## «Өмір қауіпсіздігі» вариативтік компонентінің күнтізбелік жоспары

<b>№</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Сағат саны</b>	<b>Күні</b>
1	Табиғи апattар қандай болады және қауіпсіздік деген не?	Балаларға қауіпсіздіктің не екені туралы түсінік беру, табиғи апattар туралы жалпылама түсінік қалыптастыру	1	
2	Көліктер	Көліктің шығуы тарихымен таныстыру, балаларды әр түрлі көлік түрлерімен таныстыру.	1	
3	Мейірімді және мейрімсіз от	Табиғи апат ретінде өртің пайда болу себептері жайлы түсінік беру. қарапайым өрт қауіпсіздігі ережелерімен таныстыру және орындауға үйрету, өрт сөндіру құралдары туралы түсінік қалыптастыру.	1	
4	Жаяу жүргіншілер мен жолаушылар	Жаяу жүргіншілер мен жолаушылардың қауіпсіздік ережелері туралы білім беру. Көшеде жолда журу ережелерін сақтау іскерлігін жетілдіру. Қоғамдық көліктегі мінез –құлық ережесі туралы әңгіме жүргізу.	1	
5	Қауіпсіз жолды табамыз.	Өрт кезіндегі дұрыс іс – әрекеттерді, эвакуациялаудың барлық ережелерін сақтай отырып, ғимараттан шығуды үйретуді жалғастыру.	1	
6	Тыйым салушы белгілер.	Тыйым салушы «Жүргүге болмайды» «Қауіпті жер» белгілері туралы білімін жетілдіру. Белгілерді ажырататай білуге үйрету.	1	
7	Тұтіндең ғимараттағы дұрыс іс – әрекет дағдыларын дамыту.		1	
8	Тыйым салушы белгілер	Тыйым салушы «Солға бұрылуға болмайды», «Бұрылуға болмайды», «Тоқтауға болмайды» белгілері туралы білімін жетілдіру. Белгілерді ажыратып, аттай білу.	1	

9	Жер сілкінісі табиғи апат. Ол неге қауіпті.	Табиғи апат ретінде жер сілкінісі туралы түсінік беру. Жер сілкінісінің пайда болу себептері мен белгілері туралы.	1	
10	Бағдаршам	Балалардың жол белгілері ережелерін есте сақтауға үйрету. Бағдаршам туралы түсінік беру. Бағдаршам туралы жалпылама түсінік қалыптастыру.	1	
11	Жолда жүре білеміз бе?	Жолда жүру белгілерін ажыраты білу. Жол тәртібі туралы түсінік беру. Балалардың көше, жолдың көлік жүретін бөлігін тротуар, жаяу жүргіншілер өтпелері, бағдаршам, көліктедің тұрларі жайлы түсініктерін толықтыру, оларды бақылауға, тұжырымжауға, көшелерде өздерін дұрыс ұстауға, қауіпсіздік ережелерін сақтауға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.	1	
12	Жер сілкінісі кезінде дұрыс әрекет етуді үйрету.	Жер сілкінісі кезінде дұрыс әрекет етуді үйрету.	1	
13	Жер сілкінісінен кейінгі қандай қауіп қатерлер болуы мүмкін.	Жер сілкінісінен кейінгі дұрыс іс – әрекет дағдыларын дамыту, жаралану кезінде алғашқы медициналық көмек көрсетудің қарапайым әрекеттерін үйрету.	1	
14	Мен жаяу жүргінші әрі жолаушымын.	Велосипед, самокат, ролик тебу кезінде жолда жүру ережесін сақтау туралы білімін жетілдіру.	1	
15	Сел және көшкін деген не?	Сел» және «Көшкін» табиғи құбылысы және оның белгілері туралы түсінік беру. Селдің белгілері мен пайда болу себептері туралы түсінік қалыптастыру.	1	
16	Жолда жүру әліппесі	Бағыт беруші, сілтеуші белгілер туралы білімін жетілдіруді жалғастыру.	1	
17	Көшкін мен сел кезіндегі міnez – құлық ережелері.	«Сел» және «Көшкін» табиғи апартары кезіндегі қажетті іс- әрекеттерді үйрету.	1	
18	Жол белгілері біздің досымыз.	Алғашқы медициналық көмек көрсету пункті, аурухана, телефон соғу орны, суға шомылатын орынды білдіретін белгілер туралы білімін бекіту. «МАЙ посты», «Ауызсу», «Демалыс орыны» сияқты белгілермен таныстыру.	1	

19	Қыс аナンың қыспағы. Қыс мезгіліндегі қауіп –қатерлер.	Қыс мезгіліне тән қауіп – қатерлер туралы түсінік беруді жалғастыру. Боран, аяз, көктайғақ кезінде ересектерсіз далаға шықпау керектігін, ая – райына сай киіну керектігін түсіндіру.	1	
20	Жол , Көлік және жаяу жүргінші.	Жол, көлік және жаяу жүргінші туралы білімдерін бекіту. Олардың өзара байланысы туралы түсініктерін кеңейту.	1	
21	Көктайғақ пен боран кезіндегі біздің қауіпсіздігіміз.	Көктайғақ және боран туралы білімдерін бекіту. Көктайғақ және боран кезінде дұрыс әрекет ету жолдарымен тәныстыру.	1	
22	Жүргізуші сақ бол!	Жүргізуші үшін жолдағы қауіпті жерлерді ескертетін жол белгілері туралы білімін жетілдіру. Көшеде жүргенде көшеде журу мінез – құлық ережелерін ескеру туралы білімін бекіту.	1	
23	Су біздің досымыз бен жауымыз. Су тасқыны.	Табиғат апат су тасқыны туралы түсінік беру. Су тасқынының болу себептері мен оның салдарынан болатын қауіп қатерлер.	1	
24	Көшеде және жолда.	көшеде, жолда өзін ұстаудың қарапайым ережелері және тыйым салушы белгілер туралы білімін бекіту.	1	
25	Су тасқыны кезіндегі мінез- құлық ережелері	су тасқыны кезінде дұрыс әрекет ету жолдарымен тәныстыру.	1	
26	Велосипед.	Велосипед тебу кезіндегі қауіпсіздік ережелері туралы білім беру.	1	
27	Су тасқынынан кейін не істеуіміз керек?	Су тасқынынан кейінгі іс-әрекеттерді үйрету.	1	
28	Қала көліктері.	көше қозғалысы туралы білімін жетілдіру.	1	
29	Құтқаруши болу құрмет!	Құтқаруши мамандығы туралы түсінік беру. Құтқаруши мамандығына деген құрмет сезімін ояту.	1	
30	Бірнеше көлікке арналған жол.	Жолдардың әр түрлі болатындығы (тар, кен, қарама-қарсы бірнеше көлікке арналған жол) туралы білім беру.	1	
31	Біздің көмекшілеріміз.	Тұрмыстық заттардың қауіпті жақтарымен тәныстыруды жалғастыру. Қауіпсіздік сақтау ережелерін бұлжытпай орындауға дағдыландыру.	1	
32	Жол реттеуші.	Жол реттеушінің қызметі туралы білім беру. Жол реттеушінің сигналы туралы әнгімелесу.	1	

33	Қауіпті заттар мен жағдайлар.	Балалардың өміріне, денсаулығына қауіпті заттар(үшкір заттар, дәрі-дәрмектер және т.б.) мен жағдайлар (балкон, ашық терезенің қауіпті жақтары) туралы түсініктерін қалыптастыру.	1	
34	Жол қылышындағы белгі	жол қылышындағы жаяу жүргіншінің қозғалысын реттейтін белгілер туралы білімін жетілдіру. Қала сыртындағы ақпараттық сілтеуіш белгілерімен (елдімекеннің басталуы, аяқталуы) таныстыру.	1	
35	Су және күн сәулесі	Балаларға суға шомылу мен күн сәулесі қауіпсіздік ережесін сақтағанда ғана денсаулыққа пайдалы екендігін түсіндіру. Суда шомылу қағидасын сактау.	1	
36	Қонаққа барамыз.	Қоғамдық көліктे тәртіп ережелерін сақтауға үйретуді жалғастыру.		
<b>Барлығы 36 сағат</b>				

**Күні:**

**Тақырыбы:** Табиғи апаттар қандай болады және қауіпсіздік деген не?

**Мақсаты:** Балаларға қауіпсіздіктің не екені туралы түсінік беру. Табиғи апаттар туралы түсінік беру. Табиғи апаттар туралы жалпылама түсінік қалыптастыру.

**Көрнекіліктер:** Табиғи апаттардың суреттері.

**Алдын ала жүргізілетін жұмыс:** Балалармен апаттардың суретін қаруа.

Балаларға жер сілкінісі, су тасқыны, өрттердің суреті көрсетіледі, оларды бір сөзben қалай атайдынын сұрау.

Жаңа тақырыпты хабарлау.

-Бүгін біз сендермен табиғи апаттар және қауіпсіздік туралы сөйлесеміз.

Табиғи апаттар дегенімізді қалай түсінесіңдер балалар?

Дұрыс, табиғи апаттар дегеніміз – бұл табиғи құбылыстар. Оларға жер сілкінісі, су тасқыны, өрттер, дауылдар, күшті желдер болып табылады.

Жер сілкінісі, бұл жер қыртысындағы өзгерістерден туады. Жер қойнауындағы күштердің жер бетіне шығуы. Ол өзімен бірге күшті тасқындар, сілкіністер ала келеді.

Жер сілкіну кезінде ауыр соққылар, ғимараттарға, үйлерге үлкен апат алып келеді.

Су тасқындары, елімізде таулы аудандардың болуына байланысты сел, қар көшкіндері құбылыстары байқалады. Биік таулы аймақтарда мұздықтар бар, осылардың еруіне және қардың қалың түсініне байланысты күшті сел тасқындары болып тұрады.

Желдер, Республикамыздың аяқ районында ерекшелігіне байланысты жазда желдер жиі болып тұрады.

Өрттер, өте қауіпті табиғи апаттың түрі. Ол көбінесе адамның әрекетінен болады.

Табиғи өрттердің көзі найзагай.

Табиғи апат құбылыстарын алдын алу үшін тұрғын үйлерді апатқа төтеп беретіндей етіп салу, елді мекендерді орналастыруда табиғат ерекшелігін ескерудің маңызы зор.

Балаларды шенберге тұрғызып, бір –біріне күнді жақсы өткізуге тілек білдіруге ұсыныс жасайды

**Құтілетін нәтиже:**

**Біледі:** табиғи апаттардың түрлерін

**Игереді:** табиғи апаттар туралы түсініктерді

**Менгереді:** табиғи апаттар неге туындастынын

**Күні:**

**Тақырыбы:** Көліктер

**Мақсаты:** Көліктің шығуы тарихымен таныстыру, балаларды әр түрлі көлік түрлерімен таныстыру.

**Көрнекіліктер:** Ойыншық көліктер, көліктердің суреті.

**Алдын ала жүргізілетін жұмыс:** Балалармен көліктердің суреттерін қарап, көліктерді бақылау

Балалар «Күлімдеу» жылулық шеңберін өткізу.

Көлік туралы әңгіме жүргізу.

-Көліктің қандай түрлерін білесіндер балалар?

-Ал балалар көліктің суретін салайықшы бәріміз. Жарайсындар балалар.

-Балалар, бұгін біз сендермен көліктер туралы сабак өтеміз. Көлік қалай пайда болғаны туралы әңгімелеп беремін. Әлемдегі ең алғашқы автокөліктің тарихы қозғалатын көліктің ең алғашқысы Кагнот деген адам ең алғашқы көлікті ойлап тапты. Франция деген мемлекетте. Ал жана маймен жүретін алғашқы көлікті Бенц деген адам үш дөңгелекті, екі орындағы бар көлік ойлап тапты.

Көлік, бұл өздігінен қозғалатын, жолаушыларды және түрлі заттарды тасымалдау құралы болып табылады.

«Көлік» ойынын ойнауды ұсынады («сиқырлы қапта» ойыншық жүк мәшине, жеңіл мәшине, кеме, автобус, трамвай, паровоз және т.б.)

«Автомобиль» туралы әңгіме оқып беріледі.

Автокөліктерді пайдалану ережелері (автобус, трамвай, т.б) автокөлікке отырғанда мүқият болу керектігі, экскаватор, кран сияқты көліктерді алыстан айналып өту керектігі және трамвай жолдары туралы әңгімелейді.

Жақсы атқарған жұмыстары үшін балаларды мадақтайды.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** көліктер түрлерінің аттарын.

**Игереді:** көліктер туралы түсінікті.

**Менгереді:** автокөліктерді пайдалану ережелері

## **Күні:**

**Тақырыбы:** Мейірімді және мейірімсіз от

**Мақсаты:** Табиғи апат ретінде өртің пайда болу себептері жайлыш түсінік беру. Қарапайым өрт қауіпсіздігі ережелерімен таныстыру және орындауға үйрету. Өрт сөндіру құралдары туралы түсінік қалыптастыру.

**Көрнекіліктегі:** Өрттің суреттері.

**Алдын ала жүргізілетін жұмыс:** Суреттерді қарау және талдау.

Балалар шаттық шеңберге тұрып:

Жазда келді сағынта,

Жер жақынды қаңсыта.

Іші пысқан балалар,

От жақты шөпті бықсыта.

Бықсып жанған от енді,

Алып – ұшып жөнелді.

Әшірем деп ұмтылған,

Балаларға көнбеді

-Балалар, біз бүгін қауіпсіздік ережелерінің бірі өрттің қаншалықты қауіпті екенін білейік. От өмірімізге қуат беріп, бойымызды жылдытады. От өмір сөні. Отсыз тіршілік жоқ. От жағылмаса, тамағымызда піспейді, үйімізде жылымайды. Ал тамақ ішпесек бойымызға қуат бармайды. Біздің ата – бабаларымыз шебі көп жерді отты жер деп бекер айтпаған. Отты жер – қуатты жер. Үйді қазақ халқы отпен теңестіріп отырған. Сонымен от – өміріміз десек те, оның әлемді жайлаған апаттың бірі – өрт қаупін шығаратын да естен шығармаған жөн. Өзіміздің ұқыпсыздығымыздан немесе байқамағандығымыздан кейде өрттің қалай күш алып кететінін де байқамай қаламыз.

Балалар мына тақпақты есте сақтайық:

От жақпа күйерсің, өртеніп жүрерсің,

Сіріңкені ұстасан, бәлеге сен түсерсің.

Оттың ісі қуырмақ, желдің ісі суырмак,

Қазір жанған жалынды, алып ұшып қуалмақ.

Тұрмысқа қажетті заттарды пайдалану ережесімен таныстыру. (газ плита, электр көзі), Өртті сөндіруге арнайы заттарды даярлап қойған жөн. Оларға құм, су, күрек, киіз т.б. Өрт жаңадан басталғанда сумен, құм сеуіп өшіреді

**Қорытынды**

-Балалар сабағымызды аяқталды, естерінде не қалғанын айтып беріңдерші?

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** отқа байланысты қауіпсіздік ережелерін сақтауды..

**Игереді:** отты пайдалану немесе қорғану тәсілдері туралы түсінікті.

**Менгереді:** отпен ойнамауды, ол өте қауіпті екенін.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Жаяу жүргіншілер мен жолаушылар.

**Мақсаты:** Жаяу жүргіншілер мен жолаушылардың қауіпсіздік ережелері туралы білім беру.

Көшеде жолда жұру ережелерін сақтау іскерлігін жетілдіру. Қоғамдық көліктегі мінез – құлық ережесі туралы әнгіме жүргізу.

**Көрнекіліктер:** Өрттің суреттері.

**Алдын ала жүргізілетін жұмыс:** Суреттерді қарау және талдау.

**Шаттық шенбері**

Балаларды қарсы алғып, орындарына жайғастыру.

Жол ережесі туралы, қоғамдық көліктегі мінез – құлық ережесі, аулада, көшеде өзін мәдениетті ұсташа туралы әнгіме өткізеді.

Жұмбақ жасыру:

Улken жолдың жанында,

Кіші жол бар тағы да.

Ешбір көлік бұл жермен

Ешқашан да жүрмеген.

Мұны бәрі біледі.

Білмегенге құледі.

Көлік біткен тек қана,

Улken жолмен жүреді.

Айтқанымды түсінші,

Барлық жаяу жүргінші

Болу үшін қауіпсіз.

Осы жолмен жүреді.

(Жаяу жол)

**Ойын –сабақ:** «Буратиноның басынан кешкендері туралы». Ертегі кейіпкерлерінің тәжірибесі бойынша көшедегі жол жұру ережесін пысықтау, қауіпті жағдайлардан сақтана білуді үйрету.

Сергіту сәтін өткізу.

**Қорытынды**

Балаларды шенберге тұрғызып, алған әсерлерімен бөлісуді ұсыну.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** жол қауіпсіздігі ережесі мен өзін жолда ұсташа ережесін

**Игереді:** жаяу жүргіншілер мен жолаушылардың қозғалыс ережесін

**Менгереді:** жолдың белгіленген жерінен өтуді; жол ережесін сақтауды; қоғамдық орындарды өзін мәдениетті ұстауды.

## **Күні:**

**Тақырыбы:** Қауіпсіз жолды табамыз.

**Мақсаты:** Өрт кезіндегі дұрыс іс – әрекеттерді, эвакуациялаудың барлық ережелерін сақтай отырып, ғимараттан шығуды үйретуді жалғастыру.

**Көрнекіліктер:** Ғимараттағы өрттің суреттері.

**Алдын ала жүргізілетін жұмыс:** Суреттерді қарау және талдау

## **Шаттық шеңбері**

Балалар, қол ұстасып, бір – бірімізге жақсы тілектер айтайықшы.

От өмірімізге қуат беріп, бойымызды жылдытады. От – өмір сәні. Бүгінгі сабак осы оттан шығатын үлкен апаттың бірі – өрт туралы болады.

Балалар, өрт деген тілсіз жау, ол аяқ асты болуы мүмкін.

Өрт деген – бұл адамның өмірі мен денсаулығына, айналамызға зиянын тигізетін апаттың бір түрі.

Өрт бола қалған жағдайда ғимараттан қалай шығуды есте сақтап алайық.

«ӨРТ» дабылы жарияланса, орнымыздан тұрып, тәрбиешінің нұсқауымен әр бала аттары жазылған беджиктарды тағып топтан біртіндеп шыға бастаймыз.

Дәлізбен, сатымен жүрген кезде жүгірмеу керек. Қорықпаймыз.

Баолығымыз есікпен сыртқа шығамыз. Тұтін көбейген жағжайда, дымқыл беторамалмен мұрын мен ауызды жабамыз. Жиналу тірегі ғимараттың алдынан алтыс жерге далаға жиналышп тұрамыз.

**Ойын:** «Өрт сөндірушілер»

## **Қорытынды**

-Балалар, тағы бір рет қайталап шығайық.

## **Құтілетін нәтиже:**

**Біледі:** өрт туралы

**Игереді:** өрт болған жағдайда ғимараттан қалай шығуды.

**Менгереді:** «ӨРТ» деген белгі.

## **Күні:**

**Тақырыбы:** Тыйым салушы белгілер.

**Мақсаты:** Тыйым салушы «Жұргүе болмайды» «Қауіпті жер» белгілері туралы білімін жетілдіру. Белгілерді ажырата атай білуге үйрету.

**Көрнекіліктер:** Жол белгілерінің суреттері, белгіле

## **Шаттық шеңбері:**

Қуан, шаттан алақай,

Қуанатын күн келді.

Қайырлы таң, Қайырлы күн!

Құліп шықты күн бүгін.

-Балалар, бүгін біз «Тыйым салушы белгілер» туралы әнгімелесеміз.

Балалар менің қолымда қызыл жолақпен көмкерілген сары түске боялған қалқаны бар сурет бар.

Ал енді мен сендерге тақпақ айтып беремін:

Қызыл боялған шеңберім аумақты,

Тыйымшы белгімен, қаталмын салмақты.

Мен тұрған жерлерде хақын жоқ жұргүе.

Қауіп бар, бағдарла көз салып жан – жақты.

Дөп –дөңгелек қызыл шеңбер, мен көрінсем «Тоқта қане» деп жар салар тыйым салу белгісі.

Көрдіңдер ме балалар, белгілерді біліп жүру керек екен. Сонда сендерге қауіп төнбей, сақтанып жүресіңдер.

**Ойын:** «Қызыл», «Жасыл», «Сары»

## **Қорытынды**

-Балалар, бүгін біз тыйым салушы белгілермен таныстық. Тағы бір рет қайталап шығайық.

## **Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** тыйым салушы белгілер туралы.

**Игереді:** жолда абайлап жүруді.

**Менгереді:** «Жұргүе болмайды», «Қауіпті жер» белгілерін

## **Күні:**

**Тақырыбы:** Тұтіндең ғимараттан шығамыз.

**Мақсаты:** Тұтіндең ғимараттағы дұрыс іс – әрекет дағдыларын дамыту.

**Көрнекіліктер:** Ғимараттағы өрттің сөндіру құралы. Суреттері

Балалар, қол ұстасып, бір –бірімізге жақсы тілектер айтайықшы. Мен сендерге мына мақалды айтқым келіп тұр.

Отты жер – қуатты жер.

От – өміріміз десек те, оның өрт қауіпін шығаратынын бәріміз білеміз. Енді орнымызға отырайық.

Балалар, біз бүгін қауіпсіздік ережелердің бірі өрттің қаншалықты қауіпті екенін білейік.

Ғимарат ішінде бөлмелер, діліздер тұтінге толған кезде қандай әрекет жасау керектігін жақсылап үйреніп алайық.

1. Тұтіні аз саты не есікке қарай бір –біреуден жылжу керек

2. Тұтін көбейе бастаса еңкейіп не еңбектеп жүреміз.

3. Беторамал арқылы тыныс алу керек. Егер температура көтеріле бастаса, өрт аймағына жеттің деген сөз. Онда кері қарай қайтып басқа жол қарастыр керек. Егер тұтінге толы дәліз арқылы шығатын болсақ. Дымқыл матамен бұркеніп, еңкейіп не еңбектеп жүру керек. Егер жалын көшкіні келе жатса, ойланбастан жерге жату керек. Басты кездемемен жауып, ішкі ағзаңызды құйдірмес үшін дем алу керек. Өрт жаңадан басталғанда, сумен, құм сеуіп өшіреді.

## **Қорытынды**

- Балалар, тағы бір рет қайталап шығайық.

## **Құтілетін нәтиже:**

**Біледі:** тұтінен сактану жолдарын.

**Игереді:** тұтіндең жағдайда ғимараттан қалай шығуды..

**Менгереді:** «Өрт» деген белгі.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Тыйым салушы белгілер

**Мақсаты:** Тыйым салушы «Солға бұрылуға болмайды», «Бұрылуға болмайды», «Тоқтауға болмайды» белгілері туралы білімін жетілдіру. Белгілерді ажыратып, атай білу.

**Көрнекіліктер:** Жол белгілерінің көрнекіліктері.

Шаттық шенбери

Жолда жүру әліппесін,

Білген жөн бес саусақтай,

Сонда ғана жүре аласын.

Сен өзінді аман сақтап.

Балалар, біз бүгін жаңа белгілермен танысамыз. Тыйым салу белгілердің ішінде «Солға бұрылуға болмайды» деген белгі бар. Міне ол белгі мына суретте бейнеленген. Пішіні дөңгелек, іші ақ түсті, сурет түсі қара солға қаратып салынған бағдар тұр ортасында, үстінен қызыл жолақ көрсетілген.

«Бұрылуға болмайды» деген белгіде дәл жанағы белгімізге ұқсас қарандаршы.

«Тоқтауға болмайды» деген белгіде көріп тұрғандай пішіні дөңгелек, іші көк түсті, сурет түсі қызыл, жиегі қызыл.

Міне, балалар осы белгілерді есімізге жақсылап сақтап алайық. Барлығымыз жолда абайлап, жүрейік балалар. Белгілерге қарап жүріндер балалар.

Ойын: «Бағдаршам»

**Қорытынды**

-Жарайсындар балалар, сендер жол белгілерін жақсы ажыратып естеріне сақтап алдындар.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** тыйым салу белгілерін.

**Игереді:** жолда белгілерге қарап жүруді.

**Менгереді:** жол белгілерін қарап жүруді.

## **Күні:**

**Тақырыбы:** Жер сілкінісі табиғи апат. Ол неге қауіпті.

**Мақсаты:** Табиғи апат ретінде жер сілкінісі туралы түсінік беру. Жер сілкінісінің пайда болу себептері мен белгілері туралы.

**Көрнекіліктер:** Жер сілкінісі туралы суреттер.

Балалар шеңбер бойына тұрып, терең тыныс алуға шақыру.

Жер сілкінісі кенеттен пайда болатын тағы бір табиғи апат туралы айтпақшымын. Жер сілкінісі кенеттен пайда болып, қас – қағым сәтте өтеді. Жер сілкінісі – бұл жер астында болып жатқан дүмпулер мен жер асты қозғалысы нәтижесінде болады.

Жер сілкінісі кезінде үйлер, жолдар, көпірлер, ғимараттар т.б зиян тигізеді.

Жер сілкінісін қадағалап отыратын арнайы сейсмология деген орталық бар. Сол орталық апatty жағдай қай жерде орын алатынын алдын ала біліп отырады. Ең алдымен соларға белгі келеді. Олар барлық адамдарға хабарлама жібереді. Міне осылай апattyн алдын алады.

Жер сілкінісі қауіпті аймақтарда ірі қалалар мен елді мекендер орналасқан. Алматы қаласы. Жер сілкінген кезде үрейленіп, қорықпандар. Қасындағыларды да үрейлендірмеу керек. Өз өзімізді ұстau керекпіз.

## **Қорытынды**

Балалар жер сілкінісі апattan бір түрі екенін біліп жүріндер.

## **Құтілетін нәтиже:**

**Біледі:** жер сілкінісі апат.

**Игереді:** жер сілкінісінің пайда болуын.

**Менгереді:** жер сілкінісі кезінде қандай жағдай болатынын.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Бағдаршам

**Мақсаты:** Балалардың жол белгілері ережелерін есте сақтауға үйрету. Бағдаршам туралы түсінік беру. Бағдаршам туралы жалпылама түсінік қалыптастыру.

**Көрнекіліктегі:** Бағдаршам суреттері.

**Алдын ала жүргізілетін жұмыс:** Балалармен бағдаршам суретін қарау.

**Жылулық шенбері.**

Арайлап таң атты,  
Алтын сәулө таратты.  
Жарқырайды қаламыз!  
Жайнай түсті даламыз!  
Қайырлы таң қонақтар!  
Қайырлы таң достарым!

**Тақтадағы сурет арқылы әңгімелесу.**

Бағдаршам жол ережесін реттеуші, жол қиылышынан өтуге көмектеседі. Жаяу жүргіншілерді жол апатынан сактайды. Біз жол ережесін сактай білуіміз керек. Бағдаршам бар жерде адамдар өтетін ақ жолақтар болады. Балалар жолдан өткенде ата-аналарының немесе үлкендердің көмегімен өтуі тиіс. Көлік жүретін үлкен жолдың қапталында арнайы адамдар жүретін тратуарлар болады.

Жол ережесіндегі суреттен дұрыс-дұрыс емес әрекеттерді көрсетіп, сұрақтар қою.

- Балалар мына суретке мүқият қарайықшы, не байқадындар?  
- Сендер бағдаршамды көшеде көрдіңдер ме?

Бағдаршам қай жерде тұрады.

- Бағдаршамның неше көзі бар?

- Көздерінің түсі-пішіні қандай?

- Балалар қандай көлік түрлерін білесіндер.

Осы көліктердің ішінде қайсысы бағдаршамның көмегімен жүреді?

Көлік ішінде не істеуге болмайды?

Телеэкран арқылы жол ережелерін, көлік түрлерін көрсету.

Машинаға бағдаршамның көмегі қажет пе?

**Қорытынды**

Балаларды шенберге тұрғызып, бір – біріне күнді жақсы өткізуға тілек білдіруге ұсыныс жасау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** жолда жүру ережесін

**Игереді:** жол белгілерін айыра білуге игеру

**Менгереді:** жол қауіпсіздігін, өз өмірлерін сақтай білуге менгеру.

## **Күні:**

**Тақырыбы:** Жолда жүре білеміз бе?

**Мақсаты:** Жолда жүру белгілерін ажырата білу. Жол тәртібі туралы түсінік беру. Балалардың көше, жолдың көлік жүретін бөлігін тротуар, жаяу жүргіншілер өтпелері, бағдаршам, көліктердің түрлері жайлы түсініктерін толықтыру, оларды бақылауға, тұжырымжауға, көшелерде өздерін дұрыс ұстаяуға, қауіпсіздік ережелерін сақтауға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

**Көрнекіліктегі:** Көліктер мен белгілердің суреттері.

**Алдын ала жүргізілетін жұмыс:** Суреттерді қарау.

«Достық шеңбері»

Ұл-қыз сәлем береміз.

Әнегелі өренбіз,

Біздер- қазақ баласы,

Сәлем сөздің анасы,

Сәлеметсіндер ме балалар! .

Балалар тақтадан не көріп тұрмыз?

Жолдар қандай болады?

Дұрыс жолда жүру тәртібін есімізге түсірейік.

-Балалар көшеде біз тар жолымен, яғни жиек жолмен жүреміз.

Жолда келе жатқанда өткел тар болса, кездескен үлкен кісіге жол бер. Қала көшелерімен келе жатқанда абай бол! Асықпа. Бағдаршам жоқ жерден жаяу жүргінші жақында қалған көліктердің жылдамдығын болжап алыш, жолдан өтуге көз жеткізген соң, жолды кесіп өте алады.

- Келе жатқан көліктің алдынан өтуге бола ма?

- Жүріп келе жатқан көліктің алдынан өтіп кетемін деуші болма! Ол тоқтағанша, не өтіп кеткенше тоса тұр.

Ал енді, тақтадағы суретке назар аударындар. Жаяу жүргіншілерге арналған белгілерді мұқият есімізде сақтаймыз. Егер белгі болмаса жол жиегінде тосқан жөн.

«Сақ бол!» қымылды ойыны.

Ойынның шарты: бәріміз шеңбер жасап тұра қаламыз, ол үшін бізге жол тәртібін реттейтін бағдаршам және жаяу жүргіншілер қажет.

## **Қорытынды**

Балаларға қорытынды сұрақтар қою, мадақтау.

## **Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** жол ережелерін көшелерде.

**Игереді:** жол белгілерін білу керектігін.

**Менгереді:** жол қауіпсіздігін, өз өмірлерін сақтай білуге менгеру.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Жер сілкінісі кезінде өзінді қалай ұстau керек?

**Мақсаты:** Жер сілкінісі кезінде дұрыс әрекет етуді үйрету.

**Алдын ала жүргізілетін жұмыс:** Суреттерді қарау.

**Жылулық шеңбері:** «Тілек шоғы»

Жер сілкінісі кезінде кез келген ғимарат ішінде терезеден немесе тепкішектен аулақ болу керек. Есіктің алдында кептеліс жасауға, бірінші қабаттан жоғары орналасса, терезеден секіруге, лифтке кіруге болмайды. Өйткені, күшті жер дүмпүі кезінде, көбіне, электр қуатын беру жүйесі автоматы түрде тоқтайды. Дүкен сияқты қоғамдық орында болған жағдайда, ғимарат ішінен шығатын есікке қарай жүгіру дұрыс емес. Бул — өте қауіпті. Өйткені, жан-жақтан витриналар қирап, шыны сынықтары ұшуы мүмкін, сонымен бірге, шығар есіктің алдында кептеліс болуы әбден мүмкін. Ең дұрысы, бетінізді төмен қаратып, басыңызды сөмкемен немесе пластикалық папкамен жауып, аяғыңызды ішке бүккен күйі тырп етпестен жатыңыз. Жер дүмпүі басталғанда көлік ішінде болсаңыз ғимараттан, электр жүйесінен аулағырақ кетуге тырысыныз. Егер жер сілкінісі кезінде көшеде болсаңыз, ашық алаңқайларда қалу керек. Ашық жер ең қауіпсіз орын екенін есте ұстau керек! Сонымен қатар, ғимаратқа таяу жерде қалуға мәжбүр болған жағдайда қабырғаның бөлігі, кондиционер, шыны сынығы және электр желілерінен сақтанған жөн.

**Қорытынды**

Балаларды шеңберге тұрғызып, бір – біріне күнді жақсы өткізуғе тілек білдіруге ұсыныс жасау.

**Құтілетін нәтиже:**

**Біледі:** жер сілкінісі туралы

**Игереді:** жер сілкінісі кезіндегі іс - әрекетті

## **Күні:**

**Тақырыбы:** Жер сілкінісінен кейінгі қандай қауіп қатерлер болуы мүмкін

**Мақсаты:** Жер сілкінісінен кейінгі дұрыс іс – әрекет дағдыларын дамыту, жаралану кезінде алғашқы медициналық көмек көрсетудің қарапайым әрекеттерін үйрету.

**Көрнекіліктер:** көрнекіліктер, суреттер.

## **Шаттық шеңбері**

Жақсылық көрсөң біреуден.

Мен қандаймын деп ойла.

Жамандық көрсөң біреуден,

Мен қандаймын деп ойла.

Балалар, мына суреттерге қарандаршы.

Жер сілкінің болып кетті, қандай өзгерістерді көріп тұрсындар?

Бүгін біз сендермен жер сілкінісінен кейін не істей қажет екенін айтамыз. Терезелер, люстра, айналардың жанына, құлап тұсу мүмкін заттардың жанына бармау керек. Өрт шығып жатқан жаққа бармау. Баспалдақ, лифт қолданбау.

Қираган ғимараттарға кіруге болмайды. Радионы тыңдал тұру керек. Бұл біздің керекті ақпарат алу үшін. Қирандының астында қалғандарға көмектесу керек. Ал, егер өзіміз қирандының астында қалсақ, шығуға әрекет жасау керек. Алдымен ауыз мұрнымызды киіммен жабамыз. Құр айғайлай бермеу керек, қасында қабырғаны ұру керек. Жер сілкінісінен кейін 2-3 сағат қауіпті саналады. Керек – жарақ салынған сөмке дайын тұру керек. Сабырлы болу керек. Өз – өзінді ұстай біл. Сонда, бәрі жақсы болады.

## **Қорытынды**

Балалар көрдіңдер ме, жер сілкінің деген үлкен табиғи апат. Біз бәріне де дайын болуымыз керек екенбіз.

## **Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** жер сілкінің туралы

**Игереді:** жер сілкінің кезіндегі іс -әрекет

**Менгереді:** жер сілкінің болып кеткен жағдайды.

## **Күні:**

**Тақырыбы:** Мен жаяу жүргінші әрі жолаушымын.

**Маңсаты:** Велосипед, самокат, ролик тебу кезінде жолда жүру ережесін сақтау туралы білімін жетілдіру.

**Көрнекіліктер:** көрнекіліктер, велосипед, самокат, ролик суреттері.

## **Шаттық шеңбері**

Балалар шеңберге тұрып бір –біріне жылы сөздер айту.

- Сен әдепті бол!

- Сен әдемі бол!

Көктем, жаз шығысымен велосипед, самокат, ролик тебу науқаны басталады. Бірақ адамдар қарапайым ережелерді ескере бермейді, нәтижесінде түрлі апаттар орын алады. Велосипед және самокатпен жүру үшін шеңбер бойымен және тұра жолмен қос дөңгелекті велосипедпен жүру. Оңға және солға бұрылыш жасау. Оң және сол аяқпен итеріп самокатпен жүру. Бұлар көлік түрлері болғандықтан жолда жүру ережесін сақтау керек.

Көшениң қақ ортасында тебуге болмайды. Көшениң оң жағымен тебу. Сол жаққа бұрылу керек болса, жаяу жүргіншілер жолы арқылы өту керек. Онда көлікті жай ғана қолға алып жүру керек.

Кешкі және тұнгі уақытта тебуге болмайды. Тратуармен жүруге тыйым салынған.

Жаяу жүргіншілерге жол беру тиіс.

## **Қорытынды**

Бұл көлік түрлерімен жолдың жиегімен, бұрыларда жаяу жүргіншілерге арналған жолақтар арқылы өту керек.

## **Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Велосипед, самокат, ролик тебу керектігін.

**Игереді:** Жол ережесін сақтау.

**Менгереді:** Қауіпсіздік шаралар

**Күні:**

**Тақырыбы:** Сел және көшкін деген не?

**Мақсаты:** «Сел» және «Көшкін» табиғи құбылысы және оның белгілері туралы түсінік беру. Селдің белгілері мен пайда болу себептері туралы түсінік қалыптастыру.

**Көрнекіліктер:** Көрнекіліктер, суреттер, теледидар.

**Шаттық шеңбері:** «Тілек» шоғы

Сел – тау өзенінің өз арналарынан кенеттен көтеріліп, деңгейінің күрт өзгеруі және тау жыныстары бұзылуынан болатын қуатты ағын. Сел ұзак нөсердің салдарынан, мұз бен қардың жылдам еруімен, мұзды өзендердің бұзылуынан, жер сілкінісінен, адамның шаруашылық қызметі нәтижесінде пайда болады. Халыққа сел тасқынының жақындауы туралы хабарланған жағдайда, сондайақ оның пайда болуының алғашқы белгілері білінген сэтте, ғимараттан тез шығып, қауіпсіз орынға бару керек. Сел тасқынның жақындауын дөңгеленіп және бір – біріне соқтығысып үлкен жылдамдықпен келе жатқан гүрілден естуге болады.

Қар көшкіні – бұл қар массасының тау беткейі бойынша төмен қарай жылдам лықсыуы. Көшкіндер құлама тау беткейінен көбінесе 20-60 градуспен, көшкін қар жаңа жауған және күн күрт жылыған кезде болады. Көшкін тауда жауын – шашынның жиі болуынан, циклондық құбылыс күшеттің наурыз – сәуір айында көбірек болады.

**Қорытынды**

Балалар сонымен бұл табиғи апаттардың қандай түрлерін өттік.

**Құтілетін нәтиже:**

**Біледі:** «Сел» мен «көшкін» туралы

**Игереді:** пайда болу себептерін.

**Менгереді:** тәрбиешінің нұсқауы бойынша суреттерді қарап шығады.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Жолда жүру әліппесі

**Мақсаты:** Бағыт беруші, сілтеуши белгілер туралы білімін жетілдіруді жалғастыру.

**Көрнекіліктер:** Көрнекіліктер, белгінің суреттері.

**Шаттық шеңбері**

Құрметті балалар, біз бүгін жолда жүру ережесін қаншалықты білеміз, жол белгілерін айыра аламыз ба осы тақырыпта ой бөлісеміз.

-Ал, балалар бағдаршамның үш көзі туралы айтып беріңдерші?

Балалар қараңдаршы мына белгі бізде бағыт беруші белгі.

Көк түсті төртбұрыш баратын жерінің бағытын, тұрағын, үн – тұнсіз жөн айтып, жол бағытын көрсетіп тұрады. Кек түске боялған төртбұрыш тұнде де жанып тұрады.

Сілтеуши белгі мынау суретте көріп тұрсындар бұл да бізге жол сілтеп тұрады.

Адамдар көлікпен немесе жаяу жүріп келе жатқанда дұрыс бағыттар сілтеп, көрсетіп тұрады. Ендеше балалар біз сендермен ойын ойнайық. Ойын: Таныс жолда жүру ережесін көрсет, таныстар.

Жолда жүру ережесін кім көп айтады?

**Қорытынды**

Балалар, бүгінгі сабакты қорыта келе, әр белгінің не мақсатта қолданылатынын білдік.

Деніміз сау, жол тәртібін сақтап, аман – есен жүрейік

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Бағыт беруші, сілтеуши белгілер туралы.

**Игереді:** белгілердің өз мақсатында қолданатынын

**Менгереді:** жолда жүру ережесін.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Көшкін мен сел кезіндегі мінез – құлыш ережелері.

**Мақсаты:** «Сел» және «Көшкін» табиғи апаттары кезіндегі қажетті іс- әрекеттерді үйрету.

**Көрнекіліктер:** Көрнекіліктер, белгінің суреттері.

Сәлеметсіндер ме, балалар!

«Сел» және «Көшкін» дегеніміз не еken, есімізге тұсірейікші?

Балалар, су тасқыны яғни сел кезінде биік қыраттың, құрылыстардың, талдардың басына шығу;

Су тасқыны болып жатқан жерден алыс жүру;

Су тасқыны кезінде:

- үйдегі газды, суды, жарықты сөндіру;

- пештегі жанып жатқан отты сөндіру;

- үйдегі бағалы заттарды үйдің төбесіне немесе жоғары қабатқа шығару;

Кездейсоқ бола қалса, өзіңмен бірге жылы киім, жамылғы, тамақ және т.б қеректі нәрселерді алып, рельфтің ең биік жеріне көтерілу. Егер ол болмаса, қайық болған дұрыс. Балалар сендер жүзіп үйрену керексіндер.

Егер қар көшкініне тап бола қалған жағдайда мынандай іс – әрекет:

Тез арада рюкзактан шаңғыны алу, көшкіннің шет жағына шығу. Ағаш, бұтақтардан ұсталып тұру. Қар көшкіні тоқтасымен көшкіннен шығуға тырысу керек. Тез тауып алу үшін белгі беру керек. Қардың астында қалып айғайлаудың қажеті жоқ, дыбыс жай естіледі. Құтқарушылардың жүрісін естісімен дабыл беру керек.

Балалар енді жаттығу орындастық.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** «Сел» және «Көшкін» табиғи апаттар.

**Игереді:** табиғи апаттары кезіндегі қажетті іс – әрекеттерді.

**Менгереді:** табиғи апаттарға дайындалуды.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Жол белгілері біздің досымыз.

**Мақсаты:** Алғашқы медициналық көмек көрсету пункті, аурухана, телефон соғу орны, суға шомылатын орынды білдіретін белгілер туралы білімін бекіту. «МАЙ посты», «Ауызсу», «Демалыс орыны» сияқты белгілермен таныстыру.

**Көрнекіліктер:** көрнекіліктер, белгілердің суреттері.

Балалар мен сендерге жақсы тілек тілеп, өз жылуымды беріп, «Ашық аспан» тілеймін, ал сендерде бір – біріңе өз жылуларынды тілендер.

Балалар біздің бұғінгі сабағымыз жол белгілері туралы болады. Қанеки, сендер қандай жол белгілерін атап бере аласындар?

Балалар алдымызда сервис белгілері тұр. Бұл белгілер тиісті орындардың орналасуы туралы хабардар етеді.

-Алғашқы медициналық көмек көрсету пунктісі;

-Аурухана;

-Телефон соғу орны;

-Суға шомылатын орын;

-«Май посты»;

-«Ауызсу»;

-«Демалыс орыны»

Балалар осы жол белгілерін естеріне жақсылап сақтап алындар.

Ал енді балалар мына тақпақты қайталайықшы:

Ата –ананың сенімін,

Еске ұстап ақтай біл.

Жолда өтер жаяудың,

Ережесін сақтай біл.

**Қорытынды**

Балалар бұғінгі сабактағы белгілерді түсіндіріп бердім. Жолда абайлап жүрейік.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** жол белгілерін.

**Игереді:** сервис белгілерін.

**Менгереді:** жол ережесін сақтау.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Қар ананың қыспағы. Қыс мезгіліндегі қауіп – қатерлер.

**Мақсаты:** Қыс мезгіліне тән қауіп – қатерлер туралы түсінік беруді жалғастыру. Боран, аяз, көктайғақ кезінде ересектерсіз далаға шықпау керектігін, ауа – райына сайкину керектігін түсіндіру.

**Көрнекіліктер:** көрнекіліктер, суреттер.

Сәлеметсіндер ме, балалар мен сендерді көргеніме қуаныштымын. Бір – бірімізге құлқі сыйлайықшы.

**Жұмбак:**

Шанамен зырлап желетін,

Шаңғы, коньки тебетін

Аққала жасап ойнайтын,

Қай мезгіл деп ойлайсың? (Қыс)

Балалар сабақ қыс мезгілінде болатын табиғи құбылыстар туралы болады. Қар басу – табиғаттың тосын күштерінің бірі. Бұрқасынмен, қарлы боранмен тығыз байланысты. Ол бірнеше сағаттан тәулікке дейін жауған қалың қардың әсерінен пайда болып, қалыпты тіршілікті бұзады. Қыстың қаңтар, ақпан айлары бұрқасынды боранды болып келеді. Қарлы боран қатты аязben қабаттаса аса қын болады.

Өте суық, желді қуні қатты тонуға жол бермеу керек. Жылы киімдер кио міндettі. Аяқ киім тар болмауы керек, жұн шұлықты жалаң аяқта киіп, сыртынан басқа шұлық кисе жылу жақсы болады. Таныс емес жерге баруға болмайды. Боранды күні жалғыз журу қауіпті. Көктайғақта кедір – бұдырлы аяқ киім киген жөн.

**Қорытынды**

Балалар ең бастысы сақтану шараларын қолға алу керек.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Қыс мезгіліндегі құбылыстар.

**Игереді:** сақтық шараларды.

**Менгереді:** қыстың жағымсыз қасиеттерінің.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Жол , Көлік және жаяу жүргінші.

**Мақсаты:** Жол, көлік және жаяу жүргінші туралы білімдерін бекіту. Олардың өзара байланысы туралы түсініктерін кеңейту.

**Көрнекіліктер:** көрнекіліктер, суреттер.

Шаттық шеңбері.

Арманға алдан күткен асығамыз,  
Біз қалай толқын атпай басылармыз.

Жол жүру ережесін жақсы біліп,  
Сақтыққа тұра алатын балалармыз.

Жұмбақ жасыру:

Арқаным бар тым ұзын,  
Ала –алмайсың бір үзім. (жол)  
Дұрыс, балалар жиек жол деген не?  
Жаяу адамға қай жермен жүргүре болмайды?

Тақтада бағдаршам елгілері:

Қызыл – Тоқта!

Сары – Сақтан!

Жасыл – Ашық!

Көшеде біз сақ болайық.

Жолдан өтерде алдымен солға ал бөлгіш жолақтан оңға қарау керек. Жолда ойнауға болмайды. Көліктен айналып өту керек. Келе жатқан көліктің алдынан жолды кесіп жүгірме.

Жол көліктің жүрегі. Машина көп. Жаяу жүргіншіге арналған жол жоқ болса, жол шетімен жүру керектігін есте сақтап алындар. Ал, балалар енді ойын ойнайық:  
«Жол белгілері» дидактикалық ойын.

**Қорытынды**

Балалар ең бастысы сақтану шараларын қолға алу керек.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** жол, көлік және жаяу жүргінші.

**Игереді:** жолда жүру ережелерін.

**Менгереді:** жол белгілерін

## **Күні:**

**Тақырыбы:** Көктайғақ пен боран кезіндегі біздің қауіпсіздігіміз.

**Мақсаты:** Көктайғақ және боран туралы білімдерін бекіту. Көктайғақ және боран кезінде дұрыс әрекет ету жолдарымен таныстыру.

**Көрнекіліктер:** көрнекіліктер, суреттер.

Шаттық шеңбері.

Жұмбак жасыру

Көрінбейді өзі,

Айтатын жоқ сөзі.

Ыскырып тұрады,

Серуен құрады. (Боран)

Қыс мезгілінде тұнгі аяз жердің бетін қатырып, кеше ғана жүріп өткен жолымыз айнадай жарқырап, көктайғаққа айналады.

Қыстың жағымсыз қасиеттерінің бірі көктайғақ болады. Мұзда құлап қалу ауыр жарақаттарға әкелу мүмкін. Сол себепті одан сақтану шаралары:

Көктайғақта сыртқа шығарда аяқ киімді дұрыс таңдау, табаны қалың әрі бұлдырлы болған дұрыс. Көшеде жүргендеге нық басып, қолды қалтаға салмай, тепе – теңдік сақтағаны дұрыс. Мұзды жерді айналып өту. Қысқа адыммен жүрген дұрыс. Боранды күні жалғыз жүру қауіпті. Боранды күні ең дұрысы жолға шықпау қажет. Боранды күні жаяу жүру бекершілік. Егер жаяу шығып боранға кезіксеңіз алысқа ұзап кетпей кері қайту керек. Ертелі кешпе адам шаршайды, жолда адасады, содан соң демалуға отырған кезде үсікке шалынады.

## **Қорытынды**

Балалар ауа райы бұзылып тұрса, таныс емес жерге шықпаған дұрыс.

## **Құтілетін нәтиже:**

**Біледі:** көктайғақ және боран туралы;

**Игереді:** көктайғақ және боран пайда болу себептерін;

**Менгереді:** көктайғақ және боран кезінде дұрыс әрекет ету жолдарын.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Жүргізуші сақ бол!

**Мақсаты:** Жүргізуші үшін жолдағы қауіпті жерлерді ескертетін жол белгілері туралы білімін жетілдіру. Көшеде жүргенде көшеде жүру міnez – құлық ережелерін ескеру туралы білімін бекіту.

**Көрнекіліктер:** белгілер, суреттер.

Шаттық шеңбері.

Көліктің қаншасын үстінен өткізген,

Іргеден басталып, алысқа жеткізген. (жол )

Балалар, сендер көшеде жүру ережесін білесіндер ме еken, көрейік.

Мынандай сұрақтарға жауап беріндерші, жиек жол деген не?

Жаяу адамға қай жермен жүргуге болмайды?

Бағдаршам жоқ көшелерден қалай өтеміз?

Ендеше, мына жолдармен бағдаршамсыз , бағдаршам барда қалай жүретінімізді көрейік.

Балалар: қалай өтетінін көрсетеді.

Сақтандыру, ескерту белгісі:

Қып –қызыл ұшбұрыш,

Қауіpten сақ бол деп сөт –сапар жолдайды

Тыйым салу белгісі:

Қызылмен боялған, шеңбермін аумақты,

Қауіп бар, бағдарла көз салып жан – жақты.

Міндеттеу белгісі:

Баратын жердне жол нұсқап тұрады.

Көк түске боялған төрт бұрыш.

### **Қорытынды**

Балалар, біз әр белгінің не мақсатта қолданылатынын білдік.

Деніміз сау, еліміз тыныш, жол тәртібін сақтап, аман – есен жүрелік.

### **Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** жүргізуші үшін жолдағы қауіпті жерлерді ескертетін жол белгілері туралы.

**Игереді:** көшеде жүргенде көшеде жүру ережесі.

**Менгереді:** көшеде жүру міnez – құлық ережелерін ескеру.

## **Күні:**

**Тақырыбы:** Су біздің досымыз беру. Су тасқыны.

**Мақсаты:** Табиғат апат су тасқыны туралы түсінік беру. Су тасқынының болу себептері мен оның салдарынан болатын қауіп қатерлер.

**Көрнекіліктегі:** табиғат апаты бар суреттер.

**Алдын ала жүргізілетін жұмыс:** әңгімелесу, топқа саяхат.

## **Шаттық шенбері.**

Отбасымыз жиналсын,

Тұысқандар қуансын.

Құшақ жайып қарсы алып,

Амандастып сәлем – деп,

Таңдар атар күлімдеп.

Балалар, табиғатта сусыз тіршілік болмайды! Күн көлдердің, өзендердің сүйн қыздыра бастайды. Су тамшылары буга айналып, аспанға көтеріледі. Ол тамшылар бір-бірімен қосылып бұлтқа айналады. Бұлттан жерге жаңбыр жауады. Жер рақаттана демалады, теңіздер мен мұхиттардың сүйн тұзды, ішуге жарамайды.

-Ал енді балалар судың түсімен, қасиетімен танысайық:

а)түссіз-бояғыш қосу-түс пайда болады.

ә) дәмсіз, ііссіз-дәмін келтіруші қоспалар қосу-дәм пайда болады.

б)тұрақты пішіні жоқ – мұздату-заттың бір пішінге келуі.

## **Сергіту сәті.**

Қоюланып тағы бұлт,

Жаңбыр жауды себелеп.

Жапырақты жамылдып,

Суда қалды көбелек.

Су тасқынының негізгі үш себебі бар: жаңбырдың өте көп жаууы, қардың тез еруі мен тұрып қалған мұздардың жылжыуы, теңіз сүйнің жағаға ұруы, өзенге судың көп құйылуы. Өсіресе қар еруі ұзаққа созылғанда өте қауіпті. Адамдар мен жануарлардың опат болуына әкеліп соқтырады. Су тасқыны кенеттен пайда болып және бірнеше сағаттан 2-3 аптаға дейін созылуы мүмкін.

## **Қорытынды**

Балалар, бүгін сабакқа өте жақсы қатыстындар.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** су тіршілік көзі;

**Игереді:** су тасқыны-табиғи апат;

**Менгереді:** су тасқынының болу себептерін.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Көшеде және жолда.

**Мақсаты:** Көшеде, жолда өзін ұстаудың қарапайым ережелері және тыйым салушы белгілер туралы білімін бекіту.

**Көрнекіліктер:** суреттер.

**Шаттық шеңбері.**

Көліктің қаншасын,

Үстінен өткізген.

Іргеден басталып,

Алысқа жеткізген.

Көше ережелеріне тоқталайық.

1.Жүріп келе жатқан машинаның алдынан өтіп кетемін деуші болма, ол тоқтағанша, не өтіп кеткенше күте тұр.

2.Көшеде келе жатып үлкен жолдың шетімен жүр. Алдыңдан машина шықса, жол бер. Тоқтап тұрған машинаның қасынан абайлас өт.

3.Көше тәртібін орындау көліктің жүріп тұруына кедегі келтіреді.

4.Көшеден өтерде әуелі сол жағыңа, көшениң орта тұсына жеткенде оң жағыңа қара. Егер машина келе жатса, өтіп кеткенше сол орнында ақ жолақ сзылған тұста күте тұр.

5.Аялдамада тұрған автобустың артқы жағынан айналып өт. Сонда сен келе жатқан машинаны дер кезінде көресін.

6.Жол үстінде ойнама, сырғанақ теппе. Жер тайғақ болса, жолда абайла.

Тыйым салу белгілерін қайталап шығайық.

Ойын: «Бағдаршам»

**Сергіту сәті.**

Қоюланып тағы бұлт,

Жаңбыр жауды себелеп.

Жапырақты жамылыш,

Суда қалды көбелек

**Қорытынды**

Балалар, жол ережелерін сақтаңдар!

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** көшеде, жолда өзін ұстау;

**Игереді:** тыйым салушы белгілерін;

**Менгереді:** жолда жүрудің қарапайым ережелерін.

**Күні:**

**Тақырыбы:** су тасқыны кезіндегі мінез-құлық ережелері.

**Мақсаты:** су тасқыны кезінде дұрыс әрекет ету жолдарымен таныстыру.

**Көрнекіліктер:** суреттер

**Шаттық шеңбері.**

Көліктің қаншасын,

Үстінен өткізген.

Іргеден басталып,

Алышқа жеткізген

Су тасқыны кезінде:

-Үйдегі газды, суды, жарықты сөндіру;

-Пештегі жанып жатқан отты өшіру;

-Үйдегі бағалы заттарды үйдің төбесіне не жоғары қабатқа шығару;

-Бірінші қабаттағы есік пен терезелерді тақтаймен не фанермен қағып тастау;

-Мал тұратын сарайдағы есіктердің ілгішін ашып тастау;

Кездейсоқ су тасқынында өзінізben бірге жылы киім, мүмкіндігінше су өткізбейтін киім, жамылғы, тамақ және басқа нәрселерді алып, рельфің ең биік жеріне көтерілініз, ол жерді ешқашан су баспайды. Егер ол болмаса қайық және т.б. дайындау қажет. Су кеткеннен кейін электр сымдарынан, зақымданған газ магистралдан сақ болу қажет. Үйге кірер алдында су тасқынынан зақымданбағандығын байқау қажет. Судан табылған заттардан тамақ әзірлеуге болмайды. Су тасқыны кезінде, биік құрылыштардың, талдардың басына шығып;

Су тасқыны болып жатқан жерден алыс жүргүре тырысу керектігін түсіндіру.

**Қорытынды**

Аман-есен болайық, балалар!

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** су тасқыны;

**Игереді:** су тасқынының пайда болу себептерін;

**Менгереді:** су тасқыны кезінде дұрыс әрекет ету жолдарын.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Велосипед.

**Мақсаты:** Велосипед тебу кезіндегі қауіпсіздік ережелері туралы білім беру.

**Көрнекілікттер:** суреттер.

**Шаттық шенбери.**

Эй, жолда неғып иіріліп тұрсындар? Велосипед келе жатқанын көрмейсіңдер ме?

Қағып кетсем қайтесіңдер?

Велосипед болғаны өте жақсы. Ендеңе біздің жолда жүру ережелерін білуіміз керек. Атың кім өзіңің?

-Атым, Зуылбек. Велосипедпен зуылдалап жүремін. Кенет Зуылбектің көзі қызыл жолақпен көмкерілген сары тұсті дөңгелек белгідегі велосипедке тұсті.

-Әй, мынау мен үшін жасалған белгі ғой.

Испектор: Иә, сен үшін. Бұл белгінің аты «Велосипед жүрмейді»

-Жүрмейді? Тапқан екенсің! Зуылбектің велосипеді жүрмейтін жер жоқ, білдің бе? Мен үшін аула, көше, бақ бәрі ашық. (кеқетіп) Сендерше айтқанда, қалай еді, әлгі жасыл жарық.

-Мұны да белгі дейді ау. Эй, көшеге пәтер ішінде тұратын жылу батареясы не үшін керек? Инсп: Зуылбек-ау, нағыз саған керек белгі. Айталық, сен велосипедпен зуылдал келесің дейік. «Шлагбаумы бар темр жол өткелі бар» деген сөз. Үқтүң ба?

-А-а...(қолын сілтеп) бұл белгінің де қажеті бола қоймас. Салдырап-гүрілдеп пойыз жеткенше, зу етіп те үлгеремін.

Адамның белгісі салынған нұсқау белгісінің жаңына тоқтап

-(басын шайқап)төртбұрыш, ақ үшбұрыш, қара адам?!

Инсп: Жаяулар өтпесін

-Велигім тұрғанда мұны қайтем. Велосипедін келген жаққа бұрады.

-Кой, мен зуылдайын. Бұл белгілерді түгендеймін деп жолымнан қалармын. Сау болындар, ережелер!

**Қорытынды**

Шынында да жол жүру ережесін білген дұрыс екен. Балалар: Дұрыс, кел қатарымызға қосыл. Инсп: Көрдіңдер ме, балалар, жолда жүру ережесін сақтамаған Зуылбек жазым болуға аз ғана қалды. Енді ол жол белгілерін үйренетін болады.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** велосипед;

**Игереді:** велосипед тебу;

**Менгереді:** велосипед тебу кезіндегі қауіпсіздік ережелерін.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Су тасқынынан кейін не істеуіміз керек?

**Мақсаты:** Су тасқынынан кейінгі іс-әрекеттерді үйрету.

**Көрнекіліктер:** суреттер.

**Шаттық шенбери.**

Отбасымыз жиналсын,

Тұысқандар қуансын.

Құшак жайып қарсы алып,

Амандастып сәлем – деп,

Таңдар атар күлімдеп.

Су тасқынынан кейін:

Гимаратқа кірер алдында қандай да болмаса бір заттың құлау немесе қопарылу қаупі бар ма жоқ па тексеру. Ашық отты пайдаланбау және сірінгені жақпау керек. Өз үйініздің фундаментінің тұтастығын, қабырға, терезе, еденнің бүтіндігін, газ және электр жүйелерін мұқият тексеру. Зақымданған электр және газ жүйелерін қосуды мамандарға тапсыру керек. Үй орнықтылығына күдіктенсеңіз, үй ішінде қалмау, азық-түліктің жарайтынын тексеріп, суды қайнату керек. Су тасқыны дұниемүлікке зор шығын келтірсе, жергілікті атқарушы органдардан көмек сұрау қажет. Жайларды кептіру үшін есіктер мен терезелерді ашу, едендегі және қабырғалардағы кірді жуып, подвалдардағы суды шығару. Сумен тікелей жанасқан тамақ өнімдерін пайдаланбау. Құдықтарды тазартуды ұйымдастырып ондағы лас суды шығару.

**Қорытынды**

Табиғи апаттардан аман болайық, балалар!

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** су тасқыны;

**Игереді:** су тасқының пайда болу себептері;

**Менгереді:** су тасқынынан кейінгі дұрыс әрекет ету жолдарын.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Қала көліктері.

**Мақсаты:** көше қозғалысы туралы білімін жетілдіру.

**Көрнекіліктер:** суреттер

**Шаттық шенбери.**

Автобус, троллейбус, трамвай, метро, пойыз.

-Бұл көліктерді қайдан көрдіңдер?

«Қала» мәтінінің мазмұнын сұрау.

-Қалада халық қалай шоғырланған?

-Қаланың үйлері қандай?

-Қалада жылу мен суды қайдан алады?

-Қалада нелер бар?

-Адамдар қаланың бір шетінен екінші шетіне қалай қатынайды?

-Қазақстанның ірі қалаларын ата?

-Сен қай қалада тұрасың?

-Сенің қаланда балаларға арналған қандай орындар бар?

-Балалар, сендер жаңа қаланың бір шетінен екінші шетіне көліктердің тұракты қатынайтынын айттыңдар. Ол қандай көліктер?

-Бүгін тез арада Алматыға жетуің керек, қалай жетесің?

-Теңіздің арғы бетінде бір елге баруың керек, қалай жетесің?

Қала көшесіндегі көліктердің қозғалысы, бағдаршам, жол белгілері. Түсіндіру.

Дидактикалық ойын: «Жолдан өте аласың ба?»

Шарты: екі топқа бөлініп ауыл мен қала көшелерінен өтеміз. 1топ ауыл көшелерінен өтсе, 2 топ қала көшелерінен яғни бағдаршамға, жол белгілеріне қарап өтулері керек одан кейін орындарын алмастырады.

**Қорытынды**

Табиғи апаттардан аман болайық, балалар!

**Құтілетін нәтиже:**

**Біледі:** қала көліктерінің түрлерін;

**Игереді:** қала көліктерінің қозғалысын;

**Менгереді:** көше қозғалысын.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Құтқарушы болу құрмет!

**Мақсаты:** Құтқарушы мамандығы туралы түсінік беру. Құтқарушы мамандығына деген құрмет сезімін ояту.

**Көрнекіліктер:** суреттер.

**Шаттық шеңбері.**

Топқа өрт сөндіруші қонақ болып келеді.

Балалар қараңдаршы, бізге бүгін қонақ келді

- Құрметті құтқарушы, сіздердің атқарып жатқан қызметтеріңіз өте ауыр. Әрбір минут сайын, әрбір сағат сайын сіздер біз үшін, халық үшін жандарынызды пида қылуға дайын болып, өмірлерінді қатерге төндіресіздер. Ерлік, тәуекелдік, айбын деген қасиеттер тек сіздердей азаматтарға сай. Енді осы мамандық туралы айтып өтсөніз, біздің балалар тыңдар еді.

-«Ал, балалар, мен құтқарушы деген ағаларыңын, бізді өрт сөндіруші деп те атайды. Кейбіреулер үшін бұл жұмыс қатер, кейбіреулері үшін достық, себебі төске-төс тілсіз жаумен құресу достыққа алып келетіні сөзсіз. Ал кейде осы жұмыстың арқасында өзің үшін ұстазынды, кеңесшінді табасың. Менің де тәрбиешім бар, әрқашан кеңес алып, оны үлгі тұтам. Жұмысымды өте ұнатамын. Себебі осында біз қындықтарға мойымау, отанымыз үшін қызмет ету, оны сую деген қасиеттерге тәрбиеленеміз», -деп аяқтады.

**Ойын:** Біз құтқарушымыз.

-Көрдіңдер ме, балалар? Құтқарушы болу құрмет! Адалдық пен жауапкершілік сезімі – осы адамдардың қандарына сіңген қасиет. Мемлекеттік қызмет, соның ішінде өрт сөндірушінің жұмысы бейбіт өмірден қас-қағым сәтте майданға барғанмен бірдей. Бұл-нағыз ер азаматтың батылдығын, кәсіби шеберлігін шындастын орта.

**Қорытынды**

Балалар, бүгін сабакқа өте жақсы қатыстындар

**Құтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Құтқарушы туралы;

**Игереді:** Құтқарушы мамандығын

**Менгереді:** Адалдық пен жауапкершілік сезімін.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Бірнеше көлікке арналған жол.

**Мақсаты:** Жолдардың әр түрлі болатындығы (тар, кең, қарама-қарсы бірнеше көлікке арналған жол) туралы білім беру.

**Көрнекіліктер:** суреттер.

**Шаттық шенбері.**

Ұл-қыз сәлем береміз,

Өнегелі өренбіз.

Біздер- қазақ баласы,

Сәлем – сөздің анасы.

- Балалар тақтадан не көріп тұрмыз?

Жолдар - тегіс жолдар, кең жолдар, тар жолдар, ұзын жолдар, қысқа жолдар болады.

Астанамыздың көшелері кең, үлкен қаламызда көліктер де көп.

-Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын.

Төбесінде шырағы,

Жолаушының пырағы.

Барасың деп қай жаққа,

Алдың күтіп тұрады.

Шахматтың тақтасы,

Секілді онда таңба бар.

Бұл қай көлік? (такси)

-Бәрекелді! Біздің қалада көліктердің түрлері көп екен. Бүгінгі сабағымызда жолда жүру ережелерін, жаяу жүргіншілерге арналған белгілерді таңбаларын есімізге түсіріп алайық.

Бағдаршам туралы тақпақ кім біледі?

Менің атым «бағдаршам»,

Жақсы білем міндептімді.

Мекен-жайым тұрақты,

Мұдірмеймін ешқашан.

«Бағдаршам» ойынын ойнату.

**Қорытынды**

Жол жүрудің тәртібін,

Ережесін білеміз.

Сақтағанда қатерден,

Сау-саламат жүреміз.

Балалар, көшеде біз тар жолмен, яғни жиек жолмен жүреміз.

### **Құтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Жолдардың әр түрлі болатындығын;

**Игереді:** әр түрлі жолдармен журу ережелерін;

**Менгереңді:** жол ережесін.

### **Күні:**

**Тақырыбы:** Біздің көмекшілеріміз.

**Мақсаты:** Тұрмыстық заттардың қауіпті жақтарымен таныстыруды жалғастыру.

Қауіпсіздік сақтау ережелерін бұлжытпай орындауға дағдыландыру.

**Көрнекіліктер:** суреттер.

### **Шаттық шенбері.**

Тату өскен баламыз,

Айтқан тілді аламыз.

Нанға кетсе анамыз,

Үйде өзіміз қаламыз

- Әр адам өз отбасын түрлі қауіптен сақтауға тиіс. Қауіптің түрлері көп. Мысалы: газдан сақтан. Ол тез тұтанды, жарылғыш зат. Тіпті түссіз, көзге көрінбейді. Газ өте улы. Сондықтан газдан аулақ бол!

Тілін алып кішінің де кәрінің,

Көңілінен шығып жүрмін берінің.

Ата-ананың айтқан сөзін тындауды,

Әдептілік белгісі деп таныдым.

Міне балалар, ата-аналардың көмегімен ғана газды пайдалануға болады. Балалар үйде тұрмыстық заттарды аналарымыз қолданады. Тұрмыстық заттарды атайықшы. Нелер жатады? Ідис, кір жуатын ұнтақтар, жуынатынсабындарымыз бен сусабындар т.б. Келесі кезекте қауіпті нәрсе – электр құралдары. Үйдегі үлкендердің көмегімен ғана ол құралдарды пайдалануы

мызға болады. Балалар осы сақтық шараларын орындамасақ, тіпті өрт шығу қаупі орын алады. Енді тақпақ тындасақ.

Электрсыз, шырағым,

Болмай-ақ қой шүбәлі, теледидар, үтік, телефон.

Барлығы істен шығады,

Қане кім тапқыр екен?

Ойын: Артығын тап? Неге?

### **Қорытынды**

Ал балалар, бүгінгі сабактан өздеріне қандай пайдалы кеңестер алдындар?

### **Құтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Тұрмыстық заттарды;

**Игереді:** Үйдегі үлкендердің көмегімен ғана ол құралдарды пайдалану;

**Менгереңді:** Қауіптің түрлері көп.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Жол реттеуші.

**Мақсаты:** Жол реттеушінің қызметі туралы білім беру. Жол реттеушінің сигналы туралы әңгімелесу.

**Көрнекіліктер:** суреттер.

**Шаттық шенбері.**

**Жұмбақ жасыру.**

Ала таяқ ұстаған,

Жол тәртібін нұсқаған.

Ыскырықпен түзеткен,

Әмірінді күзетке. (Милиционер)

Реттеуші деген кім?

Реттеуші алғаш үлкен қалаларда пайда болған, яғни оның негізгі міндетті көшедегі қозғалысты реттеу. Оны реттеу үшін ол жezл деген құралды пайдаланады. Көпшілік оны «ала таяқ» деп те атайды. Үлкен қалаларда не көп, бағдаршамдар көп. Олардың көпшілігі көнеріп, істен шығып қалып жатады. Тіпті кейде көлік қозғалысы шамадан тыс көбейіп кетуі де әбден мүмкін. Ондайда жүріс-тұрысты реттеу үшін бағдаршамдар орнына реттеуші тұрады. Ол ала таяқшаның көмегімен қозғалысты қалыпқа келтіреді. Егер реттеуші тұн мезгілінде тұрса, жүргізуі көретіндей яғни таяқшаның ішінде жанып тұратын белгі болады. Егер реттеуші таяғын жоғары қарай көтерсе, бұл дайындалу керектігін ескерtedі. Мұндай жағдайда журуге болмайды. Реттеуші бізге қарап тұрса немесе арқа жағын беріп тұрса онда журуге болады деген сөз, журуге рұқсат берілген жағдайда реттеушінің екі иығы да саған көрініп тұрады. Егер бағдаршам жұмыс істеп тұрса, реттуші де тұрса, онда реттеушінің қимылын басшылыққа алу керек.

**Дидактикалық ойын:** Адасып қалған белгілер

**Қорытынды**

Жол заны дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзбандар, жол тәртібін бұзғандықтан кейбіреулер машина дөңгелегіне ілініп қаза тауып, кейбіреулері жарақат алады. Жол тәртібін білейік, есен – аман жүрейік!

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Жол реттеуші;

**Игереді:** Жол реттеушінің сигналы;

**Менгереді:** Жол тәртібін.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Қауіпті заттар мен жағдайлар.

**Мақсаты:** Балалардың өміріне, денсаулығына қауіпті заттар(ұшкір заттар, дәрі-дәрмектер және т.б.) мен жағдайлар (балкон, ашық терезенің қауіпті жақтары) туралы түсініктерін қалыптастыру.

**Көрнекіліктер:** суреттер.

**Шаттық шеңбері.**

Үйдегі қауіпті заттар слайд көрсету және таныстыру

Егер сен үйде жалғыз қалсан, қауіпсіз ережелерін ұмытпа:

1.Өзің қолдана біletін тұрмыстық заттарды ғана пайдалан.

2.Үйден шығарда барлық электр қуатын, газды сөндіріп шық.

3.Су қолынмен электр жүйесіне жақында.

4.Жылдың күралдарын терезе пердесіне жақын қойма.

5.Сіріңкемен ойнама, от шығады.

6.Өткір және ұшкір заттарды орнына жинап қой.

7.Кез келген дәріні аузыңа салма-ол өміріңе қауіпті.

8.Мынау балкон мен терезе. Балконға асылуға, терезеден басынды сыртқа шығып немесе терезе алдына шығып отыруға болмайды.

9.Мынау дәрі салатын қобдиша, оған тиіспе және үлкендердің рұқсатынсыз алма. Балалар тіпті біздің ауырған кездे ішетін дәрілерімізді шектен тыс қолдансақ, ол өте қауіпті болады.

Балалар денсаулық туралы тақпақтар айтайық.

«Сау дene, азат ақыл, адап көніл,

Үшеуімен болады бақытты өмір»-демекші сергіту жаттығуларын жасасақ.

Сағаттың тіліндей,

Иіліп онға бір,

Сағаттың тіліндей,

Иіліп солға бір,

Сағатқа қарап ап

Жаттығу оңай-ак.

**Қорытынды**

-Балалар, біздер бүгін қандай ережелермен таныстық?

-Күнделікті көріп жүрген не үшін қауіпті болады?

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Жол реттеуші;

**Игереді:** Жол реттеушінің сигналы;

**Менгереді:** Жол тәртібін.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Жол қылышындағы белгі

**Мақсаты:** жол қылышындағы жаяу жүргіншінің қозғалысын реттейтін белгілер туралы білімін жетілдіру. Қала сыртындағы ақпараттық сілтеуіш белгілерімен (елдімекенниң басталуы, аяқталуы) таныстыру.

**Көрнекіліктер:** суреттер.

**Шаттық шеңбері.**

Жол жүрудің тәртібін,

Ережесін білеміз.

Сақтағанда қатерден,

Сау- саламат жүреміз.

Өткелі жоқ жерден өтуге болмайды.

Көшенің қылышына келгенде, екі жағына назар аудар, жасыл жарықтың жануын күт.

Көшенің арғы бетіне жүгіріп өтуге болмайды. Көшенің арғы бетіне жолдың қақ ортасынан өтпе. Көше қылышында тоқтау сыйығы болады. Осы жерде тұрып бағдаршам белгісінің жануын күт.

Ойын жүргізуі алдын ала дайындаған үш түсті көрсетіп, сендердің қаншалықты жинақы екенін байқайым.

1)бағдаршамның жасыл көзін көрсеткенде балалар жүрген сияқты бір орында аяқтарын қозғалысқа келтіреді.

2)сары көзін көрсеткенде ду қол шапалақтайды.

3)қызыл көзін көрсеткенде бір орында қозғалмай тұрып қалады.

Жаяу адамға көлік жүретін көшенің ортасымен жүруге рұқсат етілмейді.

Көшенің екінші көшемен қылышқанжерінде немесе «Өтетін жер» деп жазылған тұстанемесе асфальтта көлдененеңіне және сыйылған жалпақ ақ жолақтары бар жерінде және бет алдындағы бағдаршамның жасыл жарығы жанған кезде өтуге болады.

**Қорытынды**

Жол заны дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзбандар!

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Жол қылышындағы белгіні;

**Игереді:** Жол қылышындағы жаяу жүргіншінің қозғалысын реттейтін белгілерді;

**Менгереді:** Қала сыртындағы ақпараттық сілтеуіш белгілерді.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Су және күн сәулесі

**Мақсаты:** Балаларға суға шомылу мен күн сәулесі қауіпсіздік ережесін сақтағандағанда денсаулыққа пайдалы екендігін түсіндіру. Суда шомылу қағидасын сақтау.

**Көрнекіліктер:** суреттер.

**Шаттық шеңбері.**

Сәлеметсіндер ме, балалар мен сендерді көргеніме қуаныштымын. Бір-бірімізге күлкі сыйлайықшы

Ая, су, күннің көзін мақсатты түрде пайдалану адам ағзасын шынықтырады. Шынықкан баланың тәбеті жақсы, белсенді, салмақты, көңілді болып жүреді. Суға шомылудың адам ағзасына тигізетін пайдасы көп. Ал күнге қыздырыну адам ағзасы үшін аса қажетті табиғи құрал. Ең пайдалысы таңертең ертемен күнге қыздырыну. Суға тек арнайы жерлерде тұсу. Суға тұсу кезінде кемелерге, басқа да жұзу құралдарына жақын бармау. Камерамен, тақтайлармен, басқа да жұзуге болмайтын құралдармен суға шомылуға болмайды, ескерту белгілері берілген кезде судан дер кезінде шығу. Таныс емес жерлерге, жағалауларға суға сұнгімеу. Су температурасы 18 градустан төмен болғанда суға тұсуге болмайды. Суға сынған банклерді, эйнектерді лақтыруға болмайды, олар суға тұсушілерге қауіпті болады. Суда қолдан жасалған жұзу құралдарын пайдаланбау. Суға тек қасында үлкен адамдар болғандағанда шомылу керек. Күн сәулесінің денсаулығына тигізер пайдасы мол, ал кейде зияны да бар. Жаз кезінде көбіне далада ойнау, денеміздің өсіп жетілуі де тез болады. Мұның бәрі күн сәулесінің пайдасын дәлелдейді. Бойымыз жаз айларында көбірек өседі. Күн сәулесі денсаулықты қүшейтіп, шынықтырады. Ал күн сәулесінің зияны –ағзамыздан күн өтеді. Сол үшін жаз мезгілінде қатты күн ыстық болғанда көп күн астында ойнауға болмайды, бас киімді ұмытпандар.

**Қорытынды**

Балалар, осы айтылған кеңестерді тыңдалап, оларды орындалап жүрейік.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** су және күн сәулесі туралы;

**Игереді:** суға шомылу мен күн сәулесі қауіпсіздік ережесін;

**Менгереді:** суда шомылу қағидасын.

**Күні:**

**Тақырыбы:** Қонаққа барамыз.

**Мақсаты:** Қоғамдық көлікте тәртіп ережелерін сақтауға үйретуді жалғастыру.

**Көрнекіліктер:** суреттер.

**Шаттық шеңбері.**

Жұмбак.

Бұл не қылған көк үй,  
Айналасы терезе ойып алған.

Аяғында етігі резенке,  
Ал өзі бензинге тойып алған. (Автобус)

-Біз жаяу жүргіншіден жолаушыларға айналамыз. Біз автобусты қай жерде күтуіміз керек? (аялдамада)

Ал міне, автобус та келді. Орындықты автобус қылып қояды.  
Зуылдаймыз, зуылдаймыз,  
Алыс-алыс жерлерге.  
Бақытты біз достармыз,  
Сапар шеккен елдерге.

Біз көлікте келе жатқандықтан, қоғамдық көлік ережелері туралы әңгіме етеміз:

А) көлікке кірген кезде бос орынға ұмытылмай, алдымен жан-жағына байыппен қарап ал, өйткені сенің қатарында адам немесе балалы ана тұруы мүмкін.

Ә) көлікте орын таңдал, бейбастық көрсетпе, кез келген бос орынға отыруың керек.  
Б) көлік қозғалысы кезінде есігін қолмен итеруге болмайды. Есікті жүргізушінің өзі ашқанға дейін күтіп тұру керек.

В) көлік жүріп келе жатқанда, жүргізушіні алаңдатуға болмайды.

Г) терезеден сыртқа асылуға тыйым салынады, бұл –өте қауіпті.

Ғ) көлікте қатты сөйлеуге болмайды, басқа жүргіншілерге кедергі жасайсың.

Сұрақ жауап ойыны: НЕ? Қайда? Қашан?

**Қорытынды**

Бүгінгі сабакта жолда жүру ережелерін, жаяу жүргіншілерге арналған белгілердің таңбаларын, аялдама таңбалардың белгісін есімізге түсірдік. Жарайсындар балалар!

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Қоғамдық көлікте тәртіпті;

**Игереді:** Қоғамдық көлікте тәртіп ережесін сақтауды;

**Менгереді:** Жол ережелерін сақтауды.

